№5-6 (291).
27 ақпан,
2026 жыл

Газет 2010 жылғы 5 мамырдан бастап
«Әділет. БАҚ-Media», «Әділет. Ұлттық апталық»,
«Әділет. Рухани жаңғыру» атауларымен жарыққа шығып келеді.

Әділет. Рухани жаңғыру

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газет

Әділдікке құл болып
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезін тармағын.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ,
Кеңес одағының батыры,
Халық қаһарманы, жазушы



adilet-gazeti.kz adilet-gazeti.kz @adilet.media Әділет МедиА zhangyru@mail.ru



БҰЛ ЕУРОПАНЫҢ АТАЛҒАН АЙМАҒЫНДАҒЫ МАҢДАЙАЛДЫ ЖОБАЛАР БОЛМАҚ

Ақордада елімізге ресми сапармен келген Сербия Президенті Александр Вучичті салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Мемлекеттер басшылары бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт берген соң екі елдің әнұрандары шырқалды.

Содан кейін Қазақстан мен Сербия президенттері келіссөз залына барды.

– Біз Сербияны Еуропадағы маңызды стратегиялық серіктесіміз санаймыз. Бірқатар бағытта, әсіресе, экономикалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы ықпалдастығымызды нығайту үшін көп жұмыс атқардық. Астана мен Белград арасында тікелей әуе рейсі ашылды. Сауда қатынастарымыз табысты дамып келеді. Қазақстанда 60-тан аса сербиялық компания жемісті еңбек етіп жатыр. Негізгі халықаралық мәселелер бойынша ұстанымдарымыз ортақ. Сондықтан екі ел арасындағы ынтымақтастықтың берік әрі тиімді іргетасы қаланды деп ойлаймын. Сіздің сапарыңыз достық қарым-қатынасымызға тың серпін беру тұрғысынан өте маңызды екеніне сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Александр Вучич Қазақстанға ресми сапармен келгеніне қуанышты екенін айтты.

– Қонақжайлық танытқаныңыз үшін ризашылығымды білдіремін. Сіздің пікіріңізбен толық келісемін, елдеріміз арасында шынайы стратегиялық қарым-қатынас орнаған. Сіздің қолдауыңыздың арқасында сауда-экономикалық байланыстарымыз жоғары қарқынмен дамып келеді. Алдағы уақытта жасанды интеллект, ақпараттық технологиялар мен энергетика салаларында ықпалдастық орнату арқылы достығымыз жаңа деңгейге көтеріледі деп ойлаймын. Сізді жақын арада елімізде қарсы алуға дайынбыз, – деді Сербия Президенті.

Бұдан соң Қасым-Жомарт Тоқаев пен Александр Вучич екі елдің ресми делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз өткізді.

Мемлекет басшысы Астана мен Белград арасында конструктивті саяси диалог жолға қойылып, парламентаралық байланыс нығайып келе жатқанын атап өтті. Сонымен қатар мемлекеттік органдар мен іскерлік топтардың ықпалдастығы дәйекті түрде дамуда.

Президент Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның тиімді жұмыс атқарып жатқанын айтты. Мемлекет басшысы сапар аясында Сербиядан іскерлік топ өкілдері келгенін құптады. Кеше өткен Қазақстан-Сербия Іскерлік кеңесінің нәтижесі сауда және инвестициялық байланыстарды кеңейте түсетініне сенім білдірді.

Президент еліміздің бірқатар халықаралық бастамаларына қолдау білдіргені үшін Сербия тарапына ризашылығын жеткізді.

Өз кезегінде Александр Вучич қонақжайлық танытқаны үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, Белград Астанамен сан қырлы ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге дайын екенін растады.

Сербия Президенті қазақстандық компаниялардың ортақ жобаларға, әсіресе, құрылыс саласына қосар үлесін арттыруға мүдделі екеніне тоқталды.

– Біз Қазақстан ұсынған бірқатар бастамаларды жүзеге асыруға әзірміз. Бұл Сербияда ғана емес, Еуропаның аталған аймағындағы маңдайалды жобалар болмақ. Сондай-ақ қазақстандық SCAT компаниясына әуе кеңістігінде бесінші деңгейлі еркіндік беру мәселесі әлі шешімін тапқан жоқ. Ортақ іс-қимыл арқылы аталған мәселені шеше алатынымызға сенімдімін. Сербияға Қазақстанның сенімді құрылыс компаниялары мен инвесторлары келгенін қалаймыз. Бұл еліміздің инвестициялық тартымдылығын жақсартып қана қоймай, өзара мәдени, туристік байланыстарды жандандыруға да септігін тигізеді. Өз тарапымыздан Сіздің еліңіздің экономикасына инвестиция салғысы келетін сербиялық кәсіпкерлерді ынталандыруға барынша күш-жігер жұмылдырамыз, – деді Александр Вучич.

Сербия Президенті қорғаныс өнеркәсібі, жасанды интеллект, деректерді өңдеу орталығы секілді бағыттарда өзара ықпалдастықты арттыруға зор әлеует бар екеніне назар аударды. Сонымен қатар ол Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетістіктерді жоғары бағалап, мұны әлемдегі өсіп-өркендеудің үлгісі деп атады.

Келіссөз барысында екіжақты күн тәртібіндегі өзекті тақырыптар, атап айтқанда, сауда-инвестиция, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, аса маңызды минералдар, цифрландыру, жасанды интеллект, құрылыс және туризм салаларындағы ықпалдастық мәселелері қарастырылды.

Akorda.kz

ТЕМІРЛАНДА ТОҒЫСҚАН ТАҒДЫРЛАР

I. Жерұйық мекен, құтты қоныс



Гүлсім Асфендиярова

Темірлан ежелден қазақтың ата қонысы. Ол әмбеге аян. Оның ерекше, бір қарағанда тосындау аталуы сонау Әмір Темір заманына тұспа-тұс келеді. Дүниенің біраз бөлігін жаулаған ақсақ Темір Отырар, Иасы-Түркістан, Сауран қалаларын да бағындырып, билік жүргізген кезеңде өзі пір тұтқан Қожа Ахмет Яссауи қабірінің басына кесене салуға шешім қабылдайды. 1393-98 жылдары аталған кесене толық бітпегенмен, жұртшылықты өзіне магнитше тартатын киелі ғимаратқа айналып шыға келеді. Ақсақ Темірдің Самарқан мен Отырар, Түркістан арасында талай сапарлағаны белгілі. Міне осындай ұзақ жолда шаршап-шалдығып келе жатқан қалың қол немесе Әмірдің салтанатты көш-керуені үшін Арыс өзенінің жағалауы ат шалдырып, тыныстауға, әл мен ес жинауға таптырмас қолайлы орын болғаны анық. Атышулы патша сансыз бұлақты, саялы көкорайда талай аялдаған шығар. Содан да бұл ара Темірлан деген атауға ие болса керек.

Шындығында Оңтүстіктегі осынау үлкен өзеннің ұзына бойы ешқашан ел-жұртсыз болмаған. Арғы да бергі жағалауында ауылдар тізіліп тұрған. Темірлан маңы Бөгежілі руының Шабай мен Құртай аталарының, сондай-ақ Тутамғалы және басқа да рулар мекен еткен құтты қоныс болыпты. Алайда қазақ даласы бірте-бірте Ресей империясының құзырына өте бастағанда «Еділдің бойы ен тоғай, Ел толтырсам деп едім. Жағалай жатқан сол елге, Мал толтырсам деп едім» деп, Махамбет ақын жырлағандай, Оңтүстіктің малға да, жанға да жайлы, сулы, нулы, таулы, табиғаты көркем аймақтары патша ояздары мен генерал-губернаторларының көз құртына айналады. Империалистер кең-байтақ қазақ жерін игеруге жапа-тармағай, жата-жастана кіріседі. Құныға бас қояды. Бірақ бос, қараусыз жатқан жер жоқ. Әр тас, әр төбе, әр құдық пен бұлақтың да иесі бар. Соларды қырға, шөлейтке, шөлге көшіру керек. Көне ме оған? Қорқыту керек шығар... Ләпбай! Алдап-арбау ма? Сөз жоқ! Зорлық-зомбылық ше? Жол ашық! Басқыншылардан не қайыр, не үміт... Оларға бұлай әрекет ету таңсық емес қой.

8-бетте »

• СЫН ТҮЗЕЛМЕЙ МІН ТҮЗЕЛМЕЙДІ

ӘДЕБИ СЫННЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ



25 ақпан күні Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасының төрінде белгілі қаламгер, аудармашы, сыншы Амангелді Кеңшілікұлының әдеби-сын бағытындағы жаңа еңбектерінің таныстырылымы өтті. «Сөз патшасы», «Жүрек сөзі» және «Толстойдың өмірі» (аударма) атты кітаптарының жарық көруі – қазақ әдеби сыны мен ұлттық әдеби ойдың дамуына үлкен серпіліс болды. Бұл жиын тек жаңа басылымдардың тұсаукесері ғана емес, әдебиетті тану, талдау және бағалау мәселелерін қозғаған мазмұнды пікір алаңына айналды. Автордың талдамалы еңбектеріндегі негізгі ұстанымдар, көркем мәтінді саралау әдісі, ұлттық таным мен эстетикалық өлшемдер төңірегіндегі көзқарасы кеңінен сөз болды.

Кездесудің маңызын арттырған тағы бір қыр – автордың әдебиеттегі, соның ішінде, сын саласындағы ізденісін жаңа деңгейде таныту болды. Кездесуге Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті оқытушылары, автордың әріптестері де келді. Қазақ прозасы мен поэзиясының, қазақ әдебиетінің арда тұлғалары да қонақ болды. Бір сәтке тұтас бір дәуір адамдары көшіп келгендей залға ерекше, рухты, салмақты леп әкелді. Сонымен қатар әдебиетке құштар жас журналистер мен жас қаламгерлер белсенділік танытып, репортаждар әзірлеп, пікір алмасып, рухани ортаға өз үндерін қосты.

Кеш тізгінін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, танымал журналист, әдебиеттанушы Сауытбек Абдрахманов алып, мазмұнды пікір алмасуға жол ашты. Ол Амангелді Кеңшілікұлының сыншылық ойлау қабілеті мен әдебиеттегі ізденісін уақыт талабымен ұштастыра пікір білдірді. «Тәуелсіз ойдың келуі – әдебиет үшін жаңа мүмкіндік. Сын еркін болмаса, шығармашылық та еркін дамымайды» деген пікірі қазақ әдебиеттануындағы бүгінгі тенденцияға берілген салмақты баға болды. Шынында да, А.Кеңшілікұлының еңбектері әдеби ойды талдаудың жаңа деңгейін қалыптастыруға ұмтылып, әдеби сынның ғылыми-танымдық сипатын күшейтеді деп ойлаймын. Жасыратыны жоқ тәуелсіздігімізді ала алмай тұрған кезімізде, әдебиетіміздегі ой еркіндігін тежеп тұрған, ағысы қатты толқындар көп еді. Ал Амангелді Кеңшілікұлы дәл уақытында, ең ыңғайлы, оң жамбасымызға келіп тұрған уақытта осына-ау үлкен жолға келді. Соның арқасында қазіргі жас буынға жол көрсетер, нағыз қоғамның қалауын өтей алатын еңбектерді жарыққа шығарып жатыр.

Жиынның алғашқы сөзін қазақ прозасының көрнекті өкілі Төлен Әбдік алды. Өз сөзінде: «Кеңшілік қазақ поэзиясындағы тылсым құбылыс. Қазақта «ноқтаға басы симай кеткен» - деген сөз бар, Кеңшілік те ноқтаға басы симай кеткен адам еді. Ал мына Амангелді осы Кеңшіліктің жалғасы». Бұл сөздер тек әке мұрасын еске алу емес, ұлдың сол ұлы жолды жалғаған еңбегін бағалау ретінде айтылды. Әдебиетте сабақтастық маңызды – бір буынның ізін келесі буын жалғамаса, сөз өнері тамырынан ажырайды. Менің ойымша, дәл осы сабақтастық Кеңшілікұлы еңбектерінде көрініс табады: ол классиктерді жаңаша пайымдап, олардың идеялық өзегін, ондағы астары терең құндылықтарды оқырманға жеткізеді.

12-бетте »



АУЫЛДЫ КӨТЕРУ – АСЫЛ МІНДЕТ

Абай облысында «ҚАЛАДАН – АУЫЛҒА» пилоттық жобасы жүзеге асырылмақ

7-бетте »

ПОЛЬШАДАҒЫ ОҚУ НЕСІМЕН ЕРЕКШЕ?



12-бетте »

adilet-gazeti.kz

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ – ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ, АГРАРЛЫҚ, ӨНЕРКӘСІПТІК ЖӘНЕ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ АЙМАҚ

Түркістан қаласында Түркі мемлекеттері ұйымы елдерінің Экономика және сауда министрлерінің 14-ші кездесуі өтті. Министрлердің кеңейтілген отырысына ҚР Ұлттық экономика вице-министрі Асан Дарбаев, Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінің делегациясы, сондай-ақ, Түркі мемлекеттері ұйымының Бас хатшысы Кубанычбек Өміралиев, Түркі инвестициялық қорының президенті Бағдад Әміреев, Түркі сауда-өнеркәсіп палаталары одағының Бас хатшысы Адем Кула қатысты.



Кездесу барысында сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту, өзара тауар айналымын ұлғайту, инвестициялық байланысты нығайту, көлік-логистика дәліздерін жетілдіру және өнеркәсіптік кооперацияны кеңейту мәселелері талқыланды. Тараптар өңірлік экономикалық ықпалдастықты тереңдету, кедергілерді азайту және қолайлы іскерлік орта қалыптастыру бағытында бірлескен шараларды іске асыруға уағдаласты.

Маңызды басқосуда Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров өңірдің инвестициялық және туристік мүмкіндіктеріне тоқталып, мемлекеттер арасындағы бірлік пен стратегиялық серіктестік одан әрі нығая түсетініне сенім білдірді.

– Түркістан облысының тұрғындары атынан сіздерді көне Түркістанның қонақжай жерінде – түркі әлемінің рухани астанасы, халқымыздың бай тарихы, мәдениеті мен бірлігінің бесігі саналатын қасиетті мекенде қарсы алуға қуаныштымын. Түркі мемлекеттері ұйымы елдерінің экономика және сауда министрлерінің кездесуін өткізу біз үшін үлкен мәртебе. Түркістан облысы – Қазақстан Республикасының қарқынды дамып келе жатқан өңірі, инвестициялық, аграрлық, өнеркәсіптік және туристік әлеуеті жоғары аймақ. Өңір табиғи ресурстар мен пайдалы қазбаларға бай (уран, алтын, темір кені, көмір, фосфориттер). Қазақстандағы уран өндіретін негізгі өңірлердің бірі саналады. Облыс дәстүрлі түрде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша елімізде көшбасшы өңір. Аймақта тамақ, тоқыма, құрылыс және тау-кен салалары белсенді дамуда. Бүгінде өнеркәсіп секторында жалпы инвестиция көлемі 560 млн. АҚШ долларын құрайтын 111 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Соңғы жылдары туристік инфрақұрылым қарқынды дамып келеді. Заманауи қонақ үйлер, мәдени-ойын-сауық кешендері, көлік инфрақұрылымы салынды. Экскурсиялық бағыттар мен табиғи рекреациялық аймақтар дамытылуда. Облыс халықаралық көлік дәліздерінің торабында орналасқан. Орталық Азия нарықтарына жақындық инвесторларға миллиондаған тұтынушысы бар кең нарыққа шығуға мүмкіндік береді. ТМҰ елдері арасындағы экономикалық және сауда ынтымақтастығын нығайту мақсатында құрылған «TURAN» арнайы экономикалық аймағын ерекше атап өткім келеді. ТМҰ мемлекеттері бизнесінің арнайы экономикалық аймақ жобаларына белсенді қатысуы өзара сауда мен инвестициялық ынтымақтастықты дамытуға, сондай-ақ бүкіл түркі өңірінің орнықты экономикалық өсуіне қосымша серпін беретініне сенімдіміз. Облыс өзара тиімді ынтымақтастыққа ашық және инвесторларға ұзақ мерзімді жобаларды жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай ұсынуға дайын. Кездесуге қатысушылардың барлығына жемісті жұмыс, жаңа бастамалар және жоспарланған міндеттердің табысты жүзеге асуын тілеймін. Мемлекеттеріміз арасындағы бірлік пен стратегиялық серіктестік рухы түркі кеңістігінің тұрақты дамуы мен өркендеуіне алдағы уақытта да қызмет ете берсін, – деді Нұралхан Оралбайұлы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындап берген экономиканы әртараптандыру, өндірісті дамыту және ауылдық аумақтарды қолдау бағыттары Түркістан облысында нақты істермен жалғасуда. Жыл қорытындысы бойынша облыс экономикасының өсімі 113,9 пайызды құрады (2024 ж. – 110,1%). Барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің оң өсімі қамтамасыз етілді. Мемлекеттік бюджетке түсетін салық көлемі алдыңғы жылмен салыстырғанда 234 млрд. теңгеге өсіп, алғаш рет 1 трлн. теңгеге жетті. Өңір экономикасына 1,7 трлн. теңге инвестиция тартылып, өсім 121,6 пайызды құрады. 2025 жылдың III тоқсанында тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 1,4 млрд. АҚШ долларын құрап, жоспар үш есеге артық орындалды.

Экономиканы әртараптандыру мақсатында өткен жылы 340 млрд. теңгеге 58 инвестициялық жоба іске қосылып, 8 мыңнан астам жұмыс орны ашылды. Ірі жобалар қатарында мақта өңдеу, алюминий бұйымдарын өндіру, тұрғын үйлерге арналған газ қазандықтары, сусын шығаратын зауыттар, уран және әк өңдеу кешендері бар.

2026-2029 жылдары іске асатын жалпы құны 2,8 трлн. теңгені құрайтын 111 инвестициялық жоба пулы қалыптастырылды. Нәтижесінде 18 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашу және бюджетке қосымша 28 млрд. теңге салық түсіру жоспарлануда. Биыл 444 млрд. теңгеге 66 жаңа жоба жүзеге асырылып, 6 810 жұмыс орны ашылады.

Түркістан облысында отандық және шетелдік инвесторлар үшін қолайлы климат қалыптасқан. Өңірде жалпы аумағы 1 960 гектарды құрайтын 21 индустриялық аймақ және 1 400 гектар аумақты қамтитын экономикалық аймақтар жұмыс істейді. Олар инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген, салықтық және кедендік жеңілдіктер қарастырылған. Бұл аймақтарда жалпы құны шамамен 100 млн. АҚШ долларын құрайтын 124 жоба жүзеге асырылуда. Облыс орталығында құрылған «Turan» арнайы экономикалық аймағында 315 млрд. теңгеге 26 ірі жоба іске асырылуда. Нәтижесінде 6,5 мың жұмыс орны ашылады. Уақыт пен қаражатты үнемдеу мақсатында инвесторларға дайын өндірістік нысандар ұсынылады. Бұл ғимараттарды жалға алуға немесе жеңілдетілген шарттармен меншікке сатып алуға болады. Өңірдің 25 индустриялық паркінде 258 өндірістік ғимарат салынуда.

Кездесу қорытындысы бойынша ТМҰ-ға мүше мемлекеттер арасында экономика, сауда, инвестиция және қаржы салаларындағы ынтымақтастық жөніндегі Жол картасы бекітілді. Экономика және сауда министрлерінің 14-кездесуінің қорытынды құжатына (Коммюнике) қол қойылды. Сондай-ақ Қазақстанның Сыртқы сауда палатасы, Түркі мемлекеттерінің сауда-өнеркәсіп палаталары одағы, Түркі инвестициялық қоры және NACOFEC ұйымы арасында ынтымақтастық туралы төртжақты меморандум жасалды. Бұдан бөлек, мүше елдер сауда саласындағы әріптестік туралы меморандумға қол қойды.

Жиын соңында қатысушылар өзара тиімді әріптестікті одан әрі дамытуға дайын екендіктерін жеткізіп, қабылданған шешімдер түркі кеңістігіндегі тұрақты экономикалық өсімге серпін беретініне сенім білдірді.

Министрдің кеңейтілген отырысы делегация басшыларының екіжақты кездесулеріне жалғасты.

Осы күні ТМҰ мүше елдерден келген делегация Түркістан қаласына іссапары аясында облыс орталығындағы бірқатар нысанды аралап, жұмысымен танысты. Алдымен, мәртебелі қонақтар қаланың рухани-мәдени орталығында орналасқан Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат етті. Сонымен қатар «Күлтөбе» қалашығына, «Visit Centre» кешеніне, «Ұлы Дала Елі» музейіне, «Керуен Сарай» кешеніне барды.

ТҮРКІСТАН ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІҢ АЛАҢЫНА АЙНАЛДЫ

Түркістан қаласында Түркі мемлекеттерінің ұйымы экономика және сауда министрлерінің 14-ші кездесуі өтті. Қатысушылар сауда-экономикалық және инвестициялық өзара іс-қимылды одан әрі дамытуды талқылады, сондай-ақ кооперацияны тереңдету жөніндегі нақты қадамдарды келісті.

Отырысқа Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі Асан Дарбаев, Әзербайжан Республикасы Экономика министрінің орынбасары Ровнаг Абдуллаев, Қырғыз Республикасы Экономика және коммерция министрінің орынбасары Сұлтан Ахматов, Түркия Республикасы Сауда министрінің орынбасары Сезай Учармақ, Өзбекстан Республикасы Инвестициялар, өнеркәсіп және сауда министрінің орынбасары Хуррам Тешабаев, ТМҰ Бас хатшысы Кубанычбек Өміралиев қатысты, сондай-ақ Түркі инвестициялық қорының президенті Бағдад Әміреев, Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров қатысты.

Кездесуді ашқан Асан Дарбаев Ұлы Жібек жолы халықтарын тарихи біріктірген түркі әлемінің рухани орталығы – Түркістанда отырыс өткізудің символдық мәнін атап өтті. Оның айтуынша, бүгінде біріккен аумақтық қоғамдастық диалог алаңынан тәжірибелік ынтымақтастықтың тиімді тетігіне тұрақты түрде ауысып, жаңа құн тізбегін құру және сауда байланыстарын кеңейтуде.

2025 жылдың қорытындысы бойынша ТМҰ елдерінің өзара сауда көлемі 11,9 млрд. АҚШ долларынан асты. Қазақстанның ең үлкен тауар айналымы Өзбекстанмен – 4,3 млрд. доллар, Түркиямен – 4,9 млрд. доллар, Қырғызстанмен – 2 млрд. доллар, Әзірбайжанмен – 425 млн. доллар болып тіркелді.

Инвестициялық өзара іс-қимыл нығайтылуда. Соңғы 20 жылда (2005-2025 жж.) ТМҰ елдерінен Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялар ағыны 6,3 млрд. доллардан асты, оның ішінде 2025 жылы шамамен 210 млн. доллар. Өз кезегінде, ТМҰ мемлекеттерінің экономикаларына қазақстандық инвестициялар 2025 жылы 1,3 млрд. доллардан астамын қоса алғанда шамамен 5 млрд. долларға жетті.

Қазақстанда ТМҰ елдері капиталының қатысуымен 12 мыңнан астам компания және сауда мен өнеркәсіптік кооперацияны дамытуға елеулі үлес қосатын 1300-ден астам бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді.

"Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ТМҰ-ның экономикалық әлеуетін арттырудың, көліктік-логистикалық және инвестициялық ынтымақтастықты дамытудың маңыздылығын атап өтті. Осы бағыттағы негізгі құралдардың бірі түркі инвестициялық қоры болып табылады. Біз Қор тарапынан қаржыландыруға әлеуетті дайын басым жобалардың тізбесін қалыптастыруға кірісуді ұсынамыз", – деп атап өтті Асан Дарбаев.

Сауда кедергілерін жоюға, көлік маршруттары мен цифрлық сауда құралдарын дамытуға ерекше назар аударылады. Орта дәліздің өзара сауданың өсуіне қосымша мүмкіндіктер ашатын Шығыс пен Батыс арасындағы негізгі бағыттардың бірі ретіндегі стратегиялық рөлі атап өтілді.

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров облыстың инвестициялық, туристік, экономикалық әлеуетін таныстырды.

Кездесу қорытындысы бойынша түркі мемлекеттерінің ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы экономика, сауда, инвестициялар және қаржы салаларындағы ынтымақтастықтың Жол картасы бекітілді. Құжат бірлескен жұмыстың басым бағыттарын және оларды тәжірибелік іске асыру тетіктерін айқындайды.

Отырыстың басты оқиғасы қол жеткізілген уағдаластықтарды бекіткен экономика және сауда министрлерінің 14-ші кездесуі коммюникесіне қол қою рәсімі өтті.

Бұдан басқа, ұйымға мүше мемлекеттер арасындағы сауда саласындағы әріптестік туралы өзара түсіністік туралы Меморандум жасалды.

Қабылданған шешімдер ТМҰ елдерінің экономикалық интеграцияны дәйекті нығайтуға және инвестицияларға, технологиялық дамуға және тұрақты өсуге бағдарланған ынтымақтастықтың заманауи архитектурасын құруға деген ұмтылысын растайды.

ӨҢІРДІҢ ТУРИСТІК ТАРТЫМДЫЛЫҒЫ АРТАДЫ

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров шетелдік инвесторлармен кездесіп, өңірде заманауи аквапарк салу мәселесін талқылады. Кездесу барысында Түркістан қаласында ірі демалыс кешенін іске асыру жоспары ұсынылды.

Жобаға сәйкес, аквапарк кешенінің жалпы аумағы 120 мың шаршы метрден асады. Мұнда су аттракциондары бар аквапарк аймағы, кемпинг форматындағы қонақ үй, қабылдау орталығы мен банкет залы орналаспақ. Кешен отбасылық демалыс пен туризмді дамытуға бағытталған.

Аквапарктың басты ерекшелігі – маусымға бейімделетін аттракциондар. Мұндағы су айдыны жазда шомылуға пайдаланылып, суық мезгілде картинг жолына айналады. Бұл кешеннің жыл бойы жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Келушілер үшін биік сырғанақтар, торнадо үлгісіндегі аттракцион, аква-қамал, кемпірқосақ сырғанағы және интерактивті ойын аймақтары қарастырылмақ.

Жаңа туристік кешен Түркістан өңірімен қатар, еліміздің өзге облыстарынан және шетелден келетін туристерге бағытталған. Бастама іске асса, жаңа жұмыс орындары ашылып, өңірдің туристік тартымдылығы артады.

Кездесуде қос тарап өзге де инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселелеріне қатысты келіссөз жүргізді. Алдағы уақытта «Turan» арнайы экономикалық аймағында жаңа өндіріс орындарын ашу жұмыстары жанданбақ.

Айта кетейік, облыста қолайлы инвестициялық климат қалыптасқан. Отандық және шетелдік инвестицияларды тарту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. 2025 жылға негізгі капиталға салынған инвестиция жоспары 1 трлн. 427 млрд. теңге болып бекітілген. Жыл қорытындысымен нақты 1 трлн. 746 млрд. теңге инвестиция бағытталып, өсім 121,6%-ды құрады.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМІНІҢ 13 ПАЙЫЗЫ ӨҢІРГЕ ТИЕСІЛІ

Мемлекет басшысы алға қойған су ресурстарын тиімді пайдалану және агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер Түркістан облысында нақты нәтижелерін көрсетіп келеді. Өңірде су үнемдеу технологияларын өндіру мен енгізу бағытында жүйелі жұмыс жолға қойылған.

Су ресурстарын тиімді пайдалану – еліміздің агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың стратегиялық бағыты. Осы бағытта Түркістан облысында жүйелі әрі ауқымды жұмыстар атқарылып, өңір су үнемдеу технологияларын енгізу бойынша республикада көш бастап отыр.

Су үнемдеу технологияларының қолжетімділігін арттыру мақсатында облыста жалпы қуаттылығы 163 мың гектар алқапты қамтитын 4 кәсіпорын іске қосылды. Оның ішінде 90 мың гектарға арналған жаңбырлатып, 73 мың гектарға арналған тамшылатып суару жүйелері өндіріледі. Биыл жылдық қуаттылығы 30 мың гектарды құрайтын тағы 2 кәсіпорын іске қосылады. Бұл өндіріс орындары тек өңірдің ғана емес, көршілес аймақтардың да қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Су үнемдеу технологияларын енгізу мәселесі облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің тікелей бақылауында. Осы орайда ылғал сүйгіш дақылдардың тиімділігін арттыруға басымдық беріліп, мақта мен күрішті жаңа технологиялармен егу ауқымы кеңейтілуде. 2026 жылға қарай мақта дақылын қарапайым әдіспен 82,8 мың гектарға, ал жаңа технологиямен 79,6 мың гектарға егу жоспарланып отыр.

Айта кетерлігі, күріш дақылы елімізде алғаш рет пилоттық режимде тамшылатып суару технологиясымен егілді. Дәстүрлі тәсілде бір гектар алқапқа 26 мың текше метрге дейін ағын су жұмсалса, жаңа технология арқылы бұл көрсеткіш 15 мың текше метрге дейін төмендеп, су шығыны екі есе қысқарды.

Облыста суармалы жерлердің тиімділігін арттыру және су шығынын азайту мақсатында су нысандарын қалпына келтіру, сондай-ақ су үнемдеу технологияларын кеңінен енгізу жұмыстарына ерекше назар аударылуда. Мемлекет басшысының суды үнемдейтін озық технологияларды енгізу жөніндегі тапсырмалары өңірде нақты іске асырылып отыр. Атап айтқанда, 2025 жылға су үнемдеу технологияларын 27 мың гектарға енгізу жоспарланғанымен, нақтысында 59 мың гектар алқапқа енгізілді. Осылайша жоспар екі есе артық орындалды.

Қазіргі таңда облыс бойынша 114 мың гектар алқапқа су үнемдеу технологиялары енгізіліп, нәтижесінде 195 млн. текше метр су үнемделді. Ал жыл сайын қосымша 50 мың гектарға жаңа технологияларды енгізу арқылы 2030 жылға қарай 364 мың гектар алқаптан 622,8 млн. текше метр су үнемдеу көзделіп отыр.

Су үнемдеу технологияларының тиімділігі мақта шаруашылығында да айқын көрініс табуда. 2025 жылы жаңа технологиямен егілген мақта алқаптары 52,2 мың гектарға ұлғайып, қарапайым әдіспен егілген алқаптар 92,3 мың гектарға дейін қысқарды. Нәтижесінде мақта өнімділігі гектарына 60 центнерге дейін жетіп, 89,3 млн. текше метр су үнемделді.

Трансшекаралық өзендерге тәуелді облыстың оңтүстік өңірлерінде су ресурстарын ұтымды пайдалану мәселесі ерекше өзекті. Осыған байланысты алдағы жылдары жыл сайын 50 мың гектар алқапқа су үнемдеу технологияларын енгізу жоспарланып отыр.

Түркістан облысының агроөнеркәсіптік кешені республикада маңызды орынға ие. Елдегі жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің 13 пайызы өңірге тиесілі. Жыл сайын облыста 1 триллион теңгеден астам ауыл шаруашылығы өнімі өндіріледі. Сонымен қатар еліміздегі суармалы жерлердің төрттен бірі – 575 мың гектар Түркістан облысының үлесінде.

adilet-gazeti.kz

МАҚСАТ – ӨҢІРДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУ, ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫН АШУ, ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ

Түркістан облысында аудан, қала әкімдіктері мен басқармалардың жұмысын бағалау үшін арнайы индикаторлар бекітіліп, рейтинг әзірленген. Осы арқылы экономикалық көрсеткішті жақсартып, жұмыс тиімділігін арттыру көзделген. Түркістан облысы әкімінің аппараты ғимаратында облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен кезекті рет әкімдіктің кеңейтілген алқа отырысы өтті. Жиынға облыс әкімінің орынбасарлары, аудан-қала әкімдері, басқарма басшылары мен жауапты сала жетекшілері қатысты.

Алқа отырысында 2025 жылдың қорытындысы бойынша өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму нәтижелері қаралды. Өңір басшысы өткен жылы облыс экономикасында оң динамика сақталғанын атап өтті. Қысқа мерзімді экономикалық өсім 113,9 пайызды құрап, Түркістан облысы республика бойынша үшінші орынға тұрақтады. Ауыл шаруашылығы саласында өнім көлемі 1226 млрд. теңгені құрап, өсім 100,6 пайыз деңгейінде қалыптасты. 2025 жылы қуаңшылық пен жауын-шашынның аз болуы әсер етпегенде көрсеткіш бұдан да жоғары болатын еді. Дегенмен республика көлемінде өндірілген ауыл шаруашылығы өнімі бойынша облыс бірінші орында тұр.

Кеңейтілген алқа отырысында аудан, қала әкімдіктері мен облыстық басқармалардың қызметтік тиімділігі жан-жақты бағаланды. Қаржы және мемлекеттік активтер басқармасының басшысы Гүлфари Әжіметованың айтуынша, бағалау жүйесі 9 блоктан және 97 индикатордан тұрады. 2025 жылдың қорытындысы бойынша қызметтік тиімділік рейтингінің көш басында Сауран, Жетісай және Созақ аудандары тұр. Ал соңғы орындарында Бәйдібек ауданы, Кентау және Арыс қалалары жайғасты. Облыс әкімі бұл аумақтарда бекітілген көрсеткіштерге қол жеткізілмеуі тиісті жұмыстардың жеткілікті деңгейде жүргізілмегенін көрсететінін атап өтіп, аталған аудан және қала әкімдерінің есептерін тыңдады.

– Аудан, қала әкімдері және басқарма басшылары орындаушылық тәртіпті тікелей жеке бақылауларына алып, халықпен тығыз кері байланыс орнатуға тиіс. Бүгін әкімдіктің кеңейтілген алқа отырысында облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер ететін өзекті мәселелер талқыланды. Жыл басынан бері бекітілген индикаторларға қол жеткізбеген аудан, қала әкімдіктері мен басқармалардың 25 лауазымды тұлғасына тәртіптік шара көрілді. Мақсат – шара көру емес, бекітілген межеге қол жеткізу. Сондықтан, орынбасарларыма аудан, қала әкімдері мен облыстық басқарма басшылары әрбір индикатордың толық орындалуын қамтамасыз ету бойынша нақты шараларды мерзімінде қабылдауды тапсырамын. Көш соңындағы үш аудан, қала мен басқарма басшыларына тәртіптік шара қаралады. 2026 жылға бекітілген индикаторлар мен тапсырмаларды сапалы орындау үшін жұмысты күшейтіңіздер. Мақсат – өңірдің экономикалық әлеуетін көтеру, өндіріс орындарын ашу, инвестиция тарту және барлық салада жоғары нәтижеге қол жеткізу, – деді Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров.

Жиын барысында елімізде басталған Конституциялық реформа мәселесі де қозғалды. Жаңа Конституция жобасы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтуге, мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуға және әділетті, ашық әрі құқықтық мемлекет қалыптастыруға бағытталғаны атап өтілді.

Алқа отырысын қорытындылаған облыс әкімі Нұралхан Көшеров орынбасарларына, аудан-қала әкімдері мен басқарма басшыларына әрбір бекітілген индикатордың орындалуын жеке бақылауға алып, нақты нәтижеге бағытталған жүйелі жұмыс жүргізуді тапсырды.

КӘСІПКЕРЛІККЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ЖАЛҒАСАДЫ

Түркістан облысы әкімдігінде облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен инвестициялық штабтың кезекті отырысы өтті. Жиында өңірге инвестиция тарту, инвестициялық ахуалды жақсарту және жаңа жобаларды жүйелі сүйемелдеу мәселелері кеңінен талқыланды. Күн тәртібінде екі негізгі мәселе қаралды. Атап айтқанда, облыс аумағында жүзеге асып жатқан инвестициялық жобалардың қазіргі жағдайы және 2026 жылы іске асырылатын жобалар мен 2025 жылғы форум аясында шетелдік инвесторлармен жүргізілген келіссөздердің орындалу барысы талқыланды. Өңір басшысы инвесторлардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Осы бағыттағы тірлікті жүргізе алмай отырған аудан, қала әкімдері мен инфрақұрылымға жауапты мекеме өкілдеріне жұмысты ширатуды тапсырды.

– Мемлекет басшысы экономиканы әртараптандыруды, отандық өндірісті дамытуды тапсырды. Жауапты басқарма басшылары мен аудан, қала әкімдерінің жұмыс көрсеткіші ең алдымен инвестиция тарту, жаңа өндіріс орындарын ашумен сараланады. Жұмысты ширатып, инвестициялық жобаларды сүйемелдеу керек. Кәсіпкерлікке қолдау көрсету жалғасады. Екіншіден, барлық аудан, қаладағы өндірістік алаңдарды зерделеп шығыңыздар. Индустриалды аймақтардан жерді алып, жобасын мүлдем бастамай отырған инвесторлардан жер мемлекетке қайтарылып, басқа кәсіпкерлерге ұсынылады, – деген Нұралхан Көшеров бірқатар жобаның кешігіп жатқанына тоқталып, жауаптыларға нақты міндеттер жүктеді.

Жиында Ордабасы, Түлкібас, Созақ және Қазығұрт аудандарында «Саутс Ойл» ЖШС-не қарасты компаниялар тобы жүзеге асырып жатқан бірқатар ірі жобалар таныстырылды. Атап айтқанда, мұнай өңдеу зауытының I және II кезеңі, Састөбе инновациялық кешені, Өгем өзеніндегі ГЭС каскады бар су құбыры, фосфорит рудаларын өңдеу зауыты және газ электр станциясының құрылысы бойынша атқарылып жатқан жұмыстар баяндалды. Компания вице-президенті Абзал Меңлібеков жобалардың орындалу барысы мен алдағы жоспарларын мәлімдеді.

Сонымен қатар Түркістан қаласында «PSI Machinery» ЖШС-нің тау-кен металлургия кешеніне арналған ауыр жабдықтар өндіретін зауыт құрылысы жүргізілуде. Созақ ауданында «TAIQONYR QYSHQYL ZAUYTY» ЖШС күкірт қышқылын өндіру зауытын салуда. Сауран ауданында «ORZAX CENTRAL ASIA» ЖШС биологиялық белсенді қоспалар мен дәрумендер шығаратын өндіріс орнын іске асыруда. Ал Кентау қаласында «ККС» ЖШС газтурбиналық электр станциясын салу жобасын жүзеге асырып жатыр. Бәйдібек ауданында «New Clean Energy» ЖШС жел электр станциясының құрылысын қолға алған. Сондай-ақ Сауран ауданында «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС JET A-1 маркалы авиаотынды қоса алғанда, жанар-жағармай материалдарын сақтайтын базаның құрылысын жоспарлап отыр. Бұл жобалар өңірдің өнеркәсіптік және энергетикалық әлеуетін арттырып, экономиканы әртараптандыруға мүмкіндік береді.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша 2026 жылы іске асырылатын инвестициялық жобалар және 2025 жылғы форум барысында шетелдік инвесторлармен жасалған келісімдердің орындалу барысы қаралды. Сайрам ауданының әкімі Мадияр Оразалиев пен Төлеби ауданының әкімі Еркеғали Әлімқұлов өз аудандарындағы жобалардың жүзеге асу жоспары жөнінде есеп берді. Облыс басшысы әрбір инвестициялық жобаны тұрақты бақылауда ұстап, инфрақұрылым мәселелерін жедел шешуді және инвесторларға жан-жақты қолдау көрсетуді тапсырды. Жобаларды сүйемелдеу жұмыстары күшейтіліп, нақты мерзімдер мен жауапты тұлғалар айқындалды.

Инвестициялық штаб отырысында айтылған бастамалар мен жобалар өңірде жаңа жұмыс орындарын ашуға, өндіріс көлемін ұлғайтуға және Түркістан облысы экономикасының тұрақты дамуына серпін береді.

Айта кетейік, былтыр өңір экономикасына 1,7 трлн. теңге инвестиция тартылып, өсім 121,6 пайызды құрады. Оның ішінде 1,1 трлн. теңгесі – жеке инвестиция. 2025 жылдың III тоқсанында тікелей шетелдік инвестиция 1,4 млрд. АҚШ долларын құрап, жоспар 3 есе артық орындалды (жоспар 475 млн. $). Экономиканы әртараптандыру мақсатында өткен жылы 340 млрд. теңгеге 58 инвестициялық жоба іске қосылып, 8 мыңнан астам жұмыс орны ашылды.

МАҚТА, ЖҮГЕРІ ЖӘНЕ МАҚСАРЫ АЛҚАПТАРЫ ҰЛҒАЙТЫЛДЫ

Биыл Түркістан облысында ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемі өткен жылмен салыстырғанда 8 мың гектарға артып, 919 мың гектарға жеткізілмек. Оның 536 мың гектары жаздық дақылдарға, 208 мың гектары күздік егіске, 175 мың гектары ескі жоңышқаға тиесілі.



Көктемгі дала жұмыстарының барысы Түркістан облысы әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен мәжілісте кеңінен талқыланды. Өңір басшысы жауапты басқарма басшысы мен аудан, қала әкімдеріне дала жұмыстарын сапалы үйлестіруді тапсырып, мәселелер бақылауда екенін айтты.

– Ауыл шаруашылығы бойынша бекітілген индикаторлар уақтылы әрі сапалы орындалуға тиіс. Жұмыс жоспары бар, мемлекеттік қолдау бар, енді тірлікті қарқынды атқару керек. Диқандарға берілетін жеңілдіктер мен қолдауларды түсіндіріп, тиісті жұмысты жүргізіңіздер. Қаржы институттары дала жұмыстарына бөлінген қаржыны талапқа сай үйлестіріп, шаруаларды қолдауы керек. Сор шаю жұмыстары уақтылы атқарылсын. Су үнемдеу технологиясын ендіру жұмыстарын жоспарға сәйкес мерзімінде жүргізуді тапсырамын, – деді Нұралхан Көшеров.

Жиында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Файзулла Байдуллаев өңірдегі дайындық деңгейі мен атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндама жасады.

Биыл егіс құрылымын әртараптандыру және су ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында бірқатар өзгеріс енгізілді. Атап айтқанда, мақта алқабы 17 мың гектарға ұлғайып, 162 мың гектарды құрайды, жүгері 15 мың гектарға артып, 55,2 мың гектарға жеткізіледі, ал мақсары 16 мың гектарға көбейіп, 85,4 мың гектарға орналастырылады. Су шығынын азайту мақсатында күріш 7 мың гектарға қысқартылса, ауыспалы егіс талаптарына сәйкес бидай көлемі 25 мың гектарға азайтылып, 216,3 мың гектар болады.

Қазіргі таңда облыс бойынша жер жырту жұмыстарының 82 пайызы, сор шаю жұмыстарының 52 пайызы орындалды. Оңтүстік аудандарда ерте пісетін көкөніс пен картоп дақылдарын егу қарқынды жүргізілуде. Жоспарланған 18,2 мың гектар ерте пісетін көкөніс дақылдарының 7 мың гектарына көшет отырғызылды. Бұл шаралар ішкі нарықты ерте маусымда отандық өніммен қамтуға мүмкіндік береді.

Көктемгі дала жұмыстарын уақтылы жүргізу үшін 52,5 мың тонна жеңілдетілген дизель отыны бөлінді. Айлар бойынша нақты көлемдер белгіленіп, өңірлік операторлар анықталды. Қазіргі уақытта тиісті министрліктер тарапынан жанармайдың босату бағасы бекітілуде. Баға бекітілгеннен кейін бес күн ішінде шаруаларға жеткізу жұмыстары басталады.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен жол картасына сәйкес, жыл соңына дейін облыс бойынша 203,5 мың тонна минералды тыңайтқыш енгізу жоспарланған. Тыңайтқыш жеткізу мақсатында отандық өндірушілермен келісім жасалды. Атап айтқанда, «ҚазАзот» 48,2 мың тонна, «Қазфосфат» 23 мың тонна тыңайтқыш жеткізеді. Қазіргі уақытта облыс аумағындағы қоймаларда 25 мың тонна минералды тыңайтқыш сақтаулы. Минералды тыңайтқыштардың қолжетімділігін арттыру үшін облыстық бюджеттен 9,5 млрд. теңге қаралып, 134 мың тонна тыңайтқышты субсидиялау мүмкіндігі қамтамасыз етілді. Аванстық субсидиялау тетігі бойынша өтінім қабылдау басталды.

Көктемгі дала жұмыстарын қаржыландыру үшін «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы 36,8 млрд. теңге қарастырылған. Бүгінгі күнге 8,4 млрд. теңгеге өтінімдер мақұлданып, 7,2 млрд. теңгеге 321 жоба қаржыландырылды. Қосымша 15 млрд. теңгеге екінші транша өтінім берілді, қаржы бөлінгеннен кейін тауар өндірушілерді несиелеу жалғасады.

162 мың гектар мақта алқабын сапалы тұқыммен қамтамасыз ету үшін 30 пайыздық сақтандыру қорын есептегенде 4,7 мың тонна мақта шиті қажет. Қазіргі таңда жергілікті тұқым шаруашылықтарында 1,6 мың тонна жоғары репродукциялық шит дайын, қосымша 3,1 мың тонна трейдерлік компаниялар мен мақта зауыттары арқылы импортталады. Биылдан бастап мақта шитін субсидиялау нормативтері 1,5-2 есеге ұлғайтылып, отандық және шетелдік тұқымдарға бөлек норматив белгіленді. Бұл жергілікті тұқым шаруашылықтарын қолдауды күшейтеді.

Облыста көктемгі дала жұмыстарына 37,4 мың бірлік техника дайын. Ауыл шаруашылығы құрылымдарында 16 мың трактор, 3 мың соқа, 1 мың қопсытқыш, 4 мың дәнсепкіш және 14 мың тырма бар. Мемлекеттік қолдау нәтижесінде өткен жылы 1 872 техника сатып алынып, жаңарту үлесі 9,2 пайызға жетті. Биыл 2029 техника сатып алу жоспарлануда. «ҚазАгроҚаржы» тарапынан 5 пайыздық жеңілдетілген лизинг бағдарламасына 19 млрд. теңге бөлініп, техника паркін 10 пайызға дейін жаңартуға мүмкіндік туып отыр.

Биыл ауыл шаруашылығы дақылдарын сумен қамтамасыз ету үшін 3,8 млрд. текше метр лимит бекітілді. Облыстағы 42 су қоймасының жалпы сыйымдылығы 8,8 млрд. текше метрді құрайды, қазіргі таңда оның 6,5 млрд. текше метрі немесе 76 пайызы толған. Вегетациялық маусым басталғанға дейін су көлемін толық жинақтауға мүмкіндік бар.

Су үнемдеу технологияларын енгізу бойынша республикалық жоспар 27 мың гектарды құраса, облыс мүмкіндігін ескере отырып бұл көрсеткішті 50 мың гектарға дейін жеткізу көзделуде. Қазіргі уақытта 20,5 мың гектар алқапта су үнемдеу технологиялары енгізілу үстінде.

Жалпы алғанда, өңірде көктемгі дала жұмыстары жүйелі ұйымдастырылып, қажетті жанар-жағармаймен, тыңайтқышпен, тұқыммен, қаржыландыру және техникамен қамтамасыз ету шаралары кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр.

БИЫЛ 12 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРЕДІ

Жетісай ауданының жалпы өңірлік өнім көлемі былтыр 267,2 млрд. теңгені құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 83,6 млрд. теңгеге артқан. Ал, ауыл шаруашылығы саласындағы өнім көлемі жыл қорытындысымен 119,4 млрд. теңгеге жетсе, өнеркәсіп өнімінің көлемі – 45,8 млрд. теңгені құрады. Бұл туралы брифингте Жетісай ауданының әкімі Серік Мамытов мәлімдеді.

«Жетісай ауданында қазіргі таңда 12 инвестициялық жоба іске асырылуда. Бүгінде Асықата кентінен 59 гектар аумақта «Жетісай» индустриялық аймағы құрылып, инфрақұрылым жүйелерімен толық қамтылды. Аталған аймақта биыл жалпы құны 45 млрд. теңгеден астам 12 инвестициялық жобаның құрылысы жүреді. Аталған жобалардың қатарында жалпы құны 15,3 млрд. теңгеге жуық «АГРО СҮТ» ЖШС-нің жылына 3 мың тонна сүт өңдейтін зауыт, құны 13,6 млрд. теңгеге «TST JETYSAY TEXTIL» ЖШС-нің жылына 7,5 мың тонна жіп өндіретін фабрика, сондай-ақ жылына 50 мың тонна мақта өңдейтін өндіріс орындары бар. Негізгі капиталға бағытталған инвестиция көлемі 2024 жылы 39,5 млрд. теңге болса, 2025 жылы ауданға 46,8 млрд. теңге инвестиция тартылды. Өсім 118,4%-ды құрады», – деді аудан басшысы.

Жалпы аудан экономикасының басым бөлігін ауыл шаруашылығы саласы құрайды. Агроөнеркәсіптік кешенін дамыту бағытында 10 мыңға жуық шаруа қожалық қызмет атқарады. Өткен жылы 79,3 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілген. Өнім көлемін ұлғайту мақсатында 321 шаруа қожалық иелері 1 500 гектар жерден екі рет өнім алу жобасын іске асырған. Ауданда 783 канал мен 217 қашыртқы егістік алқаптарға су жеткізеді. Өткен жылы ауданда 5 646 гектар аумаққа тамшылатып суғару технологиясы ендірілген.

«Ауданда «Келешек мектептері» бағдарламасы аясында 3 мектеп салынды. 2024 жылы Асықата кентіндегі 900 орындық, 2025 жылы Ынтымақ ауылдық округіндегі 600 орындық мектептердің құрылысы аяқталып пайдалануға берілді. Ал, Жетісай қаласынан 1 500 орындық мектеп құрылысы аяқталуда. Сонымен қатар, соңғы 3 жылда 240 тұрғынға баспана табысталды. Бұдан бөлек, жеке инвестор есебінен 32 пәтерлі 2 несиелік тұрғын үйдің (жалпы 64 пәтер) құрылысы аяқталды. Инфрақұрылыммен қамту бойынша ауданда 105 елді мекеннің 92-сі табиғи газ жүйесімен қамтылған (87,6 %). Соңғы үш жылды салыстырғанда елді мекендердің табиғи газбен қамтылуы 34,2%-ға артқан. Ұлттық қор, облыстық және жергілікті бюджет есебінен соңғы 3 жылда ұзындығы 183 шақырымды құрайтын жол орта жөндеуден өтті. Бүгінгі күнге аудандық маңызы бар жолдардың жақсы және қанағаттанарлық жағдайы 84,4%-ды құрап отыр. Биыл ұзындығы 43,1 шақырымды құрайтын 56 көше орташа жөндеуден өтетін болады. Бүгінде қала, кент және ауылдық округтерге қарасты 105 елді мекен толық орталықтандырылған ауыз су құбырымен қамтылған. Аудан электр қуатымен де толық қамтамасыз етілген. Денсаулық сақтау саласында өткен жылы 1 дәрігерлік амбулатория, 6 фельдшерлік-акушерлік пункт жаңадан салынып пайдалануға берілді. Асықата кентінен және Жаңааул ауылдық округінен жеке инвестор есебінен медициналық орталықтар салынды», – деді Серік Үсенұлы.

ӨҢІРДЕГІ ӨНДІРІСТІК ПАРК ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНА СЕРПІН БЕРУДЕ

Инвестициялық жобаларды ұлғайту және өңірдің өндірістік әлеуетін арттыру мақсатында Түркістан облысы аумағында өндірістік парк құрылысы қарқынды жүзеге асырылуда. Жоба аясында тартылған инвестициялар көлемі 138 млрд. теңгені құрайды, 2 150 жаңа жұмыс орнын құру жоспарланған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өңірлердің өндірістік әлеуетін арттыру, инвестиция тарту және жаңа жұмыс орындарын ашу жөнінде нақты тапсырмалар берген болатын. Осы тапсырмалар аясында Түркістан облысында «Өндірістік парктердің құрылысы» жобасы кезең-кезеңімен іске асырылып, еліміздегі үлгі аларлық бастамалардың біріне айналды.

Өндірістік парк жалпы аумағы 100 гектар жер телімінде орналасқан. Құрылыс жұмыстары екі кезеңмен жүргізілуде.

Бірінші кезеңде 30 гектар жер игеріліп, толық инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілді. Аумақта үш қатардан тұратын 40 өндірістік ғимарат салынды. Жалпы құрылыс алаңы 73 мың шаршы метрді құрайды. Қазіргі таңда 40 нысанның 37-сі іске қосылып, өндіріс жұмысын бастап кетті. Олардың қатарында жаңбырлатып және тамшылатып суару жүйелерін өндіру, ауыл шаруашылығы тракторларын құрастыру, сэндвич-панельдер шығару, мектепке, медициналық және кеңсе мекемелеріне арналған жиһаз өндірісі, тоңазытқыш шығару, ішкі есіктер жасау, дрондар мен бейнебақылау камераларын өндіру секілді заманауи жобалар бар.

Бірінші кезеңді қаржыландыруға жалпы 17,4 млрд. теңге бағытталды. Оның ішінде Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация тарапынан 12,4 млрд. теңге, ал Өнеркәсіпті дамыту қоры арқылы 5,0 млрд. теңге несие қаражаты бөлінді. Бұл өндірістер ішкі нарықты отандық өніммен қамтамасыз етіп қана қоймай, импортты алмастыруға және экспорттық әлеуетті арттыруға мүмкіндік беріп отыр.

2026-2027 жылдары жүзеге асырылатын екінші кезеңде 70 гектар аумақта 112 өндірістік ғимарат салу жоспарланған. Қазіргі уақытта аталған аумақты инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жұмыстары басталды. Сыртқы инженерлік желілер мен абаттандыруға қатысты жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау көзделуде.

Жобаның толық іске асырылуы Түркістан облысын еліміздің өндірістік хабтарының біріне айналдыруға негіз болады.

Бұл бастама – Президент тапсырмасына сәйкес өңір экономикасын әртараптандыру, шағын және орта бизнесті қолдау, жаңа технологиялық өндірістерді дамыту бағытындағы нақты қадам. Өндірістік парктер моделі кәсіпкерлерге дайын инфрақұрылымы бар алаң ұсынып, өндірісті қысқа мерзімде іске қосуға мүмкіндік береді.

Түркістан облысындағы өндірістік парктер құрылысы инвестиция тарту, жаңа өндірістер ашу және мыңдаған тұрақты жұмыс орындарын құру арқылы өңірдің экономикалық серпінін арттыратын стратегиялық жобаға айналып отыр. Жоба республикалық деңгейде қолдау тауып, өзге өңірлерге тиімді тәжірибе ретінде ұсынылуда.

ТАМАҚ ӨНДІРІСІНЕ 254 МЛН. ТЕҢГЕ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТЫЛҒАН

Созақ ауданында өткен жылы жалпы өңірлік өнім көлемі 1 трлн. 42 млрд. 134 млн. теңгеге жетіп, 2024 жылмен салыстырғанда 129,9%-ға артқан. Сондай-ақ, былтыр аудан экономикасына 311 млрд. 427 млн. теңге инвестиция тартылып, 2024 жылмен салыстырғанда 71 млрд. 27 млн. теңгеге өскен. Бұл жайында Созақ ауданының әкімі Мұхит Тұрысбеков БАҚ өкілдерімен өткен брифингте мәлімдеді.

«Өткен жылы ауыл шаруашылығы саласы бойынша негізгі капиталға 2 млрд. 35,5 млн. теңге инвестиция тартылып, жылдық жоспар 101,8 пайызға орындалды. Ал, тамақ өндірісіне 254 млн. теңге инвестиция тартылған. Су үнемдеу технологияларын қолдану бойынша 308 гектар жерге жаңбырлатып суару, 33 гектар жерге тамшылатып суару әдісі, жалпы 341 гектарға орнатылып, жоспар 102,4% орындалды. Сонымен қатар, 2025 жылдың қорытындысымен 12 702,6 тонна ет, 8 161,4 тонна сүт, 1 977,5 мың дана жұмыртқа өндірілді», – деді спикер.

Өңірдегі инфрақұрылым саласында да оң өзгерістер жетерлік. Ауданға қарасты елді мекендер 100% орталықтандырылған ауыз сумен қамтылған. Сондай-ақ, 2025 жылы Созақ ауданында магистральды газ құбырының құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталып, биыл өңірге алғаш рет көгілдір отын келді. 2026 жылдың 13 ақпанында аудан орталығы Шолаққорған ауылына газ беріліп, 4 600 абонент көгілдір отынға қол жеткізді. Енді Созақ және Құмкент ауылдарына газ құбырын тарту бойынша жобалық-сметалық құжаттары әзірленуде. Сондай-ақ, Жартытөбе, Бабата және Аққолтық елді мекендерін газбен қамту үшін құрылыс жұмыстары басталған. Сонымен қатар, ауданға қарасты елді мекендер 100% электр энергиясымен қамтылған.

«Өткен жылы аудан аумағында құрылыс жұмыстары да қарқынды жүргізілді. Атап айтар болсақ, 2023 жылы құрылысы басталған Шолаққорған ауылындағы заманауи спорт кешенінің құрылысы 2025 жылдың қазанында толық аяқталып, пайдалануға берілді. Сондай-ақ, ірі кітапхана құрылысы да аяқталып, биыл 30 қаңтар күні қолданысқа берілді. Созақ, Тасты ауылдық округтерінде әкім аппараты ғимараттарының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Шолаққорған ауылындағы «Достар» стадионын қайта құру жұмыстары аяқталды. Одан бөлек, Жуантөбе, Тасты, Шу, Сызған, Құмкент және Жартытөбе ауылдарында жабық футбол алаңшаларының құрылыс жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, өңірдегі баспана мәселесін шешу бойынша да ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Өткен жылы Жеткіншек мөлтек ауданында 2 қабатты 16 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы аяқталса, Шолаққорған ауылында да 2 қабатты 16 пәтерлі баспана өз иесін тапқан. Бүгінгі таңда жалпы аудан аумағында 76 пәтерлі тұрғын үйлердің құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр», – деді аудан әкімі.

100 ГЕКТАР АУМАҚТА АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚ ҚҰРЫЛДЫ

Мақтаарал ауданында «Дарбаза-Мақтаарал» жаңа теміржол желісінің құрылысы жүруде. Ұзындығы 152 шақырымдық темір жол құрылысының жалпы құны – 286 млрд. теңге. Нысан 2026 жылдың соңында аяқталады. Бұл транзит жол арқылы жылына қосымша 10 14 миллион тонна жүкті өткізу көзделуде. Ал, болашақта бұл көрсеткіш 20 25 миллион тоннаға дейін артпақ. Бұл жайында Мақтаарал ауданының әкімі Бақыт Асанов БАҚ өкілдерімен өткен брифингте мәлімдеді.

«Өңірдегі өнеркәсіп өнімінің көлемі былтыр 24,6 млрд. теңгені құрады. Аудан аумағында орналасқан индустриалды аймақта 5 жоба іске асырылып, жалпы 5,16 млрд. теңге көлемінде инвестиция тартылды. Атап айтқанда, «ZHANASSYL» ЖШС-ң мақта өңдеу зауыты, жылдық қуаттылығы – 65 мың тонна мақта талшығын өңдеуге қауқарлы. Жалпы құны – 2,5 млрд. теңге, ашылған жұмыс орны – 150 адам. «Серік бизнес құрылыс» ЖШС-ң асфальт-темірбетон өңдеу зауыты. Кәсіпорында 30 адам жұмыспен қамтылған. «BEGASH» ЖШС-ң пластикалық құбыр шығару зауыты 2026 жылдың соңында ашылады. Сонымен қатар, Жамбыл ауылдық округінде 100 гектар аумақта арнайы экономикалық аймақ құрылды. Оның 50 гектары – Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы «Орталық Азия» халықаралық өндірістік кооперация орталығына берілген. Қалған аумақта жалпы құны 185,1 млрд. теңгені құрайтын 7 өндірістік жобаны іске асыру жоспарлануда. Нәтижесінде 1 200 жаңа жұмыс ашылады деп күтілуде. Өндіріс орындарын 2029 жылға дейін кезең-кезеңімен іске асыру көзделіп отыр» – деді аудан басшысы.

Сонымен қатар, былтыр ауданда ауыл шаруашылығы саласында 85,7 млрд. теңгенің өнімі өндіріліп, өсім 6,3%ға жеткен. Ауданда 68 елді мекеннің бүгінгі күнде 58 ауылы 24 сағат, ал қалған 10 елді мекенге кестемен ауыз су берілуде. Биылғы жылдың алғашқы тоқсанында аудандағы барлық елді мекен көгілдір отынмен қамтылады. Сонымен қатар, «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында өңірде былтыр 7 ауылда 24 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген. Қазіргі таңда аудандағы қанағаттанарлық жолдардың үлесі 89,6%-ды құрайды. 2026 жылы жалпы ұзындығы 45,2 шақырымдық 61 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жоспарлануда. Бұдан өзге, өткен жылы ауданда пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 37 122 шаршы метр. Биыл бұл көрсеткішті 37 530 шаршы метрден асыру жоспарлануда.





ЖЫЙЫРМАДАН АСТАМ ӨНДІРІС ОРНЫ АШЫЛАДЫ

Сайрам ауданында биыл жыл соңына дейін 43,9 млрд. теңгеге 21 жоба жүзеге асырылады. Нәтижесінде 1232 адам жұмыспен қамтылады. Атап айтқанда, өңірде бой көтеріп жатқан «Kuzov Karabulak» ЖШС-нің құрылыс жұмыстары 95%-ға аяқталған. Жалпы құны 2,5 млрд. теңгені құрайтын автобөлшектер өндіретін кәсіпорында 500 жаңа жұмыс орны ашылмақ. Бұл жайында Сайрам ауданының әкімі Мадияр Оразалиев БАҚ өкілдерімен өткен брифингте мәлімдеді.

– Ауданның өндірістік әлеуетін дамыту мақсатында 2025 жылы жалпы құны 30,3 млрд. теңгені құрайтын 16 инвестициялық жоба іске асырылды. Нәтижесінде 570 адам жұмыспен қамтылды. Атап айтқанда, өткен жылы «KAZ ECO MEAT» ЖШС-нің заманауи ірі мал бордақылау алаңы іске қосылды. Онда жылына 5 мың бас ірі қара мал бордақыланып, 10 000 тонна ет өңделеді. Бұдан бөлек, «MEAT MAGNAT» өндірістік кооперативі 10 000 басқа арналған заманауи мал бордақылау алаңы мен мал қалдықтарын өңдейтін цехты былтыр желтоқсан айында іске қосты. Ал, 2026 жылы «FATIMA MEAT MAGNATE» шаруа қожалығы 10 000 бас уақ мал бордақылауға арналған мал қора кешені мен мал сою алаңы және «BEK-AGRO. KZ» шаруа қожалығының 5 000 бас ірі қара мал бордақылауға арналған мал қора кешені іске қосылады. Бұл жұмыстар ауданның ет экспорттау саласындағы әлеуетін одан сайын нығайта түсуге септігін тигізбек. Айта кетейік, Сайрам ауданы бұл сала бойынша Республикада көш бастап тұр, – деді Мадияр Мұхтарұлы.

Сонымен қатар аудандағы жалпы өңірлік өнім көлемі 2025 жылдың қорытындысымен 418,7 млрд. теңгеге жетіп, өсім 31,2%-ды құраған. Ал, биыл бұл көрсеткішті 467 млрд. теңгеге жеткізу жоспарланып отыр. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығында өткен жылы 158,3 млрд. теңгенің өнімі өндіріліп, салаға 8,9 млрд. теңге инвестиция тартылған. Биыл саладағы өнім көлемін 166,3 млрд. теңгеге жеткізу көзделген. Ауданда өнеркәсіп саласында да оң өзгерістер орын алған. Атап айтқанда, 86,3 млрд. теңгенің өнімі өндірілсе, өнімнің 78%-ы өңдеу өнеркәсібі саласына тиесілі. Биыл саладағы өнім көлемін 96,6 млрд. теңгеге жеткізу жоспарланған. Аймақта былтыр 181,8 млрд. теңге инвестиция тартылып, өсім 2 есеге жеткен.

Өңірдегі инфрақұрылым саласында да оң өзгерістер жетерлік. Атап айтар болсақ, ауданға қарасты 42 елді мекен 100% ауыз сумен қамтылған. Сондай-ақ, тозығы жеткен электр желілерін қалпына келтіру жұмыстары жүруде. Ал, өңірдің табиғи газбен қамтылу көрсеткіші 92,8%-ды құраса, асфальтталған жолдардың үлесі 79%-ға жеткен. Сайрам ауданында тұрғын үй мәселесін шешу мақсатында жаңа мөлтек ауданның құрылысы басталған. Қазіргі таңда Қарасу ауылында 57 гектар аумақта көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысы жүріп жатыр. Жобаға сәйкес онда 5 қабатты 47 тұрғын үй, ауыл әкімшілігі ғимараты, әлеуметтік нысандар салынады.

АУДАН ІРІ ИНДУСТРИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚТАРДЫҢ БІРІНЕ АЙНАЛЫП КЕЛЕДІ

Соңғы жылдары Түркістан облысына қарасты Мақтаарал ауданы әлеуметтік-экономикалық даму бағытында айтарлықтай көрсеткіштерге қол жеткізіп, ірі индустриялық орталықтардың біріне айналып келеді. Өнеркәсіп өндірісінің өсуі, инвестиция көлемінің артуы және жаңа өндіріс орындарының іске қосылуы – аудан экономикасы нығайтып, жаңа деңгейге көтерді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Мақтаарал ауданында өнеркәсіп өнімінің көлемі 24,6 млрд. теңгеге жетіп, 2024 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 21,9 пайызға өсті. Сонымен қатар былтыр 56,4 млрд. теңге инвестиция тартылып, жоспар 5,4 млрд. теңгеге артығымен орындалды. Бұл көрсеткіштер ауданда ірі жобалардың іске асырылып жатқанын және жаңа өндірістер мен жұмыс орындарының ашылып жатқанын айқын көрсетеді.

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің тапсырмасына сәйкес өңірге инвестиция тарту, өнеркәсіп орындарын ашу, жаңа жұмыс орындарын құру бағытындағы жұмыстар жалғасуда. Осы орайда Мақтаарал ауданында аудан әкімі Бақыт Асановтың бастамасымен инвестиция тарту бағытында үлкен жобалар қолға алынды. Атап айтқанда, өткен жылы «Агрогруз» ЖШС тарапынан бақша өнімдерін экспорттауға арналған бекет, «GOLDEN RICE» ЖШС-ның күріш өңдеу зауыты және «BEGASH» ЖШС-ның пластик трубалар өндіру жобалары іске қосылды. Ал биыл мақта тұқымын және мақта майын өңдеу зауыттары, темір-бетон және асфальт өндірістері, тігін фабрикасы, тоқыма цехы, күріш өңдеу және ет өнімдерін терең өңдеу зауыттары жүзеге асырылуда.

Ауданда жалпы аумағы 28,2 гектарды құрайтын индустриалды аймақ бар. Бүгінгі таңда бұл аумаққа 5,16 млрд. теңге инвестиция тартылған. Қазіргі уақытта инвесторлар үшін тағы 2,14 гектар бос жер қарастырылып отыр.

Индустриалды аймақта бірқатар өндіріс орындары табысты жұмыс істеуде. Солардың ішінде жылына 65 мың тонна мақта талшығын өңдейтін «ZHANASSYL» ЖШС, асфальт және темірбетон өнімдерін шығаратын кәсіпорындар, мақта өңдеу және асфальт зауыттары бар. Аталған кәсіпорындар жүздеген адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. 2025-2026 жылдары іске асырылып жатқан жобалар да қарқынды жүргізілуде. Оның ішінде тағы бір асфальт зауытының құрылысы, пластик труба шығару, мақта тұқымын өңдеу және мақта талшығынан өнім өндіретін цехтардың құрылысы кезең-кезеңімен аяқталады.

Бұдан бөлек, Жамбыл ауылдық округінің аумағында 100 гектар жер телімі арнайы экономикалық аймақ ретінде белгіленген. Оның 50 гектары Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы экономикалық байланыстарды дамыту мақсатында «Орталық Азия» халықаралық өндірістік кооперация орталығына берілді. Қалған аумақта жалпы құны 185,1 млрд. теңгені құрайтын 7 ірі өндірістік жоба іске асырылмақ. Нәтижесінде 1200 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Аталған жобалар 2029 жылға дейін кезең-кезеңімен іске қосылады.

Айта кетейік, бүгінде Мақтаарал ауданында инвестициялық ахуал жақсарып, отандық және шетелдік инвесторлардың қызығушылығы күннен-күнге артуда.

ӨНДІРІСТІК ҒИМАРАТТАР САЛУ ЖҰМЫСТАРЫ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Түркістан маңында отандық өндірісті дамыту және қайта өңдеуді қолдау мақсатында 100 гектар аумақта «Шағын өнеркәсіптік парк» жобасы іске асырылуда. Жоба аясында 152 ғимарат салып, 6 мыңнан астам жұмыс орнын құру жоспарланған. Жобаның I кезеңінде 40 ғимарат салынып, 32 жоба қосылды. Соның нәтижесінде 1 220 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Сондай-ақ бюджеттен бөлінген әрбір 1 теңгеге 8,5 теңге көлемінде жеке инвестиция тартылып, жобаның экономикалық тиімділігі дәлелденді.

Сауран ауданында жүзеге асырылып жатқан «Шағын өнеркәсіптік парк» жобасының оң тәжірибесі негізге алынып, облыстың барлық аудандары мен қалаларында осындай өндірістік алаңдар құру жұмыстары қолға алынды. Бүгінде Түркістан облысы бойынша жалпы 21 шағын өндірістік алаң құрылып, өндірістік ғимараттар салу жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде.

Түркістан облысы әкімінің орынбасары Қанат Қайыпбектің төрағалығымен аудандар мен қалалар аумағында өндірістік ғимараттар салу жұмыстарының барысы бойынша жиын өтті. Жиын барысында өңірлердегі құрылыс жұмыстарының қазіргі жағдайы, тапсырманың орындалуы және алдағы міндеттер кеңінен талқыланды.

Облыс әкімінің орынбасары аудан және қала әкімдіктеріне жұмысты күшейтіп, бекітілген өндірістік кестеге сәйкес барлық жоспарланған шараларды толық әрі сапалы орындау жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Қазіргі таңда Шардара ауданында өндірістік ғимараттардың құрылысына қажетті сэндвич-панельдер толық жеткізіліп, қаптау жұмыстары жүргізілуде. Қазығұрт ауданында 2 нысанның қаңқасы көтеріліп, қалған 3 нысан бойынша іргетасын қалау жұмыстары атқарылуда. Сонымен қатар өндірістік ғимараттардың металл қаңқаларын дайындау жұмыстары қатар жүзеге асырылуда.

Сайрам ауданында тапсырмалардың орындалу деңгейі төмен деп бағаланып, аудан әкімдігіне 10 күн мерзім ішінде өндірістік ғимараттарды бірегей эскиздік үлгіде салу және агрозона құру бағытында нақты жоспар әзірлеп ұсыну тапсырылды. Сарыағаш, Келес, Кентау және Отырар аудандарында өндірістік ғимараттар салынатын жер телімдерін тегістеу жұмыстары аяқталған. Мақтаарал ауданында өндірістік ғимараттарға арналған жер аумағы нақтыланды. Сонымен қатар Сарыағаш, Келес, Кентау, Мақтаарал және Отырар аудандарында жұмыс қарқыны баяу. Облыс әкімінің орынбасары аталған өңірлерге құрылыс жұмыстарын жедел түрде бастап, мерзімінде аяқтауды тапсырды.

Бұл бастама өңірде шағын және орта бизнесті дамытуға, импортты алмастыруға, сондай-ақ жаңа инвестициялар тартуға серпін беретін маңызды жоба. Сондықтан, барлық жауапты мекемелерге жұмыстарды сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтау міндеті қойылды.

adilet-gazeti.kz

БІЗ ҮШІН ӘРБІР ӨНДІРІС ОРНЫ МЕН ЖОБА МАҢЫЗДЫ

Түркістан қаласында полиэтилен қаптама өнімдерін және скотч өндіретін жаңа зауыт өз жұмысын бастады. «QazEcoPack» ЖШС-ның скотч шығаратын өндіріс желісі іске қосылып, алғашқы өнімдер өндіріле бастады. Зауыттың ашылу рәсіміне Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров қатысып, көпшілікті құттықтады.

– Алдымен баршаңызды қасиетті Рамазан айының басталуымен құттықтаймын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында экономиканы әртараптандыру, өңдеу өнеркәсібін дамыту, экономиканың нақты секторын күшейту және жаңа жұмыс орындарын құру жөнінде тапсырма берді. Өңірімізде осы бағытта жұмыс жалғасуда. Бүгін біз Түркістан облысының дамуы үшін маңызды оқиғаның куәсі болып отырмыз. «TURAN» арнайы экономикалық аймағы аумағында жаңа зауыт ашылып, жұмыс орындары құрылды. Біз үшін әрбір өндіріс орны мен жоба маңызды. «QazEcoPack» компаниясы жобасының іске қосылуы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін беріп, отандық өнімдермен қамтамасыз ету көлемін арттыруға және халықтың әл-ауқатын көтеруге өз септігін тигізеді. Осы бастаманы жүзеге асырған Халмет Думан ағамыз бен кәсіпорын ұжымына сәттілік және табыс тілеймін! – деді Нұралхан Көшеров.

Зауыт құрылтайшысы әрі директоры Думан Халмет инвестициялық жобаны жүзеге асыруға қолдау көрсеткен облыс әкімдігіне алғысын білдіріп, «TURAN» арнайы экономикалық аймағының ұсынған мүмкіндіктері мен көмегіне риза екенін жеткізді.

Компания бастапқы және қайта өңделген шикізаттан полиэтилен қаптама өнімдерін өндіруге бағытталған өндірістік жобаны кезең-кезеңімен жүзеге асырып жатыр. Кәсіпорын отандық нарықты сапалы өніммен қамтып, импорт көлемін азайтуға және қайта өңдеу үлесін арттыруға үлес қосуды көздейді.

Жоба үш кезең бойынша жүзеге асырылады. Соның бірінші кезеңі іске қосылды. Бұл зауытта жылына 1500 000 дана скотч өндіріледі. Өнімдер Қазақстан мен ТМД елдеріне жеткізіледі.

Ал екінші кезең 2026 жылдың желтоқсанында жүзеге асып, жылына 350 000 келі стрейч-пленка және 80 000 дана ауа-көпіршікті пленка шығару жоспарланған. Үшінші кезең 2027 жылы іске асырылып, жылына 500 000 келі полиэтилен өнімдері өндіріледі деп күтіліп отыр.

Кәсіпорынның жұмысын бастауы өңірде жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік берді. Бірінші кезеңде 20 адам жұмыспен қамтылды. Ал алдағы кезеңдерде тағы да жұмыс орындары құрылмақ.

Жобаның жалпы құны – 1,21 млрд. теңге. Қазіргі уақытта 1440 м² аумақтағы өндірістік ғимарат пайдалануға беріліп, жұмысқа кірісті. Алдағы уақытта қосымша 5 760 м² аумақта тағы 4 ғимарат салу жоспарланған.

ЕТ ЭКСПОРТЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында және өз Жолдауларында ауыл шаруашылығын дамыту мәселесіне үнемі тоқталады. Осы ретте Түркістан облысында аталған бағыт бойынша жүйелі жұмыс жалғасып жатыр. Облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің басшылығымен мал шаруашылығын дамыту үшін шаруаларды кооперативтерге біріктіру, жем-шөп, өңдеу және өткізу тізбегін қалыптастыру, ветеринариялық бақылауды күшейту және субсидиялау жүйесін цифрландыру сияқты міндеттер айқындалған.

Жүйелі жұмыстар нәтижесінде Түркістан облысы республикада мал шаруашылығы бойынша жетекші орнын сақтап тұр. Бүгінде ірі қара малдың 14%-ы (1 105,1 мың бас), ұсақ малдың 22%-ы (4 432,2 мың бас), жылқының 11%-ы (492,9 мың бас) және түйенің 14%-ы (40,9 мың бас) – облыстың үлесінде. 2025 жылы өңірде 130,5 мың тонна ет, 474,4 мың тонна сүт және 265,4 млн. дана жұмыртқа (2,2 млн. бас құс) өндірілді. Бұл тұрақты дамудың арқасында ет экспортының әлеуеті артты. Республикадағы ірі қара мал етінің 80%-ы, қой етінің 75%-ы Түркістан облысына тиесілі. 2025 жылы экспортқа 30 мың тонна ірі қара мал еті және 32 мың тонна қой еті шығарылды.

2025-2026 жылдарға арналған мал қыстату науқанына жауапты министрлік 5,2 млн. тонна мал азығын жинау жоспарын бекітіп, мал азығы 100% жиналды: сабан – 376,3 мың тн, пішендеме (сенаж) – 236,6 мың тн, шөп – 4 380,3 мың тн, сүрлем – 206,6 мың тонна. Жауын-шашынның аздығына байланысты өңірде құрғақшылық тіркеліп, жайылымдық жерлердегі табиғи шөптің өнімділігі төмендеді. Сол себепті Түркістан облысы әкімдігі Солтүстік Қазақстан облыстарынан кебек және бидай жеткізу жұмыстарын ұйымдастырып, «ALTYN NAN» ЖШС арқылы шаруаларға нарық бағасынан 20-30% төмен бағамен жеткізді.

Облыс бойынша жалпы 225 шаруа қожалыққа 910 тонна мал-азықтық бидай үлестірілді: Созақ ауданы – 221 тонна, Бәйдібек ауданы – 251,7 тонна, Төлеби ауданы – 259,2 тонна, Түлкібас ауданы – 124,6 тонна, Арыс қаласы – 23,5 тонна, Отырар ауданы – 30 тонна. Республикада экспортқа шығарылатын ірі қара мал етінің 80 пайызы, қой етінің 75 пайызы облыстың еншісінде. 2025 жылы 30 мың тонна ірі қара мал еті, 32 мың тонна қой еті, жалпы 60 мың тоннадан астам ет экспортқа бағытталды.

Өңірде экспортты ұлғайту мақсатында ет кластері жаңаша бағытта дамытылып жатыр. «Kaz Eco Meat», «Turkestan Agro» және «Бесқара» ет өндіру кешендері іске қосылып, қосымша 35 мың тонна ет өндіріледі. Аустралиялық тәжірибе негізінде Орталық Азияда теңдесі жоқ 50 мың басқа арналған ірі қара мал бордақылау алаңының құрылысы жүргізілуде. Заманауи мал биржасы салынып жатыр. Сондай-ақ жылына 48 мың тонна құс етін өндіретін ірі фабриканың құрылысы басталды.

ЕЛІМІЗДЕГІ ЖЫЛЫЖАЙЛАРДЫҢ 70 ПАЙЫЗЫ САРЫАҒАШ АУДАНЫНДА ОРНАЛАСҚАН

Сарыағаш ауданының жалпы өңірлік өнім көлемі былтыр 385,8 млрд. теңгені құраған. Ал, ауыл шаруашылығы саласындағы өнім көлемі жыл қорытындысымен 137,2 млрд. теңгеге жетсе, өнеркәсіп өнімінің көлемі 30,5 млрд. теңге көлемінде. Сондай-ақ, негізгі капиталға 82,1 млрд. теңге инвестиция тартылған. Бұл туралы брифингте Сарыағаш ауданының әкімі Арман Абдуллаев айтты.

«Былтыр ауданда 78 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілген болатын. Сондай-ақ, 5 219 гектар аумаққа тамшылатып суғару жүйесі ендіріліп, 1 324 гектар жерге қарқынды бау егілген. Одан бөлек, бүгінде аудан бойынша жылыжай көлемі – 807,2 гектар. Еліміздегі жылыжайлардың 70 пайызы Сарыағаш ауданында орналасқан. Өткен жылы ауданда құс фабрикасын кеңейту мен 4,3 гектар лимон өсіруге арналған жылыжай кешені мен жеміс қоймасы жобасы жүзеге асты. Сонымен қатар, мал сою және экспортқа ет дайындау орны мен 1000 басқа арналған мал бордақылау кешені құрылды. Ал, 2026 жылы ауыл шаруашылығы саласында 5 000 бастық мал бордақылау алаңы мен 1000 бастық ірі қара мал бордақылау алаңы жүзеге асырылады. Одан бөлек, өсімдік майын өндіретін және құрама жем дайындау цехы ашылады», – деді аудан әкімі.

Аудан басшысының айтуынша, былтыр аудандағы өнеркәсіп саласында бір реттік ыдыстар және пластмасса жәшіктер өндіретін цех ашылған. Сондай-ақ, күнбағыс майын өңдеу мен темірбетон цехы жүзеге асқан. Ал, биыл жалпы құны 7,5 млрд. теңгені құрайтын минералды су құю зауыты, қыш шығару және күнбағыс майын өңдеу цехы, шағын су электр станциясы құрылмақ. Одан бөлек, өткен жылы 62 201 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Сонымен қатар, «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 3 мектеп, күрделі жөндеуден өткен 2 мектеп, ағымдағы жөндеуден өткен 2 мектеп пайдалануға берілген.

Айта кетсек, өткен жылы аудандағы Дербісек және Дарбаза ауылдық округтерінің ішкі көшелеріне «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 32 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға берілді. Бұдан бөлек, аудандық бюджет есебінен 49 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ал, биыл 89 көшеге орта жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған.



ӨНДІРІС КӨЛЕМІ МЕН ӨНІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІНДЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ ӨСІМ БАР

Мақтаарал ауданының ауыл шаруашылығы саласы соңғы жылдары тұрақты даму траекториясына шығып, өндіріс көлемі мен өнімділік көрсеткіштері бойынша айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізіп отыр. 2025 жылдың қорытындысы бойынша салада өндірілген жалпы өнім көлемі 85,7 млрд. теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 17,3 пайызға артты. Бұл – ауыл шаруашылығының экономиканың жетекші салаларының бірі ретіндегі маңызын айқын көрсететін оң динамика.

Өндірілген өнімнің басым бөлігі егін шаруашылығына тиесілі. Атап айтқанда, егін шаруашылығында 72,1 млрд. теңгенің, ал мал шаруашылығында 13,3 млрд. теңгенің өнімі өндірілді. Бұл көрсеткіштер аграрлық өндірісте өсімдік шаруашылығының жетекші рөлін сақтап отырғанын аңғартады.

Аудан бойынша ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жер көлемі 60,3 мың гектарды құрайды. Оның ішінде 1,8 мың гектар алқапқа көкөніс дақылдары егілген. Жер ресурстарын тиімді пайдалану мен әртараптандыру саясаты өз нәтижесін беруде.

2025 жылы мақта дақылы 35 132 гектар алқапқа егіліп, нәтижесінде 99072 тонна өнім жиналды. Орташа өнімділік гектарына 28,2 центнерді құрады. Бақша дақылдары 13 387,8 гектар алқапқа орналастырылып, 313 274,5 тонна өнім алынды. Бұл бағыттағы орташа өнімділік гектарына 234,0 центнерге жетіп, саланың әлеуеті жоғары екенін көрсетті.

Көкөніс шаруашылығы да тұрақты дамуда. 1 818 гектар алқапқа егілген көкөніс дақылдарынан 45 323 тонна өнім жиналып, орташа өнімділік гектарына 249,3 центнерді құрады. Оның ішінде қырыққабат дақылы ерекше нәтижемен көзге түсті: 520 гектар алқаптан 16 791 тонна өнім алынып, орташа өнімділік 322,9 центнерге жетті.

Мал азықтық дақылдар 4 383,3 гектар жерге егілді. Нәтижесінде 49 194 тонна өнім жиналып, гектар өнімділігі 113,6 центнерді құрады. Ал 6 242,2 гектар алқапқа егілген дәнді дақылдардан 36 603,6 тонна өнім алынып, орташа өнімділік 58,6 центнерге жетті.

Жыл басынан бері аудан көлемінде 5692 тонна ет, 17 644 тонна сүт өндіріліп, 6 581,2 мың дана жұмыртқа алынған. Мал шаруашылығы өнімдерінің тұрақты өсуі тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарып отыр.

Материалдық-техникалық базаны жаңарту жұмыстары да жүйеге түскен. 2025 жылы агроқұрылымдар тарапынан 220 жаңа ауыл шаруашылығы техникасы мен 13 қосалқы агрегат сатып алынды. Бұл егін егу, жинау және өңдеу жұмыстарының сапасы мен жылдамдығын арттыруға мүмкіндік беріп отыр.

Ағымдағы жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемін 102 млрд. теңгеге жеткізу көзделуде. Бұл мақсатқа жету үшін өндіріс көлемін ұлғайту, өнімділікті арттыру және заманауи технологияларды енгізу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.





БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ОДАН ӘРІ ДАМЫТУҒА ӘЛЕУЕТ МОЛ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында балық шаруашылығын дамыту мәселесін көтеріп, осы тапсырмаға орай балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданып, республика бойынша 270 мың тонна балық өсіру жоспары бекітілген болатын. Түркістан облысында бұл бағыттағы жұмыстар облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің тапсырмасына сәйкес жүйелі түрде жүзеге асырылуда.

Үкімет бекіткен қаулыға сәйкес 2030 жылға дейін 10 жыл ішінде облыста тауарлық балық өсіру көлемін 20 мың тоннаға жеткізу көзделсе, ал 2026 жылға қарай бұл көрсеткішті 9 123 тоннаға арттыру жоспарланып отыр. Аталған межелер балық шаруашылығы саласын кешенді дамытуға, өңірдің азық-түлік әлеуетін арттыруға және әлеуметтік-экономикалық өсімге ықпал етуге бағытталған.

Балық шаруашылығын қолдау мақсатында мемлекет тарапынан бірқатар қаржылай қолдау тетіктері қарастырылған. Атап айтқанда, облыстық бюджеттен 2026 жылға акваөсіру саласын субсидиялау үшін 500,0 млн. теңге қаражат бөлінді. Сонымен қатар республикалық бюджет есебінен аквашаруашылық саласындағы инвестициялық салымдар бойынша шығындардың бір бөлігін өтеу мақсатында 144 млн. теңге бөлінген. Бұл қолдау шаралары салаға инвестиция тартуға және кәсіпкерлердің өндірістік шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қолдау шараларын тиімді түсіндіру және олардың дұрыс қолдануын қамтамасыз ету мақсатында басқарма тарапынан Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен қағидаларға сәйкес жұмысшы топ құрылды. Жұмысшы топ құрамында басқарма мамандарымен қатар балық шаруашылығы инспекциясы және ветеринария саласының мамандары бар. Топтың негізгі мақсаты – балық шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлерге субсидиялау тетіктерін, талаптар мен тәртіптерді жан-жақты түсіндіру.

Кездесулер барысында субсидия алуға қажетті құжаттар тізбесі, өтінім беру тәртібі, инвестициялық шығындарды өтеу шарттары және өзге де өзекті мәселелер кеңінен талқыланды. Сонымен қатар кәсіпкерлер тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар беріліп, практикалық ұсыныстар айтылды.

Қазіргі таңда облыс аумағында аквакультура саласында 200-ге жуық субъект өз қызметін жүзеге асыруда. Сонымен бірге өңірде жергілікті маңызы бар 104 су айдыны тіркелген. Оның ішінде 74 су айдыны конкурстық негізде кәсіпкерлерге бекітілсе, қалған 30 су айдыны резервте тұр. Бұл көрсеткіштер облыста балық шаруашылығын одан әрі дамытуға әлеуеттің жоғары екенін көрсетеді.

ЖЕКЕ ИНВЕСТОР ЕСЕБІНЕН «ҚҰРҒАҚ ПОРТ» АЛАҢЫ САЛЫНУДА

Түркістан облысында өңір басшысы Нұралхан Көшеровтің тапсырмасына сәйкес инвестиция тарту жұмыстары күшейтіліп, өндіріс орындары ашылуда. Инвестициялық жобаларды арттыру мақсатында Арыс қаласында өндірістік парктің құрылысы жүргізіліп жатыр. Осы ретте қала әкімі Қайсар Маңқараев Арыс–Шардара тас жолы бойында салынып жатқан өндірістік парк аумағында болып, құрылыс жұмыстарымен танысты. Мердігер мекемеге жұмыс қарқынын арттырып, нысандарды белгіленген мерзімде сапалы аяқтауды тапсырды.

Жалпы аумағы 1,2 гектарды құрайтын өндірістік аймақта бүгінде 6 ғимараттың құрылысы қарқын алған. Әр ғимараттың көлемі 480 шаршы метр аумақты қамтиды.

Инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жұмыстары да қатар жүргізілуде. Электр желісі толық тартылған, кәріз жүйесі мен ауызсу скважинасы дайын. Қазіргі таңда табиғи газ желісін тарту жұмыстары жалғасуда. Жоспарға сәйкес, өндірістік паркте термопанельдер өндіру, пластик есік-терезелер шығару, жиһаз жасау, түйе сүтін терең өңдеу және табиғи газды есептегіш құралдар шығару бағытындағы бес жоба жүзеге асырылады. Нәтижесінде 50-ден астам жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

Сонымен қатар жеке инвестор есебінен «құрғақ порт» алаңы салынуда. Аумағы 9 мың шаршы метрді құрайтын логистикалық орталыққа теміржол тұйығы тартылған. Жүк тасымалын тиімді ұйымдастыру мақсатында арнайы ауыр жүк көліктері де сатып алынған. Қала басшысы бұл жобаның өңір экономикасы үшін маңызды екенін атап өтіп, инвесторларға әкімдік тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетінін жеткізді.

Сапар барысында қала әкімі «Coca-Cola» компаниясының ресми дистрибьютері болып табылатын «BADAM DRINKS» ЖШС-нің транспорттық-логистикалық орталығында болды. Аумағы 6 мың шаршы метрді құрайтын кәсіпорын да теміржол тұйығымен қамтылған. Қазіргі таңда мұнда 60-тан астам азамат тұрақты жұмыспен қамтылып отыр. Орталық Арыс қаласымен қатар Ордабасы және Бәйдібек аудандарына тауар жеткізуді жүйелі түрде жүзеге асыруда.

ГАЗОБЕТОН ӨНДІРЕТІН КӘСІПОРЫН ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

«Қазығұрт» индустриялық аймағында «ЮКГУ» ЖШС-нің «Газобетон блогы» өндіріс орны ресми түрде іске қосылды. Жалпы инвестициялық құны – 273 миллион теңгені құрайтын өндіріс орны тәулігіне 200 текше метр өнім шығаруға қауқарлы. Онда 30 жергілікті тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылған.

Өндіріс орнының ашылу салтанатында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры Дархан Ахмед-Заки мен аудан әкімі Азизхан Исмаилов сөз сөйлеп, жобаның өңір үшін маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ, өндіріс пен білімнің сабақтастығын нығайту, жас мамандарды өндірістік тәжірибеден өткізу және кәсіпорынның әрі қарай кеңею мүмкіндіктерін атап өтті. Шара барысында қонақтар өндіріс цехтарын аралап, технологиялық өндіріспен танысты.

ЖЕРЛЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ – АУЫЛ ЭКОНОМИКАСЫН ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ТЕТІГІ

Түркістан облысында ауыл шаруашылығы қарқынды дамып келеді. Облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің тапсырмасына сәйкес Жетісай ауданының әкімі Серік Мамытов ауылдық округтердегі игеріліп жатқан үйіргелік жерлер мен жылыжай шаруашылықтарының жай-күйімен танысып, қырыққабат көшеттерін өндіруші және құлпынай өсірумен айналысатын бірқатар жылыжайларға арнайы барды. Атқарылып жатқан жұмыстарды көріп, шаруалармен сұхбаттасты.

Аудандағы 79 215,7 гектар жалпы егістік жер көлемінің 3 033,983 гектары – үйіргелік жерлер. Аталған аумақтың 2 624,8 гектары өнім өндіру мақсатында пайдаланылса, 312,467 гектар жерге көпжылдық екпелер егілген. Пайдаланылып жатқан үйіргелік жерлердің 31,1 гектарына қырыққабат, ал 0,11 гектар алқапқа таңқурай, құлпынай және қарақат жемістері отырғызылған.

Үйіргелік жерлерде өндірілген өнімдер негізінен жергілікті базарлар мен дүкен сөрелеріне шығарылып, тұрғындарды сапалы әрі қолжетімді азық-түлікпен қамтуға өз үлесін қосуда. Бұл бағыттағы жұмыстар ауыл халқының табысын арттыруға және өзін-өзі жұмыспен қамту деңгейін көтеруге мүмкіндік беріп отыр.

Шаруалармен сұхбаттасу барысында аудан әкімі үйіргелік жерлерді тиімді пайдалану – ауыл экономикасын дамытудың маңызды тетігі екенін атап өтіп, сала мамандарына тұрғындарға жанжақты қолдау көрсетуді тапсырды. Мемлекет тарапынан үйіргелік жерлерге дақыл егіп, жылыжай шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлерге «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 2,5 пайыздық жеңілдетілген несие қарастырылғанын айтып, мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға шақырды. Жауапты бөлім басшыларына жылыжай шаруашылығын дамыту, көшет өндіру көлемін арттыру және өнім өндірушілерге агротехникалық кеңес беру жұмыстарын күшейту жөнінде нақты тапсырмалар берді.

АЛҒАШҚЫ ӨНІМ ҚАЗАҚСТАН НАРЫҒЫНА ЖЕТКІЗІЛУДЕ

Түркістан облысы Келес ауданындағы «Экокультура Евразия» жылыжай кешенінде қызанақ өсіріліп, алғашқы өнім Қазақстан нарығына жеткізілуде.

Жоба бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырылып, елдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға үлес қосып жатыр. Заманауи жылыжай кешендері импортқа тәуелділікті азайтып, қазақстандықтарды жыл бойы, маусым мен ауа райына қарамастан, сапалы әрі дәмді көкөніспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда кәсіпорында 150 адам жұмыс істейді. Жақын уақытта жаңа өндірістік блоктарды іске қосу және қызметкерлер санын кезең-кезеңімен 800 адамға дейін арттыру жоспарланған.

Көкөніс өсірушілердің орташа ресми жалақысы қолға 320 000-350 000 теңгені құрайды. Барлық қызметкерлер ресми түрде жұмыспен қамтылған.

Бұл жоба ішкі нарықтың тұрақтылығын арттыруға, заманауи жұмыс орындарын ашуға және Қазақстанда қуатты агроиндустрияны қалыптастыруға үлес қосып жатыр.

Айта кетейік, Түркістан облысындағы жобаны іске асыруға 42 млрд. теңге инвестиция салынуда. Еліміздегі ең үлкен жылыжайда жылына 25 000 тонна қызанақ өсірілмек. Жоба толық іске қосылғанда 800 жаңа жұмыс орны ашылады. Жобаны «Қазақстанның Даму банкі» АҚ тарапынан қаржыландыру мақұлданған. 2023 жылы 23,5 млрд. теңге мөлшерінде қаражат бөлінген. Жылыжай толық Нидерланд елінен әкелінген жабдықтармен жабдықталған. Бүгінде кешеннің 40 гектар аумағында жылыжай блоктарының металл конструкциялары орнатылды. Сыртқы және ішкі желілері бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар әкімшілік-тұрмыстық кешенінің ғимараты, материалдық-өндірістік қоймалары, бақылау-өткізу пунктінің құрылысы жүргізілуде. Қазандық және төтенше жанар-жағармай қоймасының құрылысы аяқталды. 8 жылыжай блогы және техникалық дәліз орнатылуда. Оның 4 блогы мен техникалық дәлізі іске қосылды. Кешеннің ресми ашылуы биылғы көктемде өтеді деп жоспарланып отыр.

ЖЫЛ БОЙЫ ӨНІМ БЕРУГЕ ҚАБІЛЕТТІ

Көлтоған ауылының тұрғыны Алпамыс Тәңірбергенов 20 соттық жерге жылыжай кешенін салып, қызанақ өсірумен айналысады. Жылыжайда қызанақтың «Разия» және «F1» сынды сұрыптары егілген. Барлығы 6 мың түп көшет отырғызылған. Әр түптен жылына екі рет 5 келіден өнім жиналады. Қызанақтың бір келісі орта есеппен 500 теңгеден сатылып, негізгі нарық ретінде Шымкент қаласына жөнелтіледі. Кәсіпке жалпы 9 миллион теңгеден астам инвестиция салынған.

Жылыжайдағы басты ерекшеліктің бірі – қызанақты тозаңдандыру жұмыстары табиғи жолмен, арнайы аралар арқылы жүзеге асырылады. Яғни әрбір гүлге қолмен немесе химиялық препараттар арқылы әсер етудің қажеті жоқ. Бұл мақсатта Голландиядан әкелінген «BE Смарт Шмель» аралары қолданылады. 20 соттық жылыжайда 50 ара гүлдерді тиімді тозаңдандырады. Мұндай тәсіл өнімнің сапасын арттырып қана қоймай, жоғары әрі тұрақты өнім алуға мүмкіндік береді. Маусым барысында шамамен 80 тонна көмір пайдаланылады.

Сондай-ақ, Көлтоған елді мекеніндегі тағы бір табысты жоба – болгар бұрышы өндірісі. Кәсіпкер Нұрсұлтан Сұлтанқұлов 25 соттық жылыжайда «ТОПГИР» сұрпын өсіруде. Аталған сұрып түрі – жылыжайда қажетті жағдай жасалса, бірнеше жыл қатарынан жыл бойы өнім беруге қабілетті. Шаруашылық аумағында барлығы 9 600 түп бұрыш отырғызылған. Әр түптен айына орта есеппен 2 келі өнім алынады. Кәсіпорында 4 адам жұмыспен қамтылған. Кәсіпкер ай сайын 2,5 тоннаға дейін өнім өндіріп, шығыннан бөлек 2 млн. теңге көлемінде таза табыс табады.

ӨНІМ КӨЛЕМІН АРТТЫРУ КӨЗДЕЛУДЕ

Түркістан облысы, Сарыағаш ауданында жылыжай кешенінің жұмыстары ұдайы жалғасуда. Аудан әкімі Арман Абдуллаев Бостандық елді мекеніндегі жылыжай кешенінің жұмысымен танысты. Онда өндіріс көлемі мен сапалы өнім шығаруды жоғары бағалап, ауыл шаруашылығын дамыту, жергілікті кәсіпкерлікті қолдау және экспорттық әлеуетті арттыру бағытындағы жұмыстың алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасатынын атап өтті.

Жылыжай иесі Тоир Раимбердиев өз отбасымен бірге ауыл шаруашылығы саласында 30 жылдан астам еңбек етіп келеді. Қазіргі таңда олар өздеріне тиесілі 1,90 гектар жер телімінде жылыжай құрылысына ие болып, түрлі көкөніс дақылдарын өсіруде.

Мәселен, жылыжайда қияр, қызанақ, салаттық жапырақ және пекин қырыққабаты егілген. Өнімдер сапалы түрде өсіріліп, жетілдіріліп, Солтүстік Қазақстан облысы, Алматы және Астана қалаларына экспортталады. Қиярдың северинг түрін 0,80 га алқабында 2025 жылы 100 тонна өнім алынған, ал 2026 жылы одан да көп өнім жинап, экспортқа шығаруға жоспарланған. Қызанақтың рунед түрі 0,40 га алқабында 2025 жылы 40 тонна өнім алынған және экспортқа жөнелтілген, 2026 жылы өнім көлемін арттыру көзделуде. Жылыжайдың қалған 0,30 га бөлігінде салаттық жапырақ пен пекин қырыққабаты егілген, алдағы жылы бұл дақылдардан өткен жылдарға қарағанда мол өнім алуды жоспарлап отыр.

БІРНЕШЕ ЖОБА ШЕТЕЛДІК КОМПАНИЯЛАРМЕН БІРЛЕСІП ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Сауран ауданында 6 ауылдық округте өндірістік алаңдар құрылып жатыр. Онда 100-ге жуық шағын цех ашылып, 1 500-ден астам жаңа жұмыс орны құрылмақ. Өткен жылы Шаға ауылдық округіндегі өндірістік алаңда 40 нысанның құрылысы аяқталып, 16 цех іске қосылған. Нәтижесінде 700 азаматқа жаңа жұмыс орны ұсынылған. Бұл жайында Сауран ауданының әкімі Мақсат Таңғатаров БАҚ өкілдерімен өткен брифингте мәлімдеді.



«Қазіргі таңда Қарашық ауылында 14 цехтың құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Жалпы инвестиция көлемі – 4,8 млрд. теңге. Жыл соңына дейін ауылда 10 цех толықтай іске қосылмақ. Сондай-ақ, Иассы ауылдық округінде 21 өндірістік цехтың құрылысына жер телімі бөлінген. Жобаға 6,3 млрд. теңге инвестиция тартылған. Ал, Қосмезгіл ауылында 10 өндірістік цехтың ғимаратын салу жоспарланып, қазіргі таңда 3 нысанның құрылысы жүруде. Сондай-ақ, Үшқайық ауылдық округінде жиһаз өндіретін 16 цех ғимаратының құрылысы жүргізілсе, Жүйнек ауылында 16 цехтың 12-сінің құрылысы аяқталған. Сонымен қатар, Еңбекші Дихан елді мекенінде 18 цехтың құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр» – деді аудан басшысы.

Сонымен қатар, Оранғай елді мекенінде жиһаз дайындайтын 8 өндірістік ғимарат пен Шорнақ елді мекенінде құрылыс материалдарын өндіретін өндіріс алаңдарын құру жоспарланып отыр. Ал, «Тұран» арнайы экономикалық аймағында уран өндіруге пайдаланылатын қажетті құбырлар шығаратын зауыт, бір реттік ыдыс дайындайтын өндірістік зауыт, диеталық қоспалар мен дәрумендер өндіретін кәсіпорын мен металл өндіру зауытының құрылысы басталған. Өңір экономикасына тың серпін беретін бірнеше жоба шетелдік компаниялармен бірлесіп те жүзеге асырылуда. Мәселен, Қазақстанның 30 жылдығы елді мекенінде «Euro Sandwich Panel» ЖШС-ң сендвич панель, металл конструкция дайындайтын зауытының құрылыс жұмыстары басталған. Бұдан бөлек, Түркия Республикасының «Osca Chair» компаниясы мен «Сейхун» ЖШС бірлесіп Жүйнек елді мекенінде түркиялық тәсілмен жиһаз жасау цехын іске қосты. Жалпы кәсіпкерлік саласында аудан бойынша 83 жоба іске асырылып, 2 500 жаңа жұмыс орны құрылмақ.

«2025 жылдың қорытындысымен ауданның жалпы өңірлік өнім көлемі 147,3 млрд. теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 124%-ға артты. Бұл көрсеткіштің 72%-ы – ауыл шаруашылығы, 15%-ы – өнеркәсіп саласы, 9%-ы – құрылыс саласы, 4%-ы – сауда саласының үлесінде. Сондай-ақ, аудан экономикасына 2025 жылы 71,4 млрд. теңге инвестиция тартылып, өсім 105,7%-ды құрады. Ауданда туризм саласы да қарқынды дамып келеді. Өңірдегі республикалық маңызды тарихи-мәдени нысандарға келушілер саны 101 мың адамға жуықтаған. Көрсеткіш өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 110%-ға артқан» – деді спикер.

Аудандағы инфрақұрылым саласында бірқатар ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, халықты таза ауыз сумен қамту бағытында екі жылдың көлемінде 13 елді мекен ағымдағы жөндеуден өткен. Ал, Ибата, Бостандық, Абай, Ескі Сауран, Шаға, Бершінтөбе, Аша елді мекендерінде электр жүйелері жаңаланып, құрылыс жұмыстары жүргізілетін болады. Сондай-ақ, қазіргі таңда Қарашық, Жүйнек ауылдық округтеріне магистральды газ құбыры және Оранғай, Шорнақ, Қосмезгіл, Аша, Шыпан, Құмтүйін елді мекендерінде ішкі газ құбырының құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Нәтижесінде аудан аумағын газбен қамтамасыз ету көрсеткіші 60 пайызды құрайтын болады. Сондай-ақ, ауандағы ішкі жолдардың қанағаттанарлық үлесі 74%-ды құрап отыр.



«АУЫЛ АМАНАТЫ» – АУЫЛДЫ ҚОЛДАУДЫҢ ЖОБАСЫ

«AMANAT» партиясының «Ауыл аманаты» жобасы ауыл тұрғындарының табысын арттыруды көздейтін бірегей бастама екені белгілі. Мемлекет басшысының тапсырмасымен партия бастамасы мемлекеттік бағдарлама болып түзіліп, оның аясында 2,5% жылдық мөлшерлемемен 7 жылға дейін жеңілдетілген несие беру механизмі қалыптасты.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы Келес ауданында тұрақты түрде іске асырылып, ауыл шаруашылығының дамуына және тұрғындардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына нақты ықпалын тигізіп отыр. Жоба ауыл тұрғындарының кәсіпкерлік белсенділігін арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және халықтың табысын көбейтуге бағытталып, өз нәтижесін беруде. 2023-2025 жылдар аралығында бағдарлама шеңберінде Келес ауданында 339 жоба қаржыландырылып, нәтижесінде 750 жаңа жұмыс орны ашылды.

Ауыл тұрғындары қолға алған жобалар негізінен мал шаруашылығы мен егіншілікті дамытуға, жылыжай шаруашылығын кеңейтуге, балық және құс өсіруді жолға қоюға бағытталды. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы кооперативтері қажетті техника және құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, тұрғындардың жеке кәсібін бастауына мүмкіндік жасалды. Осы кезеңде аймақта бірнеше шағын өндіріс орындары да іске қосылды.

2025 жылы жүзеге асырылған бастамалар қатарында ауыл шаруашылығы техникаларын жаңарту, жүзім шаруашылығын дамыту, сондай-ақ тігін бағытында шағын өндіріс орындарын ашу жұмыстары бар. Бұл жобалар жергілікті тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтып, аудан экономикасының дамуына оң әсерін тигізуде.

2026 жылға өндеу саласына басымдық беріліп, кемінде төрт кооператив құру жоспарланып отыр. Осы мақсатта Абай ауылында сүт өндіру кооперативін, ал Бірлесу ауылдық округінде құлпынай өсіру кооперативін құру бойынша қажетті құжаттар тиісті мекемелерге жолданды.

Қазіргі кезде Бірлік ауылдық округінде өндірістік парк ашу үшін арнайы жер учаскесі белгіленді. Мұнда «Бір ауыл – бір өнім» қағидаты бойынша жем-шөп дайындайтын цех салу және мал бордақылау алаңдарын бірыңғай үлгіде орналастыру көзделуде. Ал Ақтөбе ауылдық округінде балық шаруашылығын дамыту жөнінде ұсыныстар беріліп, алдағы уақытта балық өнімдерін сататын шағын сауда нүктесін ашу жоспарлануда.

Бағдарлама аясында тұрғындарға кәсіп ашу мүмкіндіктерін түсіндіру бағытындағы ақпараттық-кеңес беру жұмыстары да жүйелі түрде жүргізілуде. Қазіргі таңда ауылдық округтер бойынша жобаға қатысуға ниетті азаматтардың тізімі жасақталып, Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығында бірқатар жобалардың құжаттарын әзірлеу жұмыстары атқарылуда.

«Ауыл аманаты» жобасының тиімді жүзеге асырылуы ауылдық аумақтардың экономикалық белсенділігін арттырып, халықтың табысын көбейтуге және өңірдің өндірістік әлеуетін нығайтуға мүмкіндік береді дейді сала мамандары, Ауыл тұрғындарының табысын арттыру бастамаларының жүзеге асуы «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының және жергілікті партия құрылымының тұрақты бақылауында болады.

ЗАМАНАУИ ӘДІСТІ ЕНГІЗУ КӨЗДЕЛІП ОТЫР

Еліміздің бірқатар аймақтарында қыс қытымырланып, жерді қар басқан шақта Түркістан облысының Жетісай ауданда еңбекқор дихандары егістік алқаптарына шығып, қырыққабат отырғызу жұмыстарын бастап кетті. Бұл – өңірдің аграрлық әлеуеті мен шаруалардың тынымсыз тірлігінің айқын көрінісі.

Диханшылықты адал кәсіп етіп, несібесін маңдай терімен Жер-Анадан алып жүрген шаруалардың бірі – Атамекен ауылдық округінде орналасқан «Қоңырбай» шаруа қожалығының төрағасы Нұрлан Қауалов. Ес білгелі егістіктің қыр-сырын меңгеріп өскен азамат биыл иелігіндегі 3 гектар жерге қырыққабаттың «Зариссима» сортынан 100 мың дана көшет отырғызуды бастады.

Соңғы төрт жылда тамшылатып суғару технологиясын қолданып келе жатқан шаруа былтыр 120 тонна өнім алып, оны Ресей нарығына келісін 120 теңгеден өткізген. 55 күнде пісіп жетілетін бұл сорттың көшеттері диханның үйіргелік жеріндегі жылыжайда өсірілген. Жылдағы дәстүр бойынша қырыққабаттан кейін екінші өнім ретінде маш дақылын егуді, гектарынан 1,5 тоннадан өнім алуды жоспарлауда.

Өткен жылы аталмыш ауылдық округінің 270 гектар жеріне қырыққабат егілсе, биыл бұл көрсеткіш 300 гектарға жетеді деп күтілуде. Ал былтыр 195 гектар алқапқа енгізілген тамшылатып суғару технологиясы биыл 250 гектар жерге қолданылмақ.

Айта кетсек, өткен жылы аудан бойынша 1,2 мың гектар алқапқа егілген зариссима, фарао, кевин, магнус сынды қырыққабат сорттарынан 41 615 тонна өнім жиналып, Ресей, Беларусь елдерімен қатар ішкі нарықта Солтүстік Қазақстан облысы, Шымкент, Алматы мен Астана қалаларына жөнелтілген. Былтыр 893 гектар қырыққабат алқабына су үнемдеу технологиялары орнатылса, биыл 1,8 мың гектарға егілуі жоспарланған қырыққабаттың 1,5 мың гектарына заманауи әдісті енгізу көзделіп отыр. Ауа райының қолайлы сәтін тиімді пайдаланған шаруалар бүгінгі күнге дейін 144 гектар жерге қырыққабат дақылын егіп үлгерген.

2, 3, 4, 5, 6-беттер Түркістан облысы әкімі баспасөз қызметінің материалдары бойынша дайындалды

Жақында Абай облысында "Қаладан - ауылға" өңірлік форумы өтті. Облыс әкімі Берік Уәлидің тікелей бастамасымен ұйымдастырылған бұл шараның саяси және әлеуметтік маңызы ұшан-теңіз. Төменде осы шарада айтылған облыс басшысының кіріспе сөзі мен оның орынбасары Думан Оспановтың баяндамасы өзгеріссіз ұсынылып отыр. Бұл көптеген өңір басшыларын ойлантатынына сенімдіміз.



АУЫЛДЫ КӨТЕРУ – АСЫЛ МІНДЕТ

Абай облысында «ҚАЛАДАН – АУЫЛҒА» пилоттық жобасы жүзеге асырылмақ

Абай облысының әкімі Берік Уәлиұлының «Қаладан ауылға» форумындағы алғы сөзі көпшілікке ой салары анық. «Бүгінгі басқосуымыз ауыл шаруашылығының немесе жергілікті басқарудың мәселесін ғана талқылайтын алаң емес, сонымен қатар, еліміздің даму бағытын, мемлекет пен халық арасындағы өзара жауапкершілікті айқындайтын үлкен форум,- деді өз сөзінде облыс әкімі,- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, жаңа Конституцияға қатысты пікір алмасу бір күннің немесе бір айдың шаруасы болған жоқ. Жарты жылдан астам уақыт бойы қоғамда жан-жақты талқылау жүрді. 130 адамнан тұратын Конституциялық комиссия құрылып, оның құрамына еліміздің білікті заңгерлері, сарапшылары, қоғам өкілдері енді. Ең бастысы, бұл жолы шешімді өзіміз қабылдадық, комиссия құрамында шетел мамандары болған жоқ.

Президент өз сөзінде азаматтарға былтыр қазан айынан бастап өз ұсыныстарын ашық айтуға толық мүмкіндік берілгенін айтты. eGov және eOtinish платформалары арқылы мыңдаған ұсыныс түсіп, олардың барлығы мұқият қаралған. Комиссия жұмысы барынша ашық жүргізіліп, талқылаулар тікелей эфирде көрсетілді. Бұған дейін елімізде реформалар дәл осындай кең ауқымда, бүкіл халықтың қатысуымен талқыланбаған болатын. Бұл – шын мәнінде «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатының нақты көрінісі. Сондықтан да біз жаңа Конституцияны нағыз халықтық Конституция деп толық айта аламыз.

Мемлекет басшысы жаңа жоба «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатына негізделетінін ерекше атап өтті. Бұл – билік тармақтарының тепе-теңдігі мен жауапкершілігін арттыратын жүйе. Ең бастысы, жаңа Конституцияда «адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» деген ұстаным айқын көрініс тапты.

Президентіміздің 2019 жылдан бері жүргізіліп келе жатқан саяси реформалардың түпкі мақсаты да – осы. Ұсынылып отырған өзгерістердің өзегі – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Бұл жалаң ұран емес, нақты кепілдіктер мен құқықтық тетіктер арқылы бекітілген жүйе.

Әділетті Қазақстан құру, Заң мен тәртіпті орнықтыру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын мүлтіксіз сақтау – негізгі қағидаттар ретінде айқын жазылды. Сонымен қатар, білім, ғылым, инновация және мәдениет еліміздің басым бағыттары ретінде белгіленді. Тәуелсіздік, егемендік, аумақтық тұтастық – мызғымас құндылықтар екені нақты көрсетілді. Еліміздің унитарлығы мен жерінің тұтастығы ешқашан өзгермейтіні – Ата Заң деңгейінде бекітілді.

Бір сөзбен айтқанда, жаңа Конституция – терең сараланған, әлемдік үздік тәжірибелерді ескерген, ұлттық мүддені және адам құқығын толық қорғауға бағытталған сапалы құжат. Бұл – Әділетті Қазақстанның берік құқықтық іргетасы.

Құрметті жиынға қатысушылар! Осы Ата Заңда бекітілген қағидаттарды ауылда нақты іске қалай айналдырамыз? Мемлекет адам үшін болса, онда ауылдағы әрбір тұрғынның тұрмысы, әрбір шаруа қожалығының дамуы – біздің басты өлшеміміз болуы тиіс.

Сондықтан біз қолға алып отырған **«Қаладан – ауылға»** жобасы – ауылдық жерлердің тыныс-тіршілігін жаңғыртуға, кадрлық әлеуетін күшейтуге және жаңа серпін беруге бағытталған бастама.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы мен ауыл әкімдерінің қызметіне арналған диалог-платформасында «Ауылдың жағдайы – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар мәселе. Себебі халқымыздың тамыры – ауылда» деп, ауылдың жағдайы ел үшін стратегиялық маңызға ие екенін ерекше атап өтті.

Жоба аясында ауыл тұрғындарын тұрақтандыру және қаладан ауылға қоныс аударушыларды тарту арқылы демографиялық тепе-теңдікті сақтау, ауылдық елді мекендердегі кадр тапшылығын азайту, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, сондай-ақ «Дипломмен ауылға» бағдарламасын жаңа мазмұнда тиімді іске асыру көзделеді.

Абай облысындағы халық саны – 595,6 мың. Оның ішінде 37,1 пайызы ауылдарда тұрады, бұл өңірдің аграрлық әлеуеті мен ауылдық аумақтарды дамыту бағытының өзектілігін айқындайды.

Ауыл – елдің алтын бесігі, ұлттық құндылықтар мен дәстүрлердің қайнар көзі. Бұл бағытта ауыл әкімдерінің рөлі айрықша. Сіздер жергілікті жердегі нақты мәселелерді шешіп, халықпен тікелей жұмыс жүргізетін негізгі буынсыздар.

Осы бағытта іске асырылып жатқан «Ауыл аманаты» бағдарламасының рөлі айрықша. 2025 жылдың соңында аталған Бағдарлама аясында облысқа 1 млрд. теңге қаражат бөлінді. Қазіргі таңда бағдарлама аясында өңіріміздегі 10 ауданда қайта өңдеу саласы бағытында 28 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтерін қаржыландыру бойынша іс-шаралар атқарылуда. Сонымен қатар, ағымдағы жылы бұл Бағдарлама аясында ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға және ауыл шаруашылығын қолдауға облысқа 4,5 млрд. теңге көлемінде қаражат бөлу жоспарлануда.

Бұл өз кезегінде, Президентіміздің кооперативтерді, яғни шаруалар бірлестіктерін дамыту тапсырмасына тұспа-тұс келіп отыр.

2025 жылдың қорытындысы бойынша облыс ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі жөнінен республика көлемінде алтыншы орынға көтерілді. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі 584 млрд. теңгені құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 28,8 пайызға артты. Бұл көрсеткіш 2024 жылғы оныншы орынмен салыстырғанда айтарлықтай ілгерілеуді білдіреді.

Қазіргі кезеңде ауыл шаруашылығы саласына инвестициялар тарту стратегиялық маңызға ие. Осы тұрғыда 2025 жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығының негізгі капиталына 63 млрд. теңге инвестиция тартылды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 145,2%-ға жоғары.

Ағымдағы жылы «Агроөнеркәсіп кешенінде ірі инвестициялық жобаларды іске асыру» Жол картасы аясында жалпы құны 23,1 млрд. теңгені құрайтын 9 инвестициялық жобаны жүзеге асыру көзделіп отыр. Нәтижесінде агроөнеркәсіп кешеніне тартылатын инвестиция көлемін 78,2 млрд. теңгеге дейін ұлғайту жоспарлануда.

Бұл бағытта күні кеше ғана облысымыздың орталығында Agrolider KAZ» ЖШС-нің базасында жалпы құны 4,1 млрд. теңгеге қуаттылығы 72 мың тонна бұршақты және майлы дақылдарды қайта өңдейтін заманауи технологиялармен жабдықталған зауыт іске қосылды.

Бұдан бөлек, ағымдағы жылы «QAZAQ-ASTYQ GROUP» ЖШС базасында қайта өңдеу саласы бағытында жалпы құны 8,3 млрд. теңгені құрайтын, өңірімізде бұрын өндірілмеген, жылдық қуаттылығы 72,0 мың тонна тазартылған күнбағыс майын өндіруге арналған өндірістік желіні іске қосу жоспарлануда.

Сонымен қатар, Мемлекет басшымыздың соңғы Жолдауыңыздағы ет өнімдерімен экспорттық әлеуетті арттыруды қамтамасыз ету тапсырмасына сәйкес, Жаңасемей ауданындағы «ЕвразияАгроСемей» ЖШС базасында **7,7** млрд. теңгеге қуаттылығы жылына 11,4 мың тонна шығарылатын ет комбинаты жобасы іске асырылып жатыр. Ет комбинатының айналасында өндірістік бордақылау алаңдарының қуаттылығын арттырып, толық өндірістік циклді қамтитын ет кластеріне айналмақ.

Жалпы, 2031 жылға дейін облысымызда әзірленген Өңірлік инвестициялық жобалардың картасына сәйкес 197,5 млрд. теңге көлемінде 85 ірі агрожобалар іске асырылады. Облысымызда қой шаруашылығын дамыту әлеуетін толық пайдалану – маңызды міндет.

Осы бағытта Абай облысының қой шаруашылығын дамытудың 2026-2030 жылдарға арналған салалық бағдарламасы әзірленуде. Қаржыландыру ағымдағы жылы іске қосылатын «Игілік» бағдарламасы арқылы жүзеге асыру жоспарлануда.

Бағдарлама аясында 300 мың бас асыл тұқымды ұсақ мал сатып алу көзделіп отыр. Аталған бағдарламаға республикалық бюджеттен 50 млрд. теңге көлемде қаражат бөлу пысықталуда. Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде алдағы 5 жыл ішінде қой саны 1,2 млн бастан 2,3 млн басқа жеткізіледі.

Бұл өз кезегінде ауылдың халқын тұрақтандырып, жұмыс көздерін ашып, ауылдан көшу үрдісін тоқтатуға септігін тигізеді.

Аталған бағытта «Қаладан ауылға» атты өңіраралық жобаны іске асыруды жоспарлаудамыз. Бүгінгі форум аясында өзара тәжірибе алмасып, озық практикаларды талқылап, тиімді шешімдер ұсынатынымызға сенім білдіремін.

Біздің ортақ мақсат – ауылдың әлеуетін арттырып, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту. Ауылды дамыту – ортақ жауапкершілік пен жүйелі жұмысты талап ететін стратегиялық міндет. Бірлесе әрекет етіп, біз ауылдың әлеуетін арттырып, тұрғындардың өмір сүру сапасын жаңа деңгейге көтереміз деп сенеміз.



2026-2028 ЖЫЛДАРЫ АБАЙ ОБЛЫСЫНДА ІСКЕ АСЫРЫЛАТЫН «ҚАЛАДАН – АУЫЛҒА» ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫ

Бүгінгі таңда алтын бесігіміз ауылдарымызды көркейтуге, ондағы халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға ерекше назар аударылып келеді,- деп бастады өз баяндамасын облыс әкімінің орынбасары Думан Оспанов, - Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев "Ауыл – төл өркениетіміздің алтын қазығы. Ауылды өркендету – баршаға ортақ парыз. Мемлекет бұл мәселеге ерекше жауапкершілікпен қарайды", деген болатын. Сонымен қатар, Президент ауылдарды дамыту – мемлекеттің алдында тұрған стратегиялық міндеттің бірі екенін де айтқан еді. Осы міндеттерді орындау мақсатында облыс әкімі Берік Уәлиұлының тапсырмасымен әзірленген "Қаладан – ауылға" пилоттық жобасын таныстыруға рұқсат етіңіздер.

Абай облысының жер аумағы 185,5 мың шаршы шақырымды құрайды. Бұл республика территориясының 6,8 пайызы. Облысымызда 600 мыңға жуық халық бар, оның 222 мыңы ауылды жерде тұратын азаматтар. Аймақта ауылдық округ пен кенттер саны 138.

Енді "Қаладан – Ауылға" пилоттық жобасының негізгі мақсаттарына тоқталып өтейін. Ең басты мақсат – ауыл халқын тұрақтандыру, қаладан ауылға көшіп келетін отбасылар арқылы елдімекен халқының санын арттыру. Сондай-ақ, ауылдардағы кадр мәселесін шешу және мемлекеттік бағдарламалардың тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету. Сонымен қатар, ауылдарда шағын кәсіпкерлікті дамыту арқылы жұмыссыздық деңгейін төмендетіп, жергілікті жұрттың тұрмыс сапасын жақсарту. Қазіргі уақытта ауылдарда мектептер, медициналық пункттер, мәдениет үйлері бой көтеріп, жолдар төселіп, таза ауыз су желілері тартылып, халыққа ең қажет деген инфрақұрылым нысандары салынып жатыр. Бұл – жобаның негізгі мақсаттарын жүзеге асыруға ықпал ететін мүмкіндіктер.

МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН АУЫЛ ХАЛҚЫНА КӨРСЕТІЛЕТІН ҚОЛДАУЛАР. Бұл жерде ауыл азаматтарына қолдау бағдарламалары көрсетілген. Маман тапшылығын шешу, азаматтарды жұмыспен қамту үшін оларға төленетін еңбекақы мен баспана алуларына берілетін біржолғы жәрдемақының мөлшерін көре аласыздар. Осының ішіндегі "Дипломмен ауылға" бағдарламасы ауылдарға білікті жас мамандарды тартуға көмектесетін негізгі құрал. "Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру" бағдарламасы аясында басқа өңірлерден облысымыздың ауылдарына көшіп келуші отбасылардың жол шығынын, пәтер жалдау ақысын төлеп беру сияқты қолдаулар көрсетіледі. Баспанамен қамтамасыз етуге сертификат беріледі.

ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР. Еңбек мобильділігі орталығы арқылы азаматтардың еңбекақылары төленетін "Жастар практикасы" мен "Қоғамдық жұмыстар" бағдарламасын көріп отырсыздар. Бұл да мемлекет тарапынан көрсетілетін негізгі қолдаулардың бірі.

Одан кейін еңбекақыларының бір бөлігі мемлекет тарапынан субсидияланатын бағдарламалар. Өздеріңіз көріп отырғандай, "Күміс жас" бағдарламасы бойынша 50-ге толған азаматтарды зейнет жасына жеткенге дейінгі аралықта жұмыспен қамту. Әлеуметтік жұмыспен айналысатын азаматтардың да еңбекақысы субсидияланады. Осы бағдарламаларды ауылдарымызда тиімді іске асыруымыз қажет.

ЖАҢА БИЗНЕС-ИДЕЯ ГРАНТЫ. Бұл жерде қоғамның осал топтары мен еңбекке жарамды сырттан көшіп келушілер арасында грант конкурсын ұйымдастыру арқылы бизнес идеяларына қолдау көрсету жағы қарастырылған. Ауыл азаматтарының кәсібін дамытуларына көрсетілетін өте жақсы қолдау.

"БІР АУЫЛ – БІР ӨНІМ" БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ГРАНТЫ. «Бір ауыл – бір өнім» жобасы жергілікті шикізаттан өнім өндіруді, сол өңірде кәсіпкерлік саласын дамытуды көздейді. Бұл жобаның мақсаты - нақты өнім өндіріп отырған азаматтарды грант арқылы ынталандыру. Бұл ауылдарда кәсіпкерліктің дамуына, дайын өнім шығаруға жол ашатын қолдау.

ҚАЖЕТ МАМАНДЫҚҚА ОҚЫТУ ГРАНТЫ. Облыс әкімінің грантын беру арқылы аймағымызға қажет мамандарды даярлау. Мақсат – кадр тапшылығын шешу. Қандай мамандық иелері, қанша балл жинау арқылы қатыса алатыны слайдта көрсетілген. Облыс ауылдарына жетіспейтін мамандарды оқытуға ерекше көңіл бөлінеді.

БАСПАНАМЕН ҚАМТУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ. Жалпы бағытымыз - ауыл тұрғындарының санын арттыру. Соның бір шешімі – ауылдарға көшіп келетін отбасылардың баспаналы болуларына көрсетілетін қолдау. Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламалары арқылы сатып алынатын үйдің бастапқы жарнасы ретінде тұрғын үй сертификаты беріледі. Яғни бастапқы жарнаның 90 пайызын облыс әкімдігі өтейді. Ол үшін бастапқы жарна 1,5 млн теңгеден аспауы тиіс.

Отбасы банк биыл "Наурыз жұмыскер" бағдарламасын іске қосуды жоспарлап отыр. Өздеріңіз көріп отырғандай пайыздық мөлшерлемесі төмен және қандай сала қызметкерлері қатыса алатыны көрсетілген. Біздің облысымыз үшін төмендегі барлық категория маңызды. Жоғарыда айтқанымыздай алатын баспананың бастапқы жарнасын осы бағдарламаға пайлануға болады.

"АУЫЛ АМАНАТЫ" бағдарламасын бәріңіз жақсы білесіздер. Айлық Есептік Көрсеткіштің өсуіне байланысты биыл жеңілдікпен берілетін қаржының көлемі де артты. Біз осы бағдарлама аясында "Сауынды сиыр" деген жобаны ұсынып отырмыз. Бұл жерде тек сүтті сиыр сатып алуға басымдық беріледі. Сүт және сүт өнімдері әрқашан сұранысқа ие. Президент ауыл шаруашылығы өнімдері бойынша әлі импортқа тәуелді екенімізді айтқан болатын. Сондықтан, ауыл азаматтарының сүтті сиыр сатып алуларына мүмкіндік қарастырып, таңдап алынатын аудан орталықтарынан сүт өңдейтін кәсіпорындар ашқан жөн. Бағдарлама аясында бұдан бөлек басқа да шағын кәсіпкерлік бағыттарын дамытуға ден қоямыз. Бұл бағдарлама ауыл тұрғындарын тұрақтандыруға және қаладан ауылға көшіп келетін отбасылардың кәсіппкен айналысуына мүмкіндік береді.

"ТАУАРЛЫ НЕСИЕ" ЖОБАСЫ. Бұл бюджет қаражатын қажет етпейтін жоба. Алғаш Ақтөбе облысында пилоттық жоба ретінде басталған. Соның негізінде "100" қой жобасын ұсынып отырмыз. Бұған ірі және орта шаруа қожалықтары атсалысады. Бұл жерде ауылына, жұртына қолдау көрсетуге дайын азаматтардың рөлі басым болады. Осы жобаға қатысып, халыққа қол ұшын берген фермерлерге жеңілдетілген несие беру, техникаға қысқа уақытта қол жеткізулеріне мүмкіндіктер қарастырылып, қолдау көрсетіледі.

"ІСКЕР АЙМАҚ" шағын бизнесті қолдаудың бірыңғай бағдарламасы аясында сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау. Экономиканың басым секторындағы шағын және орта бизнеске қолдау көрсетуіміз керек. Үкімет бекіткен "Іскер аймақ" бағдарламасы аясында кәсіпкерлердің инвестициялық және айналым қаражатын толықтыруға алған несие сомасынан сыйақы мөлшерлемесінің 40%-ын субсидиялау қарастырылған. Бағдарлама қатысушылары алған 200 млн теңгеге дейінгі несиені бір бөлігін субсидиялау кәсіпкерлерге көрсетілетін үлкен қолдау. Қандай сала кәсіпкерлеріне қолдау көрсетілетінін слайдтан көріп отырсыздар.

"Семей" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы "Ауыл аманаты" бағдарламасын іске асырып келеді. Соңғы 3 жылда 365 жоба жүзеге асты. Осының нәтижесінде 280 жаңа жұмыс орыны ашылды және 210 жеке кәсіпкер тіркелді. Бұл бағыттағы жұмыстар одан ары жалғасады.

Сондай-ақ, "Семей" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы жүзеге асыратын "МАКРОКРЕДИТ" бағдарламасы аясында ірі 15 жоба жүзеге асты. Қазіргі уақытта бұл бағытта жобаларды қолдау жұмыстары жүріп жатыр. Олардың қатарында тауарлы сүт фермаларыН ашу, ет комбинатының құрылысын аяқтау, бордақылау алаңдарын құру, жалпы мал шаруашылығын дамыту жобалары бар.

Биыл "Игілік" бағдарламасы басталады. Несие 6 пайызбен 7-10 жылға дейінгі мерзімге беріледі. Шаруалар үшін тиімді тұсы – 2 жылға дейін жеңілдік кезеңі қарастырылған. Өздеріңіз көріп отырғандай, мал шаруашылығын дамытуға басымдық беріледі. Бағдарлама аясында шаруаларды қаржылай қолдау арқылы асыл тұқымды мал санын арттыруға мол мүмкіндік бар.

"Қаладан ауылға" пилоттық бағдарламасын іске асыру арқылы үлкен нәтижелерге қол жеткізуге болады. Ең бастысы – ауыл халқының санын көбейтеміз, қалаға бағытталған көшті тежейміз. Ауылдарда шағын кәсіпкерлікті дамытып, маман тапшылығын шешеміз. Мемлекет қазір ауылдарды өркендетуге, егін шаруашылығын, әсіресе мал шаруашылығын дамытуға айрықша көңіл бөліп отыр. Жеңілдетілген несие беріліп жатыр. Сондықтан, осы мүмкіндіктерді мүлт жібермей, елдімекендерімізді елге, жайылымдарымызды малға, бау-бақшамызды жеміске толтыруымыз керек. Ауылға көшіп келушілерге мемлекеттік бағдарламалар арқылы қолдау көрсетуді жүйелі түрде іске асырып, оң нәтиже көрсетеміз деген жоспарымыз бар.

Сонымен қатар, Моңғолия елімен мал шаруашылығы саласын бойынша ынтымақтастық орнату жоспарланып отыр. Жақында Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкілдерінен тұратын делегация құрамында Моңғолияға іссапармен баруды жоспарлап отырмыз. Бұдан бөлек, қой шаруашылығы саласы бойынша озық агротехнологиясын зерделеу үшін Австралияға іссапар ұйымдастырамыз. Делегация құрамында облысымыздың қой шаруашылығымен айналысатын іргелі қожалық басшылары болады. Бұл жоспарлап отырған іссапарлар облысымыздың мал шаруашылығын дамытуға тың серпін береді.

Осы тұста айта кететін маңызды мүмкіндік бар. Еліміздің жаңа Конституциясы ауыл шаруашылығын дамытуға үлес қосатын сала еңбеккерлерінің табысты жұмыс істеуіне, кәсіпкерлікпен тұрақты айналысуларына заңдық негіз қалайды. Өйткені, ондағы оң өзгерістер бәсекеге қабілетті сапалы өнім өндіруге, өнімділікті арттыруға жол ашады. Бір сөзбен түйіндегенде – әділетті қоғам құру жолындағы нық қадам деп есептеймін.

АУЫЛДАРДЫҢ БҮГІНГІ КЕЛБЕТІ. Енді жалпы ауылдарымыздың бүгінгі келбетіне келсек, соңғы 3 жылда ауылдарда жалпы саны 69 медициналық нысан пайдалануға берілген, 260 ауылдық елдімекен интернетпен қамтамасыз етілген. Бұл жалпы ауылдардың 80 пайызын қамтиды. 2026-2027 жылдары бұл көрсеткіш 91 пайызға жетеді деп жоспарланып отыр.

Сондай-ақ, спорт нысандары салынып, пайдалануға берілуде. Бұл ауыл тұрғындарының спортпен шұғылдануларына, салауатты өмір салтын ұстануларына жасалған жағдай. Соңғы 3 жылда ауылдарға жаңа мектептер салынуда. Бұдан бөлек, күрделі және орташа жөндеуден өткен мектептер бар. Сонымен қатар, мәдениет үйлері де жаңадан салынып жатыр. Бұл ауыл халқының мәдени өмірін жақсартуға үлес қосатын нысандар.

* * *

Сонымен Абай облысында ауылды өркендетуге орай ауқымды жобалар жүзеге асырылмақ. Жоғарыда баспасөз қызметі берген материалдар негізінде фактілер көрсетілді. Бұл игі істер жүзеге асырылған жағдайда алыс ауылдардағы қарапайым халықтың әлеуметтік жағдайы едәуір жақсарар еді. Әсіресе шағын ауылдардағы мектептердің жағдай мүшкіл екені белгілі. Жергілікті тұрғындардың қалаларға үдере көшуінің салдарынан әдемі салынған мектептер жабылудың сәл алдында тұр. Мұндағы оқушылардың санының азаюына байланысты мұғалімдер штаты да қысқартылып кеткен. Бұл – мәселенің бір ғана көрінісі.

Ал егер ауылдарда өндіріс орындары ашылып, қызметкерлер мен мамандарға сұраныс туса көптеген елді мекендердің бұрынғы тұрғындары туған ауылдарына оралуына мол мүмкіндік туар еді. Абай облысының азаматтары қолға алып отырған «ҚАЛАДАН – АУЫЛҒА» пилоттық жобасы осынау іргелі іске мұрындық болары анық. Ендеше абайлықтарға сәттілік серік болсын дейік.

Балжан АРИНОВА,
Халықаралық Журналистер одағының мүшесі



Захардин ҚЫСТАУБАЙҰЛЫ
Қазақстанның Құрметті жазушысы

ТЕМІРЛАНДА ТОҒЫСҚАН

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

1864-65 жылдары қазіргі Төле би ауданының жерін аралап, барлаған Дорофеев деген капитан құзырлы генерал Черняевке аталған аумаққа он бес селоны емін-еркін орналастыруға болатыны туралы мәлімет-есеп беріпті. Ол өз жазбасында суы мол, табиғаты көркем аймақты мәңгілік иелену үшін өзендер мен сансыз бұлақтардың бойына переселендерді жедел түрде орналастыру керек екенін баса көрсетеді. Дәл осылай ой түйіп, нақты әрекет етуді ұсынған патша өкілдері аз емес-ті. Мысалы, Арыс өзенінің бойына барлау жүргізген Токарев деген поручик те капитаннан қалыспай, қазіргі Ордабасы ауданы аймағына жеті селоны орналастыруға толық мүмкіндік барын тиісті билік орындарына нақты дәлелдермен жеткізеді.

Аталған, аталмаған да барлаушылар егер Асан қайғының жер-су жайындағы ой-пікірлерімен таныс болған жағдайда, олардың қайсысы да «Мен Жерұйықты таптым!» деп, жар салар еді. Жаңбыр себелесе топырағы батпаққа, балшығы желімге айналып шыға келетін, қыс түссе алтын ай қар құрсауында қалатын Ресей өкілдерін оңтүстіктің қай тарабы да тамсандырып, таңдай қақтырғаны анық. Бұндай жер жәннатын иелену үшін Ресей империясы ештеңеден аянбайтыны, ешкімді аямайтыны айдан анық еді.

Сонымен айтылған сөз айтылған жерінде қалмай, нақты іске жалғасады. 1868 жылы Шымкент уезінде алғаш бой көтерген орыс селосы Беловод еді. Ол әр жылдары Беловодск, Белые воды атанды. Қазақстан тәуелсіздік алған соң Ақсу, кейінірек Ақсукент деген атқа ие болды. Қазір Сайрам ауданының орталығы.

Черняев бастаған Ресей әскері Түркістан өңірін жаулап алған соң переселендер негізінен қалаларға қоныстана бастады. Мысалы, 1872 жылы Шымкентке орныққан ресейліктердің үй саны 50-ден асыпты. Қыскасы олар алдымен қалалардағы мұсылман қауымын далаға ығыстыруға ден қойған. Көп өтпей кең даланың сулы, құнарлы аймақтарын жайлаған байырғы тұрғындарды да қырға, шөлейтке, шөлге көшуге мәжбүрлеп, бар қамқорлықты кеше келген переселендерге жасапты. Оларға қазақтар сыртқы пошымдарына қарап, "қара шекпенділер" деген жалпы атауды таңыпты. Осы орайда мына жайды атап өткен жөн, патша билігі ішкі Ресейден қазақ жеріне орыстарды ғана емес, көбіне көп, негізінен армян, поляк, белорус, украин, еврей, т.б. ұлт өкілдерін қаптатқан. Бұнда сыртқы көзге байқала бермейтін құйтырқы саясат жатыпты. Біріншіден, саяси белсенділеу әрі көзі ашық басқа ұлт өкілдерін орталықтан алыстату; екіншіден, ұйысып отырған аз ұлттарды жан-жаққа шашыратып, ассимиляция процесін тездету мақсаты көзделгендей, ең негізгісі – жаңа жер мен елді мәңгілік иелену. Жалпы осы орайда бір ой қылаң береді. Тәуелсіз Қазақстанның үкіметі ұлы даланың шекаралық аймақтарындағы (шығыс пен батыс) қаңырап бос қалған елді-мекендерге жан бітіру үшін көші-қон мәселесін қолға алғалы қаша-а-н! Бірақ нақты нәтижелерге қол жеткізе алмай келеді. Себебі патшалық Ресейдің көші-қон саясатын қалай жүргізгенінен хабарсыз-ау, шамасы. Сол сияқты колхоздастыру, қазақтарды құнарлы ата қоныстарына қайта орналастыру бойынша 1925-30 жылдары жас Қазақ үкіметі жанашырлықпен жүргізген ауқымды тарихи қозғалыстан да мақұрым. Тіпті Мырзашөлді игеру барысында ол жаққа Оңтүстіктің өзінен ғана ондаған ауылдарды "қопара" көшіріп апарғанын, осы мемлекеттік деңгейдегі науқанда тау тарапта, далалық аймақта отырған талай қазақ ауылдарын жаңа аудандарға қарай ың-шыңсыз көшіріп жібергенін де естімеген сыңайлы. Өткеннен сабақ алмаған, тарихқа мүлде көз жүгіртпеген осындай да министрлер кабинеті болатыны қызық!



Өз арнамызға оралайық. Үкіметтің жайын айта берсек, ұзаққа кетер жайымыз бар. Ата тарихтың телегей теңізіне бой ұрмай-ақ қойсын, құрысын, тұншығып қалар, ең болмаса Ресей генерал-губернаторларының көшіқон саясатын миыңа оп-оңай құйып, түсіндіріп беретін, оны да қойшы, жалпы халықты жерге орналастыру мәселесін бес саусақтай білетін тарихшы Момбек Әбдәкімұлының кітаптарын жата-жастана оқымаса да, бір көз жүгіртіп өтсе, көздері шырақтай жанар еді-ау. Әттең .... «жоққа жүйрік жетпейтін» емес, барымызды, қолымыздағыны көрмейтін заманға тап келгенімізді түсіне алмай-ақ қойдық, тәйірі...

Сонымен... Переселендер көшінің алғашқы бекетіне айналған Беловодскоедан сәл кейін, шамамен екі-үш жылдан соң Оңтүстікте бой көтерген алғашқылар қатарында Тамерлановское да болған екен. Аз өтпей-ақ оның қатарына қосылған Обручевка, Мамаевка, Ермоловка, Чубаровка атты елді-мекендерде тіршілік бұрқ-сарқ қайнап шыға келіпті. Қорыта айтқанда капитан мен поручиктің арманы орындалып, Арыс станциясынан Әулиеатаға дейінгі аралықта қағазға түсірмесең, саусақпен санап тауысуға болмайтын он-сан «овкалар» мен «евкалар» күн күркіреп, жауын жауғанда қаптап шыға келетін қозықұйрықтай күрт көбейіпті. Бірді айтып бірге кетпей, Тамерлановскіге оралайық.

2008 жылы жарық көрген «Ордабасы» энциклопедиясында «Темірлан селосының негізі 1897 жылы қаланған» деп жазылыпты. Бұнда біршама ауытқушылық барына жоғарыда емеурін танытқанбыз. Енді соны нақтылай түссек дейміз. Себебі басқа жазба деректерде, мәселен, «Шымкент қаласының тарихы» және «Шымкент энциклопедиясы» атты еңбектерде (бірінің авторы, екіншісінің құрастырушысы М.Әбдәкімұлы) Шымкент уезіндегі орыс селоларының ұзын саны 1887 жылдың өзінде 18-ге жеткені анық-қанық көрсетіліпті. Ендеше алдыңғылар сапында картаға түскен Тамерлановскоены 1897 жылы пайда болды деу қисынға келмей тұр. Бұл пікірдің шындығын айшықтай түсетін деректер баршылық. Соның сүйенуге, тірек етуге болатын бірегейі мынадай: 1895 жылы Шымкент уезіне қарасты орыс қоныстарында бірқатар мектептер бала оқытуға кірісіпті. Нақты айтқанда Беловодское мектебіндегі оқушылар саны 38-ге жетіпті. Бір қызығы одан бірер жас кіші Тамерлановскоеде 77 бала оқуға тартылған. Алдын ала аңғартып өтейік, осы жетпіс жетіде үлкен мән бар. Тағы бір ескеретін жай аталған селода дәріхана, емхана, аурухана, шіркеу басқа жердегі қоныстарға қарағанда ертерек жұмыс істей бастапты. Демек генерал-губернатордың командасы бұл селоны тірек елдімекен, болашағы үлкен нысан ретінде қарастырғаны байқалып тұр. Сол алғашқы жылдардың өзінде Ресей билігінің өкілдері Тамерлановское мен Чубаровканы қанаттас мекен ретінде бірге дамытуды жоспарлаған сияқты. Жаңа қоныстың мектебі мен ауруханасының бірден іске қосылуы кең көлемде жүргізілген, болашақты ойластыра жасаған әрекеттің нышаны емес пе. Біздіңше солай. Бұның айқын дәлелі алдағы материалдың бірінде, яғни Қазақстан, Орта Азия мұсылмандарының арасынан шыққан тұңғыш жоғары білімді әрі жоғары санатты дәрігер қыз Гүлсім Асфендиярова туралы мақалада кеңірек сөз болады. Айтпақшы оқу мәселесінде Арыс бойындағы Обручевка, Ермоловка мен Мамаевкаға да ерекше көңіл бөлініпті. Осы үш селодағы оқушылар саны 100-ден асқаны бекерден бекер деймісіз.

Біз сөз етіп отырған уақытта Шымкентте 42 мешіт пен медресе, сонымен бірге мұсылманша оқу үйлері болыпты. Бұл жергілікті жұрт та білімілімнен қара жаяу емес еді деген сөз. Сондай-ақ жаңа әлгіде Тамерлановскоедегі мектеп оқушыларының саны 77-ні құрады дедік. Біздіңше осы оқушылардың арасында қазақ балалары болған жоқ дей алмаймыз. Болғанда қандай! Бұған ұзамай Гүлсім Асфендиярова, Жабағы Жақсыбайұлы, Елемес Жәрменұлы сынды тұлғалар туралы жазбаларды оқи отыра көз жеткізетін боласыздар. Сол бір аласапыран заманда қазақ балалары бар мүмкіндікті пайдаланып, ауыл молдасынан хат танып, орыс-түзем мектептерінде оқып, семинарияларға түсіп, мешіт-медреселердің дәрістерінен де шет қалмай, білім алуға аса құштарлықпен ұмтылды емес пе. Тіпті сол қазақ жастарын Бұқардағы жоғары дін мектептерінен де, Қазан, Уфадағы семинариялардан да, тіпті Петербург, т.б. қалалардағы университеттерден де көруге болатын. Ақын Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» деген үміті ақталатын, шындыққа айналатын шақ біреуге білініп, біреуге білінбей, жақындап келе жатты. XX ғасырдың басында қазақтың көкірек көзі ашық, білімді, іскер азаматтары генерал-губернаторлармен қоса жалпы ұлықтардың алдында төменшіктеу, бұқпантайлау уақытын артқа тастап, кіммен де болса тең сөйлесіп, иық теңестіріп қалған еді. Жеме-жемге келгенде ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс болуға тиіс жоғары шенділердің өзіне төбесінен менсінбей қарайтын арыстар бой көрсете бастағаны белгілі. Солардың бірі, бірегейі қазақтың жоғары білімді тұңғыш дәрігер қызы Гүлсім ханым дей аламыз.

II. Таң атар Шолпан туып, сызылғанда...

Темірлан атауының қашан, қай шамада пайда болғаны туралы қысқаша айтып өттік. Шындығында Арыс бойындағы он-сан ауылдарда дүниеге келіп, социализм заманында өсіп-қалыптасқан біздің өлке тарихынан хабарымыз шамалы еді. Енді-енді, тәуелсіздік алғанымызға ширек ғасырдан асқанда барып, ес жиып, етек жауып дегендей, бар-жоғымызды түгендей бастадық. Осы орайда ә дегеннен тіл ұшына Гүлсім Асфендиярова оралады. Ол қазақтан, жалпы Орта Азия мұсылман әйелдері қатарынан шыққан тұңғыш жоғары білімді дәрігер ғой. Айтпақшы ол жалғыз емес-ті. Тағы бір замандасы, қандасы Зейнеп Әбдірахманова екеуі 1908 жылы Петербургтегі әйелдердің медицина институтын бітіріп, Ташкентке келеді. Сәйтеді де жас маман өзін Сырдария облысы, Шымкент уезіне қарасты Тамерлановка селосына учаскелік дәрігер етіп жіберу туралы император II Николайдың атына өтініш жазады. Бір айға жетер-жетпес уақытта жас дәрігердің өтініші қабылданып, ол қызмет орнына аттанады.

Бұл орайда кез келген ірі қалада жұмысқа тұруға толық мүмкіндігі бар, қасқалдақтың қанындай тапшы мамандық иесінің учаскелік дәрігер болуға ниет еткені қалай деген сұрақ туары күмәнсіз. Оның негізгі себебі сол кезде Гүлсім ханымның әкесі, Айшуақ ханның шөбересі болып келетін, генерал-майор шеніндегі Сейітжаппар Асфендияров мырза Шымкент қаласында тұрады екен. Гүлсім Сейітжаппарқызының мақсаты ата-анасына жақындау болса керек. Осы арада еске сала кетейік, ерлі-зайыпты Сейітжаппар мен Күләнданың 4 ұл, 4 қызы болған. Г.Асфендиярова Петербургтегі институтты бітірер қарсаңында оның інісі Санжар да сол қалаға оқуға барыпты. Санжар Асфендияров әскери дәрігер мамандығын алуды ұйғарыпты. Сәл алға озып, бірер сөз айтар болсақ, Гүлсімнің сүйікті інісі Санжар көп өтпей-ақ бүкіл Түркістан республикасына, бүкіл одаққа танымал қоғам және мемлекет қайраткеріне айналыпты. Тұрар Рысқұловпен бірге жұмыс істеп, Түркістан республикасының Денсаулық сақтау халық комиссары, кейін Алматыда да дәл сондай жоғары мансап иесі болған. Бұның үстіне Қазақстан астанасында ашылған тұңғыш Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры, одан соң медицина институтының директоры лауазымында қызмет еткен. Рысқұлов сынды заманының жарық жұлдыздары деңгейіне көтерілген. Мәскеуде қызмет еткен жылдары оны 5 рет Сталин жеке қабылдапты. Бетіне жан қаратпайтын ұлы көсемнің оны қайта-қайта шақыруы бекерден-бекер емес екені белгілі...

Біз, әрине, Асфендиярованы көрмек түгілі, атын да естімегенбіз. Есесіне біраз жылдар бойы заманының теңдессіз сұлуы, теңдессіз емшісі болған жан екі жыл бойы жұтқан ауамен тыныстап, ол ішкен сумен шөлімізді басып, бір кездері ол пациенттерді қабылдаған кабинеттерге емделу үшін біз де барыппыз. Шамасы 1897 жылдың о жақ, бұ жағында салынған аурухана ғимараттары сол шақта болған, әлі де бар. Ал Темірлан қайтадан аудан орталығына айналған 1964 жылы ол күн сайын жүздеген адамды қабылдайтын жалғыз аурухана еді. 1961-67 жылдар аралығында өз басым сол емделу орнында бірнеше рет қаралдым.

Қазір Ордабасы ауданындағы орталық аурухана шағын бір ауылдың орнындай жерді алып жатыр. Бұрынғымен салыстыруға келмейді!

Жолдама қолына тиген соң Гүлсім Шымкентке қарай құстай ұшты. Ата-анасын, бауырларын қатты сағынған еді. Көрмегелі қай заман! Солар үшін Тамерлановка деген өмірі атын да естімеген жерге сұранды емес пе. Жолай айналасына зер салып келеді. Ауа райында, жер жағдайында пәлендей айырмашылық жоқ. Бұл да ыстық өлке. Тек Өзбекстандағыдай дуалмен қоршалған қышлақтар кездеспеді. Қазақ ауылдары да көзге түсе қоймады. Бір таңдандырғаны Қазығұрт асуы болды. Соның бір биігінен өтіп бара жатқанда бір сәт құлағы бітіп қалды. Алыстан ақ басты, қарлы таулар мұнартып тұрды. Бұл таулы да өлке екен.

Кезекті бір биік жотадан өткен соң жол күрт төмен құлдилады. Алдан өзен кес-кестеді. Тағы бір өте биік төбе қапталдасты. Сол ара Өзбекстанға ұқсап кетті. Көшенің екі жағы иін тірескен, дуалмен қоршалған, бір-біріне жалғасқан қыш үйлер екен. Солардан өте бергенде және бір көпір шықты. Қаланың ішінде өзен ағып жатыр. Бұл да Шымкенттің бір ерекшелігі болса керек. Әлгі өзеннен өткенде Гүлсім қалаға келіп кіргенін білді. Шымкент шағын ғана қала көрінеді. Орталығы шамамен екі-үш көшеден аспайды-ау.

Ата-анасы, бауырлары тағатсыздана күтіп отыр екен. Жарыса құшақтауға ұмтылды. Еміренген анасы ешкімге берер емес. Бір күледі, бір жылайды. Гүлсімнің сөйлеуге шамасы жоқ. «Өсіп кетіпті!», «Мына сұлуды қара!», «Соқталдай жігіт!». Осындай таңданыс, сүйсінулер тіл ұшына келіп, бірақ сөзге айналмай, көзінен нұр боп тоқтаусыз төгіліп жатты. Нұр мен моншақ-моншақ ыстық тамшылар мидай араласып кетті. Әкесі... генерал емес пе. Әлі... о-го-го, тіп-тік. Анасы да шүкір, сау-саламат екен. Қызын армансыз аймалап, иіскеп, сүйіп, бақыт құшағына еніп, жасарып шыға келді.

Генерал-майор араласқан соң ғана ана мен баланың құшағы әрең ажырады-ау. Кезек бауырларға тиді. Ақыры әке емес пе, Сейітжаппар мырза шыдамады:

– Әй, мені мүлде ұмыттыңдар ғой.

Гүлсім әке құшағына енді. Басқалар да әкелерін жаңа көргендей жанжағынан жармасты. Бір сәт бәрі балаға, балапанға айналып кеткендей.

Әңгімеге кезек әрең жетті. Бәрін Санжардың жайы алаңдатады екен. Ол туралы жақсы сөз, мақтау, естеліктерден кейін бәрінің көңілдері көншігендей, бірте-бірте мамыражай әңгіме өрбіді. Әкесі Шымкент уезінің жай-жапсарымен таныстырды. Гүлсім жол-жөнекей өзі күткендей қаптаған қазақ ауылдарының көзге түспегенін айтып қалды. «Бұл жерден Тамерлановка алыс па?» деп сұрады.

– Ертең бірге барамыз, – деді Сейітжаппар мырза. – Өзім ертіп апарып, болыстық комитет бастығымен таныстырамын. Олай етуге... мақтануға құқым бар шығар?

– Мен де барамын, – деді Күләнда ана. – Әлде менің мақтануға құқым жоқ па?

– Бар! Бар! Ертең жолға шығамыз.

– Қоя тұр, – деді бәйбіше көңілі бірленіп. – Бізге дайындалуға уақыт керек. Онда Гүлсімжанды күтіп тұрған әкесінің үйі жоқ қой.

– Мен Тамерлановканың болысымен сөйлесіп қойғанмын. Олар да қарап отырмаған шығар.

– Қашан бардың? Айтсаң қайтеді?

– Мен мұнда ай қарап жүр деймісің. Біраз күн қызыңмен бірге боласың. Енді ризасың ба?

– Сөйтпесең генерал боласың ба? – Күләнда ана көңілденді.

Көп ұзамай Шымқаладан іркес-тіркес шыққан қос пәуеске Тамерлановкаға тікелей апаратын күре жолға түсті. Түске таяу сонадайдан бір биік төбе қарауытты. Атақты Қарауыл-төбе! Одан соң жол бірте-бірте құлдилаған сәтте алдан ақ күмістей жалтыраған өзен кес-кестеді. Арыс! «Қандай сұлу! Өзен де осындай сұлу болады екен-ау». Гүлсімнің тіл ұшында бал татыған тәтті сөз айтылмай тұрып қалды. Бойжеткен тамсанды. Шындығында Шымкент уезінде, Оңтүстік өлкесінде, арысы Петербург, берісі Ташкент аймағында мынадай көз тартар көрікті құбылысты көрмеген, жан біткеннің сұлуы Гүлсім бойжеткен таңданды. Күн сәулесімен шағылысып, ақ күміске алтын жалатқандай құбыла жанарды арбаған су арнасы... табиғаттың көркем дүниесі... арғы да бергі жағалауы жасыл тоғаймен көмкерілген, жұрт Ақарыс, Құтарыс деп те сүйсіне атайтын сұлу Арыс әлдеқайда асыққандай арқырап-сарқырап, жер анасына еркелегендей сылдыр-сылдыр әндетіп, күмбір-күмбір күй шалып, «мені көрдіңдер ме?» дегендей сылаң қағады екен. Ол күнде осындай ғой. Дегенмен бүгін бар сұлулығын паш еткісі келгендей ме-ау, сонау жер түбі Петербургтен жеткен хас арумен сән-салтанатын таластырғысы бар сияқты ма, әйтеуір бүгін әдеттегісінен де әдемі, сүйкімді, сырлы, сазды, мөлдір болуға бел буды ма, алғаш көріп тұрған Гүлсімді де, сұлулығына көзі үйренген басқаларды да таңданды-рып-тамсандырды.

Қос пәуеске су жағасында біраз аялдады.

Өзі ерке әрі арынды өзеннің мінезі де болмысына сай құбылмалы болады-ау, сірә. Ол жылдар, ғасырлар бойы қалыптасқан арнасымен жылжи беруден жалығатындай, әсіресе қарлы қыстан кейін асығып, алабұртып жететін жаңбырлы көктемде асып-тасып, арнасынан аунап ағып, бірнеше салаға бөлініп, үйреншікті оң мен сол жағалауларын бірін-бірі кимелеген асау толқындарымен көміп, тіпті бір-бірінен алшақ жатқан, 400 шақырымның ұзына бойында кең көсіле жамбастаған қос жотаның арасын емін-еркін шарлап, еркеліктен еркінсуге аңсары ауып кететіні де бар болса керек. Бұл – жерге де, елге де құт.

ТАҒДЫРЛАР

Арғы да бергі жағалаудағы ауылдар шөпке де, отынға да, арық-атыз тарт-пай-ақ егін сала беруге болатын құ-нарлы алқаптарға қарқ болып қала-ды.

Айта берсек өзеннің тамашасы таусылмас. Бұл бұл ма, қызықтың көкесі алда еді.

Тамерлановканың барша тұрғындары болмаса да бір топ село құрметтілері болыстың пәрменімен ауруха-на алдына жиналып, сонау Петербургтен патша ағзамның тікелей ресми бекітуімен келе жатқан дәрігерді күтіп тұрған. Күтуші топ біраз жайдан хабарсыз болатын. Содан да кейбір шыдамсыздар «Бір дәрігердің соңында өліп кетеміз бе?» деп, күңкілдей бастаған. Мән-жайды білетін болыстың бір-екі өкілі оларды сабырға шақырғанымен өздері де жолға қарап, «келмесе ше?» дегендей күдікке бой алдыруға жақын тұрды.

Кенет күре жолдан бері бұрылған екі пәуеске жеңіл шаң шудалап жақындай берді. Сән-салтанатты қос пәуескені көрген сәтте-ақ шыдамсыздардың мысы басылып, таңданысы бұрқ етті: «Дәрігер емес, уездің үлкен ұлығы келе жатқандай ғой!». Соны растағандай алдыңғы пәуескеден «шынжыр балақ, шұбар төс» генерал шықты. Таңданыс күшейді. Тамерлановкалықтар генералды көріп пе?! Екінші пәуескеден орысша айтқанда, «неземная красавица» түсе бергенде... әйелдері де, еркектері де демін ішіне тартып, «о, боже» дегеннен басқа сөз айта алмады.

Күтушілердікі мақұл дейін, сол кезде тіпті баршадан ақылы асқан, қырық жыл алдағыны болжай алуға тиіс патша ағзам да өз жарлығымен бодандағы қазақ даласының бір қиырындағы қала емес, жай бір елеусіздеу селоға жаңа заманның жарқырап атар таңындай бір ғажайыпты жіберіп, жарылқауға жатпайтын қырғыз-қайсақтарды жарылқап тастамаса да, оларға үміт сыйлағанын, әрине, сезбеді. Иә, бұл «таң атар Шолпан туып, сызылғанда» дегендей, қараңғылықтың ығысып, нұрлы, сәулелі, шуақты шақтың жақындап келе жатқанын байқатпай байқататын нышан еді...

Сол күні орын алған тағы бір оқиғаны еске түсіре кету ләзім. Бір топ темірландықтардың ішінен Гүлсім екі қазақты көрді. Бірі – жасы отызға таяған ауқатты, көзі ашық азамат Жабағы Жақсыбайұлы, екіншісі – бозбала Елемес. «Жергілікті қазақтар сияқты» деген ой келді. Шындығында солай еді. Бұл екеуі де Темірлан Тамерлановкаға айналмай тұрғанда осы жерді ежелден мекен етіп келе жатқан Бөгежілі руының Құртай, Шабай аталарынан тараған жақын ағайындылар болатын. Өздерін аймақтың шын иесі сезінетін олар архивтерде сақталып қалған түрлі құжаттарда «туған жерім Темірлан» деп көрсетіпті. Мысалы, Жәрменұлының «№8 ауылда тудым» деп жазуды жөн көрмегені анық. Ақ патша билігі жүргізген саясаттың құйтырқылығына қараңыз. Патша шенеуніктері ата қоныстарынан қырға, шөлейтке ығыстырылған немесе құмда, тау ішінде отырған қазақ ауылдарына ат қойып жатпай, олар ұсынған атауларды да қабылдамай, санмен белгілеуді заңдастырыпты. Демек уақыт өте келе атам заманнан қалыптасқан жер-су атаулары ұмытылып, бүкіл ұлы дала «овкалар» мен «евкалардан» құралған жасанды әлемге айналады. Жергілікті ұлт анау Америкадағы шерменде үндістер сияқты азайып-тозып, нақтысын айтқанда зоопарктердің көшірмесіндей резервуарларда тіршілік ететін бейқуат бейбақтарға айналуға тиіс. Жазмышы солай.

Болыстың өкілі шағын митингті өткізген соң жаңа дәрігерге, сондай-ақ құрметті қонақтарға ауруханаңы көрсету үшін ішке қарай жүргенде Сейітжаппар мырза орнында тұрып қалды. Әйеліне «сен барсаң болады ғой» дегендей иегін көтеріп, емеурін танытты. Генерал көпшіліктен бөлініп қалған сәтте Жабағы Жақсыбайұлы қасына барып, сәлем берді. Елемес те солай етті. Төре қазақ екі қандасының сәлемін алып, хал-жай сұрады. Аз-кем танысқан үшеу қазақи әңгімеге көшті. Жабағы Асфендияровтарды үйіне шақырды.

– Құдай қаласа әлі талай дастарханда болармыз. Рахмет бауырым. Асығыспын, – деді генерал. – Қызметтегі адаммын. Қазір Шымкентке жүргелі тұрмын. Гүлсім... Гүлсімжан... айналайын...

Әке қанша мықты болса да «Гүлсім осында, жат ортада қалады» дегенді айта алмады. Көңілі босаған шығар. Сәл үнсіздіктен соң тамағын кенеп, дауысын қалпына келтірді де «Темерлановка Шымкенттен алыс емес қой... Сендер барсыңдар...» – деді. Бұл аманатқа жақын сөз еді. Жабағы оны қапысыз түсінді де «Темірлан өзіміздікі ғой. Сіз алаңдамаңыз» деп, қорғаштап жүретінін жеткізді. Әкенің жүзі жылыды. Елместің арқасынан қағып, «Сауатты жігіт сияқтысың ғой» деді. Жабағы басын шұлғып, «Оқытып жатырмыз. Семинарияға оқуға түсуге дайындалып жүр» дегенді қосты.

Күтпеген кездесуден кейін ағайынды-рларға қанат біткендей. Елемес оқуға баратынына енді қапысыз сенді. Себебі генералдың алдында айтылған сөз ағасының уәдесіндей емес пе. Жақсы, әрине. Тек көңілінде жоқ жерден жаңа бір күдік көтеріліп, үмітпен қайшыласа кетті. «Енді шынымен қазақтарды да ақ патшаның жолдамасымен Петербургтен келген дәрігер емдей ме?». Ары ойлап, бері ойлап, бұл сұрақтың шешімін таба алмады. Бір ойы «Ол мүмкін бе? Мүмкін болса, о баста патшалық билік неге бір өлке, бір аймақта аралас отырған екі халықты орыс және қазақ болыстықтарына бөліп тастады? Біз Темірланда жүрсек те бұл болыстық тұрғындарына жатпаймыз. Сонда... Бұл қандай...».

Бозбаланың ой түбіне жете алмай басы қатты. Жабағы да алаң көңіл күй кешті. Қарап отырса, орыс болыстықтары күн санап дамып барады. Күні кеше бой көтерген Темірланда аз уақытта қызыл кірпіштен мектеп, дәріхана, аурухана салынды. Енді міне, қазақтың қызы... Ал билік қазақ болыстықтарын кірпік қақпай бақылайды, қамқорлықтың нышаны да жоқ. Сонда біз... Арғы жағын ойлаудың өзі қорқынышты.

Қалай дегенде де аталған оқиғадан ағайынды екеу зор әсер алып, өмірге басқашалау қарай бастады.

Енді Г.Асфендирова мен Темірланға байланысты тарихтың орыс жазбаларында қалай таңбаланғанына тоқталайық. Мақала авторы жанынан анау-мынау қосқан шығар дегендей екіұшты пікір тумас үшін мәтінді түпнұсқада көшірмелейміз: **«Вероятно, санитарный пост в Тамерлановке обслуживал участок в 24 км² с населением около восьми тысяч человек. Кроме жалованья, участковый лекарь получал компенсацию «столовых», «на переводчика», «на проезд» и «прочие расходы», – в общей сложности 2680 рублей в год; ежегодно полагался 10-дневный отпуск, а раз в четыре года – отпуск четыре месяца и повышение жалованья «за выслугу» приблизительно на 10 %».**

Келтірілген мәтінге бүгінгі күннің танымына орай түсініктеме беруге тырысайық. Біріншіден, «санитарный пост в Тамерлановке» деген анықтама біраз жайдан хабар береді. «Пост» сөзі қазақша «бекет» деген мағынаны береді. Мысалы, «шекара бекеті», «теміржол бекеті», «кеден бекеті», т.б. Демек бұл пост-бекетте отырған дәрігердің үнемі қозғалыста болатынын білдіреді. Екіншіден, мәтінді ары қарай оқығанда осыған анық көз жеткіземіз. Дәрігер тұрғындар саны 8 мыңға жуық, көлемі 24 шаршы шақырым аймаққа (участке) қызмет көрсететінін шегелеп тұр. Ал ол кезде Тамерлановкада 8 мыңдай тұрғын жоқ. Сондай-ақ 24 шаршы шақырым дегені де алысқа қол сермеп тұр. Тамерлановка селосының осы аттас орыс болыстығының орталығы екенін ескерсек, арғы жақтан Чубаровка, Мамаевка, Обручевка және Ермоловка деген елдімекендер төбе көрсетеді. Міне осы аталған селоларды қоса есептегенде барып, «участке» деп, елеусіздеу аталып отырған аймақтың географиясы шыға келеді. Мәтінді ары қарай оқығанда дәрігердің бүгінгі түсінікпен айтқанда «жедел жәрдем» бекеті сияқты қызмет көрсететіні белгілі болады. Өйткені учаскелік емшінің тамаққа, аудармашыға, жолпұлға және басқа да шығындарды қоса-нда жылына 2680 рубль жалақы алатыны көрсетілген. Бұл орайда тек «аудармашыға» деген компенсациясы ғана екіұштылау естіледі. Оны да түсінуге болады. Өйткені бұндай келісімшарттардың ортақ мәтіні Петербургте түзілетіндіктен, мысалы, Асфендияровтың жағдайында жанама талап ретінде ғана рөл атқарады деу дұрыс шығар.



Қорыта айтқанда бар күш пен мүмкіндікті Түркістан әскери округінің қуаты мен беделін арттыруға жұмсап отырған билік өз мақсатына өте қажетті мамандық иесіне тұрмыстық-әлеуметтік жағдай жасауға келгенде сараңдық танытпайтыны анық көрінеді. Өкініштісі, әлде Құдайға шүкірі, кезінде осылай шетқақпайлап, төмендетіп, «туземный» деп, намысқа тиіп отырмай, аздап қамқорлық танытып, тең құқықтың шетін шығарып қойғанда... онда, бәлкім, Ұлы даланың бодандық бұғауына мәңгілікке шырмалуы мүмкін бе еді... Құдай сақтапты дейікші.

Аз уақытта Гүлсім дәрігердің беделі тез өсіп, атағы Ташкентке жетеді. Оны қызметке шақырушылар көбейеді. Содан 1910 жылы Наманган уезінің, орысша айтқанда, «Папский сельский врачебный участок» аталатын бекетіне ауысады. Жұмысы біршама жеңілдейді. Біздіңше бұл ауыс-түйістің басты себебі – әкесі Сейітжаппар мырзаны Түркістан генерал-губернаторының Ташкентке қайта шақыруында. Олай болатыны қазақ, өзбек, сарт, тәжік, орысы мидай араласқан, кімнің кім екенін біліп болмайтын, халқы тығыз аймақта, біраз бөлігі әлі хан билігін жоғалтпаған Өзбекстанда ақ патша әлі аяғынан сенімді, нық тұра қоймаған, қауіп сейілмеген. Осындай-осындайлар қазақтан шыққан генералға деген қажеттіліктің артуына себебін тигізген дағы.

Арада тағы сол екі жылдай уақыт өткенде Гүлсім ханымға әкесі Хиуа хандығының уәзірі жасаған ұсыныстың жеткізеді. Осы арада тағы бір тосын ой ұшқыны жылт етеді. Сейітжаппар Асфендияровты генерал-губернатор ғана емес, хан билігінің құзырлы өкілдері де жақсы танып, құрметтегені ғой. Екі ортада әкесі тұрған соң бұл ұсыныстан қызы да бас тарта алмаса керек. Тек жалақы мен зейнетақы кепілдігі Ресей медициналық қызметіндегі мөлшер-деңгейден кем болмасын деген талабын жеткізеді. Сонымен екі тарап келісімге қол қойып, 1913 жылы Асфендиярова Хиуа қалалық ауруханасы бас дәрігерінің акушер-ассистенті міндетін атқаруға кіріседі. Осы орайда мынадай жаңалықты айтудың реті келіп тұр, қалалық ауруханада, тұтас Азия өлкесінде тұңғыш рет Кесарева сечения, яғни баланы ішті жарып алу арқылы дүниеге әкелу отасы іске асады. Бұнда, әрине, негізгі жауапкершілік әйелдер дәрігері, акушер Гүлсім ханымға түсетіні белгілі.

Асфендияровтар әулеті турасында сөз қозғағанда олардың қай-қайсысы да ылғи екі оттың ортасында жүргенін есте ұстаған мақұл. Жалпы Орталық Азиядағы жағдай «аққу – көкке, шортан – көлге тартады» дейтіндей болып тұрған-ды. Текті тұқым өкілдері Хиуаның да, Петербургтің де билігін толық, жүрекпен қабылдай алмады. Қанша дегенмен бұл қазақтың, ұлт арыстарының оянған кезеңі ғой. Алапат өрттің лап етуіне қызарған бір шоқ қана жетіспей тұрған.

Сол жағдай ушығып тұрғанда, яғни 1914 жылы Асфендиярова Ташкентке оралады. Бұл кезде Петербург әскери медицина академиясының түлегі Санжар Асфендияров дәрігер ретінде орыс-герман соғысына қатысуға мәжбүр болады. Содан 1914 жылы тұтқынға түсіп қалады да, 1916 жылы тұтқыннан босап, Петербургке оралады. Қысқасы Асфендияровтар өмірінде нағыз аласапыран басталады. Сондықтан отбасы мүшелері Ташкентте бас қосып, бірігуге ұмтылған екен. Ақыры оның да реті келеді. Ұзамай Орта Азияның кіндігінде байырғы бірнеше ұлттың халқы мен жерін біріктірген Түркістан Республикасы құрылады. Бұл кезде бәрі дерлік Ташкентке жиналған Асфендияровтар, әсіресе Гүлсім мен оның сүйікті інісі Санжар жаңа республиканың қалыптасып, дамуына үлкен үлес қосады. Міне, өзіңіз байқап көріңіз:

Гүлсім ханым әкесінің көмегімен 30 кереуеттік жекеменшік перзентхана ашады.

Патриоттық және әлеуметтік қозғалыс бағытын қолдайтын әкенің бұл орайда дәрігер қызына әлбетте әсері тиді. Г.Асфендиярова қоғамдық жұмысқа қатты ден қойыпты. Інісі Санжардың аштыққа ұрынған, баспанасыз қалған бейбақтарға көмек беруге бағытталған қоғамдық негіздегі іс-әрекетіне де белсенді араласады.

1920 жылы ол әйелдердің акушерлік курсын ұйымдастырады. Кейіндеу бұл курс медицина техникумының құрамына өтсе де құрылтайшы Гүлсім Асфендиярова оқу орнында дәріс оқуын жалғастыра береді. Тізе берсек оның ақысыз-пұлсыз атқарған жұмыстарының өзі ұшан-теңіз. Оқытушы бола жүріп қалалық балалар ауруханасындағы белді қызметкердің бірі ретінде танылғаны тағы бар.

Жалпы Асфендияровтардың Өзбекстан медицинасын дамытуға қосқан үлесі зор. Айталық, Санжар Асфендияровтың Түркістан республикасы денсаулық халық комиссары қызметін атқарғаны өз алдына бір әңгіме. Ол Алматыға ауысқан соң да дәл осындай комиссарлыққа тағайындалды. Тұңғыш қазақ мемлекеттік университетінің ректоры міндетін де абыроймен атқарып, жаңа оқу орнын қалыптастырды. Қазақ үкіметі оның білімі мен ұйымдастырушылық қабілетін, бастысы халықшыл, отаншыл қасиетін барынша пайдаланды. Қазақтың тұңғыш медицина институтын ашу міндетін Санжар Сейітжаппарұлына тапсырды. Гүлсімнің сүйікті інісі ата-ның емес, халықтың біртуар перзентіне айналды. Оның араласпаған саласы кемде-кем. Қазақтан шыққан тұңғыш профессор, қазақ тарихын тұңғыш кітап етіп жазып шыққан ғалым. Айта берсе... бұл енді ұшы-қиыры жоқ хикая.

Иә, қазақ деген халық өз перзенттерін ешқашан ұмытпайды, ескерусіз қалдырмайды. Бәлкім дейікші, бірде-бір ұлт көтере алмай, жер бетінен біржола жоғалып кетуі мүмкін небір аласапыран нәубеттерді бастан кешірген біздің асыл текті ата-бабаларымыз бірінен кейін бірі төніп тұрған қайғы-қасіреттен сәл ес жиған соң-ақ арыстарының атын жаңғыртып, еңбектерін бағалап, небір қиямет жалақүйелерден тазартуға көшкен ғой. Бір таңданарлығы бар жиған-терген дүние-мүлік, байлық-қазынасынан толайым айырылса да, бір үзім нанға зар күй кешсе де, апырай, жадын сақтап қалыпты. Қағазға түспеген, тасқа қашалмаған бүкіл тарихы, өмірі, мыңмиллион ата-баба, үрім-бұтағының аты-жөніне дейін, хан демей, қойшы-малшы демей, шашау шығармай жады мен жүрегінде сақтай алыпты. Осының бір мысалы ретінде Санжар арыстың ел-жұртына қайта оралып, халқымен бірге жасап келе жатқанын айтсақ болады. Бірақ бұл орайда Өзбекстан бұйығы. Әйтпесе, жоғарыда айтып өттік, Асфендияровтың туысқан екі халықты бөлмей-жармай, Ташкентте, Алматыда, тіпті Мәскеуде қалай еңбек еткенінің шет жағасын еске салдық. Гүлсім ханым ше! Ташкент оны ұмытуға тиіс емес қой. Асфендияровтарды айтып отырмыз, ал Санжардың сүйген жары асыл текті, білімді Рабиға сұлу ше! Сол Рабиғаның әкесі Сералы Лапин заманының озық ойлы азаматы, арысы емес пе еді. Петербургте мешіт салдыруды қолға алып, үлкен іс тындырғанын славяндар ұмытқан шығар, мұсылмандар естен шығармауы керек қой. Сол Лапин мырза Ташкентте жүргенде тұңғыш орысша-өзбекше сөздік жасап шыққан тұлға. Бұл да ұлтқа бөлінбей, ұйыса, бірлесе өмір сүру дегеннің жарқын бір мысалы дегеніміз жөн, әлбетте.

Мыңдаған адамды емдеп, шипагерлікке үйреткен дәрігер әрі ұстаз Гүлсім Сейітжаппарқызының өмірі қысқа болды, алпысқа жетпей өмірден озды. Өз ажалынан емес, жаладан, күйіктен, шамасы. Санжар Асфендияров, теңдессіз талант иесі, ерекше іскер, телегей-теңіз білімді, саусағының ұшына күйе жұқтырмаған, оны айтамыз-ау, тозаң қондырмаған ақ адал інісі «халық жауы» атанып, абақтыға қамалғанда шығарда жаны бір Гүлсім әпкесі өзін қоярға жер таппады. Басқалардың да аузынан оны жұбатарлық сөз шықпай, тілдері байланды. Періште әпке айықпас дертке шалдықты. 1937 жылы бауыры атылардан бұрынырақ мына жалған дүниені тәрк етіп кете барды.

* * *

Далалықтар Шолпан жұлдызын айрықша жақсы көреді. Ару, ақылды қыздарын мақтағанда осынау аспан шырағына теңейді. Ақындар жырға қосады.

Ауылым көшіп барады
Қызылжарға,
Таң атар Шолпан туып,
сызылғанда, –

деп, әннің ажарын аша түсу үшін де пайдаланатынымыз бар. Бірақ, бір қызығы, шындығында Шолпан қараңғылық қоюланғанда, яғни кешкілікте туатын жұлдыз екен. Солай бола тұра, таң алдында шығар Күннің хабаршысындай болып, ерекше жарқырап, нұрланып кететін қасиеті бары белгілі. Сондықтан да оны жұрт Таңшолпан деп әспеттейді. Бұл жағынан ол көк жұлдызының жердегі сыңары сынды Гүлсімнің болмысына ұқсайды. Асфендиярова да туған халқы аласапыран, қараңғы кезге тап болып, бағыт-бағдар таппай қиналғанда көңілге медеу, болашаққа үміт сыйлайтын шырақтай жанды емес пе. Тыныштық көрмей, тұрмысқа да шықпай, бар қарым-қабілетін, білімін, ақыл-парасатын толайымен еңбек етуге жұмсағаны анық. Тіпті табиғат сыйлаған теңдессіз сұлулығын да осы жолға тәрк еткен жан.

Міне, Гүлсіміміз, Шолпан жұлдызымыз, аңсаған таңымыз арайланып атты. Ұзақ жылдар жадымызда сақталып, жүрегімізде өмір сүрген ардақтымызды кең дүниеге шығарып, жарқыратып, өз биігіне қондыратын уақыт жетті емес пе. Ендігі самарқаулығымыз қазаққа тән қасиетке жатпаса керек.

(Жалғасы бар).



Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

ҚОСЫЛМАҒАН ҚОС ЖҮРЕК

Жеңіс күні қарсаңында ойламаған жерден Оңтүстік өңіріндегі Кентау қаласына жолсапарға жүретін болдым.

Аптасына бір рет болатын лездемеден соң, бас редактор:

– Дәркеш, сен сәл бөгеле тұршы, өзіңе айтатын бір тапсырма бар еді, – деді әдеттегіше қасын керіп. – Өзің де жақсы білесің, Ұлы Отан соғысының 50 жылдығы жақындап қалды. Осы қасиетті мерекеге газетіміздің бір нөмірін толық арнайық деп жоспарлап отырмыз. Республикалық әскери комиссариаттан хабарласып, бір қызықты дерек айтты. Кентау қаласында тұратын Әбдірайым деген ағайын жарты ғасырдан соң майданда көрсеткен ерлігі үшін Жауынгерлік Қызыл ту орденімен марапатталыпты. Игіліктің ерте, кеші жоқ емес пе? Награда иесін тапқаны дұрыс болған. Әлгі кісі мен жұбайы 12 бала тәрбиелеген ардақты ата-ана. Жеңіс күніне арналған газетімізге дәл осындай кейіпкер өзінен-өзі сұранып тұр. Мұндай тақырыпқа сенің икемің бар. Менен шыққан соң, құжаттарыңды дайындап, ертеңнен қалмай жүріп кет. Фототілші алмай-ақ қой. «Оңтүстік Қазақстан» газетінің Бас редакторы менің курстасым, оған ескертіп қоямын. Өзіңді сол газеттегі әріптестерің қарсы алады. Ал, жолың сәтті болсын!

Ертесіне Алматы – Шымкент жүрдек пойызына билет алып, сапарға аттанып кеттім.

Облыс орталығы мен Кентау қаласының арасы 200 шақырымдай болып шықты. Лыпып тұрған жүрдек шетелдік көлікке ол сөз болып па, көздеген жерімізге екі сағаттың шамасында жетіп бардық. Біздің келетінімізден алдын-ала хабардар Әбдірайым қария және ұл-қыздары фототілші екеумізді көк қақпалы үлкен үйдің алдында қарсы алды. Алғашқы көрген адамын өзіне бірден баурап алатын жылы жүзді, аузын ашса, көмекейі көрінетін жандар болады. Болашақ кейіпкерім маған бірден ұнады. Жасы жетпістен асса да, кәрілікке сыр бермепті, бойы тіп-тік. Бірінші рет кездесіп тұрсақ та мені өзіне жақын тартып, еміне-еркін сөйлесіп кеттік.

– Түу, шырағым-ай, бір аяғы төрде, бір аяғы көрде тұрған мен сияқты шалды әлдеқандай қылып, сонау Алматыдан іздеп келіп отырсың. Басқаны қойшы, қырық жыл отасқан кемпірімнің алдында абыройымды бір көтеріп тастадың, – деді сөзін әзілге бұрып. – Орден мен медальді кім алмай жатыр дейсің? Жол жүріп шаршап келдіңдер, қарақтарым. Ең бірінші, шай ішіп әлденіп алыңдар. Әңгіме орманға кетіп қалатын қасқыр емес, төрлетіңдер.

Үйдегі апамыз да әзіл-қалжыңға келгенде қара жаяу болмай шықты, қамшы салдырмайды.

– Менің момын шалым аяқ асты батыр болып, үйде отырмайтын болды. Беспентінің өңіріне темір орден таққалы бері тыныштық жоқ, анда шауып, мұнда шауып жас жігітше желкілдейтінді шығарды. Мен сияқты он екі бала туып, ардақты ана болып алтын медаль тақса, отағасын үйде ұстап отыру қиынға соғар.

Қартайса да келісті келген әжеміздің әдемі әзіліне бәріміз ду күліп, мәз болдық.

Шай ішіліп, қария екеуміз оңаша қалғанда бұрынғы майдангер-жауынгерді әңгімеге тарттым.

– Ей, шырағым-ай, соғыстың беті әрман болсын! Талай қырғынды өз көзіммен көрдім. Небір боздақтар көз алдымда өмірмен қоштасып, ажал құшты. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген рас. Сталинградтан Берлинге дейін жүріп, үлкенді-кішілі шайқастарға қатыстым. Елден ерекше ерлік, батырлық көрсеттім деп айта алмаймын. Өзім сияқты солдаттармен қатар соғыстым, тәртіп қатал болды, бәріміз соған бағынамыз. Атақты Сталинград түбіндегі бір жойқын шайқас есімде қалып қойыпты. Шағын өзеннің үстіндегі көпір өте маңызды нысана болатын. Соны қорғау біздің ротаға тапсырылды. Командіріміз жиырма бестен енді асқан Прикодка деген украиндық жігіт еді. Шабуыл кезінде солдаттармен бірге алдыңғы шепте жүретін батыл, ержүрек, әрқашан да қара қылды қақ жаратын әділ командирді бәріміз жақсы көріп, сыйлаушы едік.

Сол күні нағыз арпалыс болды. Түске дейін фашистердің екі жойқын шабуылын қайтардық. Жау күші басым болса да, кері шегінбей, көпірге жолатпадық. Рота командирі ауыр жараланды, бірақ майдан шебін тастаған жоқ. Түс ауа немістер қайта шабуылға шықты. Бұл жолы алдарына ауыр салмақты «Тигр» танкісін салып алға жылжып келеді. Қыркүйек айының басы. Түні бойы жаңбыр жауып, жер былжырап езіліп жатыр. Прикодка жараланған кеудесін ұстап, маған қарады, бұйырған жоқ. Егер мына тажалдың көзін тез құртпасақ, – бізді таптап-жаншып өтетін түрі бар. Ішімнен Аллаға сыйынып, қолыма қос гранат алып, жер бауырлап алға жылжыдым. Жарылған снарядтан қопарылып түскен үлкен қарағашты тасалап, танкінің жақындағанын күттім. «Тигр» бес-алты қадамға жақындағанда қос гранатты кезек-кезек лақтырдым. Гүрс-гүрс еткен ауыр дыбыстан құлағым тұнып жүре берді. Танкінің лапылдап жанып жатқанын анық көрдім. Сол-ақ екен біздің рота жауынгерлерінің уралаған айбынды дауысы шықты... Осы шешуші шайқаста біздің ротаның жартысы майдан даласында шейіт болды. Бірақ, бұйрықты орындап, көпірді жауға бермедік. Ауыр жарақат алған рота командирі, лейтенант Прикодконы содан кейін жолықтырмадым. Мені елу жылдан кейін тапқан награданы сол сарбаздың ұсынғанына кәміл сенемін. Құдайға шүкір, көретін қызығым бар екен, елге аман-есен оралдым.

Бұрынғы солдат сол бір сұрапыл жылдарды есіне алып, сәл үнсіз қалды.

– Әй, Алпамыстың ұрпағы, соғыста көрсеткен ерліктеріңді айтып болдың ба? Тамақ пісіп қалды. Әңгімеңнің қалғанын шай үстінде айтарсың, – деген бәйбішенің сөзі бұзып жіберді.

Біз Шымкентке жол жүрерде отағасы мен кемпірін бірнеше рет фотосуретке түсіріп алдық.

– Әй, кемпір, – дейді Әбекең елу жыл отасқан жұбайына қалжыңдап, – сен Батыр ана атанып, көмзолыңа алтын медаль таққаныңда сонау Алматыдан ат шаршатып, арнайы журналист, фототілші келді ме? Міне, менің арқамда бүкіл Қазақстанға атағың дүркірейін деп тұр. Әр нәрсенің қайтарымы болады, кемпірім. Естіген құлақта жазық жоқ. Патшамыз екі әйел алуға рұқсат беріпті. Тоқал алуыма қарсы болмайсың ба, бәйбіше?

– Қалт-құлт етіп әрең жүріп, дәмесі зор өзінің. Әй, тоқал алам десең, ала бер! Жас тоқалыңды жұмсап қойып, қолымды жылы суға малып рахаттанайын бір.

– Міне, мынауың жөн. Кең болсаң – кем болмайсың, сары бәйбішем.

Ерлі-зайыпты жандардың жарасымды әзілінен жанымыз жадырап, үлкен-кішімен қоштасып, бізді күтіп тұрған көлікке бет алдық. Бізді Шымкент теміржолына дейін Әбекеңнің ортаншы ұлы Темірбек шығарып салатын болды.

– Аға, неге сонша асықтыңыздар? Кентаудың маңайында да демалатын көрікті жерлер бар. Бір-екі күн демалғандарыңыз дұрыс болар еді, – дейді қалалық оқу басқармасының бастығы болып қызмет атқаратын Темірбек қонақжайлылық танытып.

– Ниетіңе рахмет, бауырым! Бүгін кешке Алматыға жүретін жүрдек пойызға билет алып қойып едім, – дедім ниетіне іштей риза болып.

Бұл кез Тәуелсіздігімізді алған 1995 жылдар еді. Туған анамның бауыры ауырып, кәдімгі асқабақтың дәнін іздеп жүргенмін. Алматының біраз базарларын араладым, бірақ құстың сүтіндей болып таптырмады.

– Темірбек, Оңтүстікте асқабақ өнімі көп өсіріледі деп естимін. Анама ем үшін керек еді, базарда асқабақ дәні табыла ма? – дедім әңгіме арасында.

– Осыдан бір ай бұрын маған дәріс берген атақты профессор да асқабақ дәнін сұрап еді, бір өзбектің әйелі тауып берген болатын, – деді Темірбек. – Әлі уақытыңыз бар, базарға соға кетейік, ағасы.

«Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан» демекші, іздеген өзбек әйелі базардағы орнынан табыла кетіп, үш кілә асқабақ дәнін сатып алып, адам құжынаған сауда орнынан көңілді шықтық.

– Әк алыңыздар, әк алыңыздар!

Базардың кіре берісіндегі бір бұрышында бүкшиіп сауда жасап отырған жас әйелдің жалынышты үні мені селк еткізді. Таныс дауыс, жалт қарап, өз-өзіме сенбедім. Жүрегім дүрсілдеп, көкпар тартып кеткендей болды. Үш-төрт қадам жерде талай жігіттің аспандағы қол жетпейтін жұлдызы болған, бір кездердегі айдай сұлу Айша бір уыс болып бүрісіп, әк сатып отыр. Бір жақсысы, ол мені байқамады. Айшаның Кентаудағы бір жігітке тұрмысқа шыққанын, кеншілер қаласындағы бір мектепте мұғалім болып жүргенін сырттай білетінмін. Мына мүсәпір түріне қарап, оның бір бәлеге ұшырағанын іштей сезіп, жандүнием алай-дүлей болып кетті. Жанымдағы Темірбек маған аңтарыла қарап қалыпты.

– Сіз Айшаны танушы ма едіңіз? – деді таңданғанын жасырмай.

– Иә, бір аяулы қарындасым еді...

Мен ауыр күрсіндім. Қимас жанымды айдаладағы елсіз аралға тастап кетіп бара жатқандай, артыма жалтақ-жалтақ қарап, бізді күтіп тұрған көлікке бет алдым. Жанына барып жағдайын сұрағым келді, бірақ, батпадым. Бір жағынан нәзік жанын жаралағым келмеді. Жол бойы өз-өзіммен болып, өткен күндер көз алдымнан көлбеңдеп өтіп жатты.

Алыстағы Украинада әскери борышымды өтеп, туған ауылыма оралған соң, әскери есепке тұрмақшы болып аудан орталығындағы әскери комиссариатқа барғанмын. Автобекетте ойламаған жерден мектепте бірге оқыған Кәдірбекті кездестірдім. Он жыл бойы мектеп қабырғасында бірге болған досым баяғы әдетіне басып, мені құшақтап, сілкілеп, әр жерімнен түйгіштеп, мәз-мәйрам болды да қалды.



– Әй, бұйра бас, амансың ба? Айдан түстің бе, жоқ, жердің астынан шықтың ба? Амансың ба, ей, жауынгер сарбазым! Әскерден қашан оралдың? Барып тұрған маубассың сен, қанша хат жаздым, бір жауап бермедің. Әйтеуір, аман болсаң болды, – деп әбден есімді шығарды.

Кәдірбекті бала кезімнен білемін, екеуміз интернаттың қара нанын бөліп жеп, бірге өстік. Арамыздан қыл өткен емес, жақын доспыз. Сырт қараған көзге мені құшақтап шыр айналдырып, әр жерімнен түйгіштеп жатқаны біреуге ерсі болып көрінуі мүмкін. Оның түбі түскен шелек сияқты даңғырлап қалған мінезін жақсы білемін. Мұнысы – мені сағынғаны, жақсы көргені.

– Түу, Кәдірбек-ай! Сомадай жігіт болсаң да, әлі балалығың қалмапты, – дедім ыржиып. – Есімді шығарып жібердің ғой. Бөтен біреулер бізді төбелесіп жатыр екен деп ойлап қалар, ұрғаныңды қойшы, көкетайым. Өзің қалайсың, аман-есенсің бе?

– Мені Құдай алар дейсің бе, сол баяғыдай, Алматыда оқып жатырмын. Қысқы каникулға келген бетім, – деді Кәдірбек қисайып кеткен бас киімін түзеп.

– Сәлеметсіз бе, Дәркеш аға? – деп сыңғыр ете қалған нәзік дауысқа жалт қарап, Кәдірбектің туған қарындасы Айшаны әрең таныдым.

– Айша, айналайын, сенсің бе, амансың ба, қалқам. Жағдайың жақсы ма? – деп бетінен сүйдім. «Кішкентай қыз өспей ме, көкейіңді теспей ме» демекші, кеше ғана қуыршақ ойнап жүгіріп жүретін кішкентай ботақан көзі боталаған әдемі қыз болып өсіп қалыпты.

– Әй, данышпан, – деді Кәдірбек үстімдегі әскери бушлатымның етегінен тартып, – бүгінгі жоспарың қандай, не істемексің?

– Әскерден оралған солдатта қандай жоспар бар дейсің. Военкоматқа барып, есепке тұрдым. Енді ауылға қайтамын, – дедім қолымдағы қол сағатыма қарап.

– Өзіңше тәртіпті бола қалыпсың ғой, жолдас кіші сержант. Қиқаң-сиқаңды қойып, дәл қазір біздің ауылға жүресің, әйтпесе, әкеңді танытамын. Жарты сағаттан соң автобус жүреді. Апама тосын сый жасайық, сені кеше ғана сұрап жатыр еді.

– Үйге тез ораламын деп айтып қойып едім. Ата-анам алаңдайтын болады. Тағы бірде барайын, – дедім тартыншақтанып.

– Әй, данышпан, көткеншектей беретін әдетіңді әлі қоймағансың ба? Айбынды Кеңес армиясында екі жыл болғаныңды қайтейін, былқылдап-сылқылдағаның қалмапты. Алып қашып кететін қыз емессің, қылтыңдағаныңды қой, көп сөйлеме. Кеттік, ауылға барамыз.

Қатаң кесте бойынша жүретін кішкентай сары автобус Алатаудың етегіндегі Кәдірбектің ауылына қарай тепеңдей жөнелді.

Жаз шыға мен де Алматыға аттанып, өзім бала кезден армандаған КазГУ-дің журналист даярлайтын бөліміне оқуға түсіп, студент атандым. Кәдірбек бұл кезде политехникалық институттың үшінші курсында оқиды. Өмір біздерді қайта табыстырып, жастық дәуренді бірге өткізіп жаттық.

Екінші курста оқып жүргенде Жамбыл қаласындағы облыстық газетте үш айлық тәжірибеден өтіп жүргенмін. Жанымдағы курстасым Марат екеуміз бір демалыс күні орталық саябаққа барып серуендеп жүргенбіз. Ойламаған жерден біреу «Дәркеш аға!» деп арқамнан қапсыра құшақтай алды. Жалт қарап, Айшаны бірден таныдым. Мен көрмеген екі жылдың ішінде талшыбықтай бұралған әдемі бойжеткен болыпты.

– Амансың ба, қалқам? – дедім Айшаны кездестіргеніме қуанып. – Жағдайың қалай? Ата-анаң аман-есен бе? Өзің бойжетіп, әдемі болып кетіпсің ғой.

– Кішкентай қыз өспей ме, көкейіңді теспей ме, аға? – деді Айша сыңғырлай күліп.

Күлгенде екі бетінің ұшында кішкентай шұңқырлар пайда болып, аққұбаша алма жүзі сүйкімденіп кететіндігін дәл қазір аңғардым.

– Кәдірбек көкем сізге айтқан болар, мен Жамбыл педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түстім. 1-курс студентімін, – деді маған еркелей қарап.

– Кәдірбек диплом жұмысымен Текелі қаласындағы рудникте жүр. Бір-бірімізді көрмегенімізге жарты жылдай болып қалды. Студент болуыңмен шын жүректен құттықтаймын! – деп досымның қарындасының бетінен сүйдім.

Екеумізге сүйсіне қарап тұрған Мұрат бізге жақындады.

– Айша, танысып қой, Мұрат екеуміз КазГУ-де бір курста оқимыз, облыстық газетте тәжірибеден өтіп жатқанымызға екі жарым айдай болып қалды, – дедім жанымдағы жігітті таныстырып.

– Сізбен танысқаныма қуаныштымын! – деді Айша әнтек жымиып.

Тамыз айының сол бір тамаша күні үшеуміз саябақта серуендеп. «Ботакөз» кафесіне бас сұғып, балмұздақ жедік, киноға бардық, үшеуміз саябақтың алдында фотосуретке түстік. Кешке Айшаны жатақханасына дейін шығарып салғанымызда, сұлу жүзі балбұл жайнап тұрды.

– Айдай сұлулығы мен келбетіне жан дүниесі жарасқан нағыз ару қыз екен, – деді Мұрат екеуміз автобуспен қайтып келе жатқанда. – Сен байқадың ба, саған деген іңкәр сезімін қанша жасырғысы келсе де, сені ұнататыны байқалып тұрды.

– Ой, Мұрат, сен де айтасың-ау! Қайдағы сезімді айтып тұрсың? Ол әлі бала емес пе, оның үстіне Айшаны туған қарындасымдай сыйлаймын. Ата-анасын да жақсы танимын, – дедім қызарақтап.

– Мен де бірдеңе білемін, досым, сенің орныңда болсам, мынадай перизаттан ажырамас едім, – деді Мұрат басын шайқап. – Жасың 23-те болса да, әлі тым аңқаусың.

Арада жарты ай өткен соң, газеттегі тәжірибеміз аяқталып, Алматыға қайтатын болдық. Айшамен қоштаспақ болып жатақханасына іздеп барып едім, бір бөлмеде тұратын құрбыларының бірі ауылына кеткенін айтты.

– Ағай, сіз кім боласыз? – деді студент қыз жөн сұрап.

– Айшаның ағасымын, атым – Дәркеш. Алматыға қайтып бара жатыр едім, құрбыңызға менің келіп кеткенімді айта саларсыз, қарындас.

– Ә, Дәркеш ағай сіз екенсіз ғой. Сізді Айша аузынан бір тастамайды. Қап, үш сағат ерте келгеніңізде, онымен жолығар едіңіз, – деді сары қыз өкініш білдіріп. – Міндетті түрде сіздің сәлеміңізді жеткіземін. Хош болыңыз, аға! Жолыңыз болсын!

– Рахмет, айналайын!

Көңіл-күйім түсіп кетсе де, ыржиып күлген болдым. Өмірімде бірінші рет бір асылымды жоғалтып алғандай күй кешіп, аялдамаға көңілсіз бет алдым.

Көп ұзамай Айшадан хат келді. Өзінің амандығын айтып, сол күні ауылға кетіп қалғанына қатты өкініпті. Хатпен бірге Мұрат үшеуміздің саябақта түскен фотосуретімізді салып жіберіпті. Жамбылдан келе салысымен диплом жұмысын жазып жатқан Кәдірбекті жатақханасынан таптым.

– Ау, данышпан, аман-сау жүрсің бе? Соңғы кезде Лениннің жылтыр басы сарғылыңған он сомдық сияқты көрінбей кеттің, – деді досым әдеті бойынша әзілге басып. – Бұл дүниеде Кәдірбек деген досыңның бар екенін ұмытпағаныңа шүкір дейік. Айтпақшы, елге барып қайтыпсың. Ондағылар аман-сау болар?

Екеуміз өткен-кеткенді айтып, біраз уақыт отырдық.

– Айтпақшы, ұмытып барады екенмін, – деді Кәдірбек мені жатақхананың алдына дейін шығарып салып тұрып. – Қырындап, ұнатып жүрген Сәулені сен жақсы танисың. Өзін Қызжібектен кем санамайтын сол бойжеткеннің ертең туған күнін бір шағындау кафеде өткізбекші, ары кетсе жиырма шақты студент болады. Мен ұнатқан сұлудың үріп ауызға салатындай бір құрбысы бар. Сол бойжеткен сен десе ары кет емес екен, өлердей жақсы көріп қалса керек. Сәуле қыз көрсе екі бетінің моншағы үзіліп, ұялатын досыңды ертіп кел деп екіүш өтініш айтты. Бұтыңдағы әбден есі кетіп, ескірген джинсыңды тастап, адам құсап, дұрыстап киініп кел. Ертең кешкі 18.00-де жатақхананың алдында күтемін.

– Құрдас, ғашығыңның туған күніне өзің бара берші, – дедім тартыншақтап, – ертең бір тығыз шаруам бар еді.

– Басты қатырма, «Шақырғаннан қалма, шақырмағанға барма» дегенді білесің бе өзің? Қыз десе тұра кеп қашасың. Осы сен қызтеке емессің бе, өзіңді дәрігерлерге көрсетіп, тексертіп алмасақ болатын емес. Жасың жиырма беске таяп қалды, ку тізеңді құшақтап жүре бересің бе? «Қызда болса үмітің, батылдау бол, жігітім!» деген ән бар емес пе? Давай, былжырағаныңды қой. Ертең күтемін.

Басқа басқа, Кәдірбектен қанша сылтау айтсаң да құтылу қиын. Ертесіне бір құшақ гүл, сыйлығымызды алып, Сәуленің туған күніне бардық. Ақ тілектер айтылып, өте көңілді отырдық. Кәдірбектің сүйіктісінің құрбысын бұрын да бір-екі рет көргенім бар. Аты – Жанар. Жаңылыспасам, ЖенПИ-дің үшінші курс студенті. Обалы не керек, қазақтың сүп-сүйкімді қызы. Байқаймын, мен десе көңілі ала бөтен, көзінің астымен анда-санда ұрланып қарап қояды. бір-екі билегенім болмаса, еш ыңғай таныта қоймадым. Менің құшағыма құлауға даяр отырған сұлу қыздың жанында отырып, алыстағы Айшаны ойладым. Жүрекке әмір жүрмейді деген осы.

Айша екеуміз үзбей хат жазысып тұрдық. Оның шын жүрекпен жазған сәлемдемесін оқығанда, әсем жыр жолдарын оқығандай боламын. Кеше кешкісін Кәдірбек келіп, миымды біраз шоқып кеткен.

– Сенің анау кәуектей басыңда тауықтың миындай ақыл болса, мынау қоңқиған мұрнымды кесіп беруге дайынмын. Ақымақ досым-ау, жігіт басыңмен Жанардан қашып жүргенің қалай? Қыз байғұс сені сүйгені үшін кінәлі ме? Байғұс қыз су құйылмаған гүлдей күннен-күнге солып барады. Менің пайымдауымша, еркек біткеннің бастары жұмыс істемейді. Данышпан бабаларымыз: «Сүйгеніңді емес, сені сүйгенді ал, сонда бақытты боласың» деп бекер айтпаған. Әй, сен оны түсінбейсің. Сенің журналистігіңнен, жазушылығыңнан не пайда?!

Күйіп-пісіп, мені біраз тұқыртып миландырған Кәдірбек: «Осының бәрін айтып отырған мен де ақымақпын», – деп қолын бір сілтеп, бөлмеден шығып кетті.

«Қайран досым-ай! Маған деген шынайы ақ көңіліңді білемін. Дос деген сендей-ақ болсын. Кейде дұрыс бол, өмірге көзіңді ашып қара, ертеңіңді ойла деп қатты-қатты айтасың. Мен де темірден емес, ет пен сүйектен жаралған пенденің бірімін. Иә, менің де жақсы жар сүйіп, бақытты болғым келеді. Бірақ, жүрегім қаламаған бойжеткенді босқа үміттендіргенім жігіттікке жата ма? Жанар да біреудің үкідей мәпелеп өсірген перзенті. Ол қарындасымның ерте ме, кеш пе шын махаббатын, бақытын табатынына мен сенімдімін. Адам баласы өзін-өзі алдап, өтірік сүйіп – бақытты бола алмайды. Бәріміздің өз таңдауымыз, жүрек қалауымыз бар. Мен сенің туған қарындасың Айшаны құлай сүйіп қалдым. Енді менің тағдырым сенің туған бауырыңның қолында. Сен әзірше мұны білмейсің. Ерте ме, кеш пе мені түсінетін боласың. Айшамен екеуміздің бақытты болуымызға қарсы болмайтыныңа сенемін, достым», – деп іштей күбірледім.

Айша екеуміз хабарласып, келе жатқан жаңа жылды бірге оқитын құрбыларымен бірге қарсы алуға сөз байластық. Жаңа жылға бір күн қалғанда, Жамбылға асығыс аттандым. Жатақхананың төртінші қабатына көтеріліп, Айша тұратын бөлменің есігін жүрексіне қақтым.

(Жалғасы бар).

ЖЕЛТОҚСАННЫҢ ҚҰРБАНДАРЫ МЕН ДҰШПАНДАРЫ

Қырық жыл қырғын болса да Киелі (ажалсыз) аман қалады.
Қазақ мақалы





Қазақ ССР Жоғарғы соты Пленумының
№____ ҚАУЛЫСЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ №5-I-92
Пленума Верховного суда Казахской ССР

19__ жылғы «____»
от «21» февраля 1992

Қазақ ССР Жоғарғы Соты Пленумы Қазақ ССР Жоғарғы Сотының төрағасы —
төрағалық етуінде
Пленум Верховного суда Казахской ССР под председательством Председателя Верховного суда Казахской ССР — т.Айтмухамбетова Т.К.
Қазақ ССР Бас прокуроры —
қатысуымен
с участием Генерального прокурора Казахской ССР — т.Туякбаева М.А.
Қазақ ССР Жоғарғы Сотының мүшесі,
Пленумның хатшысы —
хатшылығында
при секретаре Пленума,
члене Верховного суда Казахской ССР — т.Башаримовой Л.И.,
қарады
рассмотрел в заседании по протесту Генерального Прокурора Республики Казахстан дело в отношении Ташенова Т.Т., осужденного по ст.ст. 65 и 17, 173-I УК Казахской ССР,

ПОСТАНОВИЛ:

Приговор Судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Казахской ССР от 16 июня 1987г. и постановление Президиума того же суда от 18 мая 1990г. в отношении Ташенова Тугульбая Турмановича отменить и дело о нем прекратить за недоказанностью участия осужденного в совершении преступления.

Д. Ата, 1991. ТМВД 1281 - 500



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АДАМ ХҰҚЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ АЛМАТЫ - ХЕЛЬСИНКИ - ПАРИЖ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ КОМИТЕТІ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН ДЕМОКРАТИЧЕСКИЙ КОМИТЕТ ПО ЗАЩИТЕ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА АЛМА-АТА - ХЕЛЬСИНКИ-ПАРИЖ

486042, Шымкент қ., Полторацкий к., 3 Телефон 12-54-62
Е/ш(р/с) 000345032 Комбанк Таймбанк МФО 195801702

«13» декабря 1993 ж. № 104

ПРЕДСЕДАТЕЛЮ ВЕРХОВНОГО СУДА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
тов. АЙТМУХАНБЕТОВУ Т.К.
480091, Алматы, Айтеке Би №67

В порядке надзора.
(О фактах не выполнения протеста Верховного суда)

Согласно представленных нами на Ваше имя материалов-доказательств за № 91 от 16 апреля 1993 года "Об ошибочных толкованиях судебными органами области иска психобольного Кумисбекова".. Заместитель Председателя Верховного суда - Т.Айсиным от 7 июля 1993 года за № 3 Н / 359 опротестован:
-Решение народного суда Дзержинского (ныне Аль-Фарабинского) района г.Чимкента от 19 августа 1991 года и определение судебной коллегии по гражданским делам Чимкентского областного суда от 4 октября 1991 года отменено и данное дело возвращено на новое рассмотрение в суд первой инстанции.

Аль-Фарабийский нарсуд (судья Каримбаев С.К.) рассмотрев это дело за № 2-345 от 23 сентября 1993г., не выполнив ни одного условия, требование указанного протеста Верховного суда РК, не совершив никаких процессуальных действий, перекопировал в букву в букву, прежнего опротестованного решения этого же нарсуда от 19 августа 1991 года. Горько и смешно.

При рассмотрении этого вопроса, наши письменные доказательства, собранные свежие данные и просьба в защиту прав врачей психиаторов области и республики на которых посей день нападает группа шизафреников под руководством Кумисбекова, злоупотреблением их оскорблением первым судебным решением публично за то, что законное выполнение ими их служебной компетенции установленные законом. Все это вопреки требования статей 26,27,28 ГПК райнарсудом

Осы мақалдың мән-мағынасына қарап, барлық Құдырет пен Кие, келтірілген сөздерден бұрын сондай ой, сана мен сезімін тұжырымдап, белгілі бір жағдайға лайықты жүйеге келтіріп, келістіріп айтып, болашақ ұрпағына өсиет-өнеге етіп қалдырған ұлағатты Ата-бабаларымыз бен Ана-әжелеріміздің өздерінде болған-ау деп ойлаймын. Соныма мысал, ұнамсыз, жеритұғын үлгі ретінде, өздері бір Адамды алдымен "жала жауып қаралап" түрмеге қамап, кейінен "жағдай өзгергенде" өздері біз қателесіппіз жапқан жаламыздың "дәлелсіз" екенін анықтадық деп ақтаған Прокурор мен Сот және алдымен өзі Батыр деп мақтаған да, артынша "қылмыскер" екен деп даттаған Президент туралы тағылым боларлықтай, сот қаулысы мен ресми құжаттарға негізделген бір фактыны талқылап, талдауларыңызға ұсынамын.

Осыдан тура 34 жыл бұрын, яғни 1992 жылы ақпан айының 27 күні, Қазақ ССР Жоғарғы Соты пленумының 21 февраль 1992 N 5-1-92 Постановление деген құжат негізінде, Учреждение ИЧ 167/3, 27 февраля 1992 года, N 099454 Справка деген құжаттарының толтырылуына қатысып, Желтоқсан-86 көтерілісіне қатысты 10 жылға сотталған Ташенов Түгелбай Тұрманұлын аталған жазасын өтеу орнынан бостандыққа шығу сәтінде бірге болғанмын.

Ондай елеулі оқиға туралы қоғамды хабардар етіп, Желтоқсан-86-ның жазықсыз құрбаны Түгелбай Тұрманұлымен қоғамды қауыштырудың ұйымдық-техникалық жұмыстарын үйлестіру мен құжаттандыру іс-шараларын атқарғанмын.

Соларымды растау ретінде, Жоғарғы Сот пен қоғамдық ұйымдардың рәсімдеген құжаттарынан көшірмелер мен үзінділер ғана беруді жөн көрдім.

Тек алдын ала, жазалау кезінде істі қандай соттың қарағанын қайдам, ал Т.Ташеновты ақтау қаулысын Жоғарғы Сот төрағасы Т. К. Айтмұхамбетов қабылдаған екен.

Ал, адам құқығын қорғау жөніндегі "Алматы-Хельсинки-Париж" облыстық демократиялық комитетінің президенті Әбсейітов Райымбектің алғашында «Халық батыры» атағын беру керек деп мадақтай ұрандатып, артынша: «... не имеющий никакого отношения к делу, Ташенов Тугелбай проезжающий в Қаракалпакию, только что вышыдший из заключения, не далеко ущедший от своих предводителей", - дегенін ғана келтіріп, қажеттілігіне қарай, бұндай "былықпайлары" бар оқиғаларға алдағы уақытта оралармын» деп шештім.

Себебі, биылғы "От жалынды Жылқы" - 2026 жылы, "Желтоқсан-86" көтерілісінің болғанына-40 жыл толады.

Сондықтан жоғарыдағы құжаттар мен жарияланған "мақалдағыдай", сол кездегі "қырғыннан" аман қалған Түгелбай Тұрманұлындай тұрлаулы тұлғалар болса, өз бастарынан өткерген, көрген-білген қайғы-қасіреттері, қорлық-зорлық-зомбылықтары, екіжүзділіктері мен сатқындықтары, армантілектері болса, газет редакциясына хабарласуларына мүмкіндік пен уақыт та бар деп есептеймін.

Аманқұл КҮМІСБЕКҰЛЫ,
адам құқығын қорғау жөніндегі "Алматы-Хельсинки-Париж" облыстық демократиялық комитетінің сол кездегі жауапты хатшысы

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ҚАРАЛАТЫН ІСТЕРДІҢ ҮЛЕСІ САЛМАҒЫ АРТУДА

Өткен жылы Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі сотына түскен 18 917 істің, 16 851-і немесе 89 %-ы мемлекеттік тілде қаралған. Шымкент қаласының Қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық және Мамандандырылған қылмыстық істер жөніндегі, сондай-ақ Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі ауданаралық соттарында былтыр 2856 қылмыстық іс қаралып аяқталса, соның 2398-і, яғни 84 %-ы қазақ тілінде қаралған. Қаладағы тергеу сотына 5816 іс пен материалдар түссе, соның 4726-сы, яғни 81 %-ы мемлекеттік тілде қаралыпты. Егер осы көрсеткіштерге көз салсақ, қаладағы соттарға түсетін қылмыстық істердің 85 %-ға жуығы мемлекеттік тілде екендігін байқаймыз және мұны жақсы көрсеткіш деуге болады. Әрине, мұндай жоғары көрсеткіштің өздігінен бола салмағанын біреу білсе, енді біреулер білмейді. Оған кейінірек тоқталармын. Ал Азаматтық істер бойынша көрсеткіш бұдан төмендеу болып тұр.



Статистика бойынша былтыр Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық, Мамандандырылған экономикалық және Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі ауданаралық соттарына түскен 44 664 азаматтық істер қаралып, соның 21 768-і ғана, яғни 49% мемлекеттік тілде қаралған. Бұл көрсеткіштің төмендігінің басты себебі, ол соттарға түскен істердің көпшілігі орыс тілінде болғандығына байланысты болып отыр.

Өкінішке қарай, жергілікті соттарға түсетін азаматтық істердің мемлекеттік тілде орташа үлесі 45%-дың шамасында ғана болатыны бізді қынжылтады. Өйткені, сотқа талап қою беретіндердің 80 %-ға жуығы қазақтар. Осы ретте айтайын дегенім, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 14-бабына сәйкес азаматтық істерді қарау барысында сот ісін жүргізу тілі анықталады. Осы баптың екінші бөлігінде істі сот талқылауына дайындау кезінде екі тараптың да жазбаша өтініш-хаты бойынша сот ұйғарыммен сот ісін жүргізу тілін өзгертуге құқылы және ол туралы ұйғарым шығарады делінген. Аталған заң нормасын қолдана отырып, Азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотында 15 іс бойынша, Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 5 іс және Қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотында 9 іс бойыша сот ісін жүргізу орыс тілінен мемлекеттік тілге өзгертілген.

Бір мысалға тоқталсам, Азаматтық істер жөніндегі ауданаралық соты борышкер А.Досметовке қатысты жеке сот орындаушысы Е.Бердыбековтің борышкерге берілген құқықтардың қолданылуын тоқтата тұру туралы ұсынымын қарау барысында, сот орындаушының ҚР «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 8-бабы-нда көзделген тіл қағидатының талабын өрескел бұзғанын анықтаған. Бұл жерде соттың шешімі мемлекеттік тілде қабылданып, атқару парағы да қазақ тілінде берілгеніне қарамастан, сот орындаушының атқарушылық өндірісі орыс тілінде қозғалып, орыс тілінде жүргізілген.

Сондай-ақ, сотқа берілген ұсынымға тіркелген құжаттарын да орыс тілінде толтырған. Осылайша, қолданыстағы Заң талаптарының өрескел бұзылуына байланысты, Шымкент қаласының Жеке сот орындаушылары өңірлік палатасының басшысы мен жеке сот орындаушысы Е.Бердыбековтің тарапынан орын алған заң бұзушылық бойынша сот жеке ұйғарым шығарған. Алайда, ол соттың жеке ұйғарымымен келіспей, жеке шағым келтірген. Шымкент қалалық сотының Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2025 жылғы 4 желтоқсандағы ұйғарымымен соттың жеке ұйғарымы өзгеріссіз, ал сот орындаушының жеке шағымы қанағаттандырусыз қалдырылған.

Бұрын да және қазір де қалалық сот төрағасының өкімі негізінде құрылған Мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі жұмыс тобы қызмет атқаруда. Осы топтың жұмыс жоспарына сәйкес ай сайын қала соттарында мемлекеттік тілдің қолданылу жағдайына талдау жасалады. Бұл бағытта бірінші сатыдағы соттар, сот жүйесіндегі мемлекеттік тіл – қазақ тілінің қолданылу аясы мен оның өрісін кеңейту бойынша тиісті жұмыстарды атқаруда. Аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағаларына мемлекеттік тілді қолданудың жай-күйі туралы ақпараттық хат жолданып, ол бойынша нақты шаралар қабылдау тапсырылған.

Қалалық соттың ұйымдастыруымен былтыр наурыз айында «Сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілдің қолданысы: қазіргі жағдайы және дамыту жолдары» тақырыбында аудандық және оларға теңестірілген соттардың төрағалары мен судьяларының қатысуларымен семинар, ал қыркүйекте «Талап қоюды мемлекеттік тілде ұсыну» атты «дөңгелек үстел» мәжілісі өткізілді. Оған жергілікті соттардың төрағалары мен судьялары, адвокаттар, заң консультанттары, Шымкент қаласының Мәдениет, тілдерді дамыту басқармасының мамандары мен екінші деңгейлі банктер және микро-қаржылық ұйымдардың өкілдері қатысып, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру бойынша атқарылуы қажет шараларды бірлесе талқылап, осы бағыттағы жұмыстарды күшейту туралы қорытындыға келген болатын.

Мемлекеттік тілді дамыту және оны қолдану аясын кеңейту мақсатында баспасөз беттерінде жергілікті сот қызметкерлерінің: «Тілім менің – тірлігімнің айғағы», «Тіл – құқықтың тірегі, елдіктің негізі» және «Мемлекеттік тілдің деңгейін көтерейік!» атты т.б. мақалалар жарық көрді. Сондай-ақ «Zanmedia.kz», «Newqazaq.kz» ақпараттық сайттарында: «Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту», «Мәңгілік елдің – мәңгілік тілі!», «Мемлекеттік тіл тәуелсіз елдің негізгі қазығының бірі» тақырыптарында мақалалар жарияланды. Сонымен бірге «Мемлекеттік тілді қолдану мен дамыту» тақырыбында семинар сабағы және «Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі» атты «дөңгелек үстел» мәжілісі ұйымдастырылды. Алдағы уақытта қала соттарында мемлекеттік тілді дамыту мен оның қолданылу аясын кеңейту бағытындағы жүйелі жұмыстар жалғаса береді.

Тамара СМАЙЛОВА,
Шымкент қалалық сотының судьясы,
Мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі жұмыс тобының жетекшісі

133-БАП. САЛЫҚТАРДЫ, ТӨЛЕМАҚЫЛАРДЫ ЖӘНЕ ӨСІМПҰЛДЫ ТӨЛЕУ БОЙЫНША КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУ

1. Салықтарды, төлемақыларды және (немесе) өсімпұлды төлеу бойынша кейінге қалдыру (бұдан әрі осы тараудың мақсатында – кейінге қалдыру) – уәкілетті орган он екі айдан аспайтын мерзімге кейінге қалдыруды беретін деңгейлес мониторингке қатысушыны қоспағанда, салық органының алты айдан аспайтын мерзімге тиесілі сомаларды толық көлемде біржолғы төлеу үшін неғұрлым кешірек мерзімді белгілеуі арқылы салық төлеушіге салықтарды, төлемақыларды және (немесе) өсімпұлды төлеу мерзімін өзгерту.

Салықтарды, төлемақыларды және (немесе) өсімпұлды төлеу бойынша бөліп төлеу (бұдан әрі осы тараудың мақсатында – бөліп төлеу) – уәкілетті орган он екі айдан аспайтын мерзімге кейінге қалдыруды беретін деңгейлес мониторингке қатысушыны қоспағанда, салық органының отыз алты айдан аспайтын мерзімге өсімпұлдың тиесілі сомаларын тең үлестермен төлеудің кезеңдік (ай, тоқсан) мерзімін белгілеуі арқылы салық төлеушіге салықтарды, төлемақыларды және (немесе) өсімпұлды төлеу мерзімін өзгерту.

Кейінге қалдыруды (бөліп төлеуді) беру тәртібі мен шарттарын уәкілетті орган айқындайды.

2. Қаржылық жағдайы салықты және (немесе) төлемақыны белгіленген мерзімде төлеуге мүмкіндік бермейтін, алайда оларды төлеу мүмкіндігі кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу берілетін мерзім ішінде пайда болады деп пайымдауға жеткілікті негіздер бар салық төлеушіге салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу мынадай негіздердің бірі болғанда:

1) салық төлеушіге еңсерілмейтін күш (әлеуметтік, табиғи, техногендік, экологиялық сипаттағы төтенше жағдайлар, әскери іс-қимылдар және еңсерілмейтін күштің өзге де мән-жайлары) салдарынан залал келтірілген;

2) салық төлеушінің тауарларды өндіруі, жұмыстарды орындауы немесе қызметтерді көрсетуі және (немесе) өткізуі маусымдық сипатта болған;

3) дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрмайтын жеке тұлғаның мүліктік жағдайы (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндіріп алуға болмайтын мүлікті есепке алмағанда) салықты біржолғы төлеу мүмкіндігін жоққа шығаратын;

4) сот берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану туралы шешім қабылдаған;

5) салық төлеуші қызметінің негізгі түрі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес стратегиялық маңызы бар экономика саласына жататын;

6) салық төлеуші қосымша салықтық есептілік ұсынған;

7) салық төлеуші тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген салықтардың және (немесе) төлемақылардың есепке жазылған сомаларымен келіскен кезде берілуі мүмкін. Осы тармақшаның ережелері салық төлеуші ретінде тіркелген күнінен бастап кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді беру туралы өтініш берілген күнге дейінгі кезең бес жылдан кем болатын салық төлеушілерге қолданылмайды.

3. Кейінге қалдыру (бөліп төлеу) мынадай салықтарды:

1) төлем көзінен ұсталатын салықтарды;

2) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан импортталатын тауарларға акциздерді;

3) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан импортталатын тауарларға қосылған құн салығын;

4) қол қою бонусын;

5) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін салықтарды қоспағанда, ұсынылған салықтық есептілікке сәйкес салық төлеуші есептеген, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдардың деректері бойынша салықтық тексерулердің нәтижелері бойынша салық органы есепке жазған салықтарға, төлемақыларға және (немесе) өсімпұлға қолданылады.

Кейінге қалдыру (бөліп төлеу) мынадай:

- жер учаскелерін пайдаланғаны үшін;
- қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақылар бойынша беріледі.

Кейінге қалдыру (бөліп төлеу) бір немесе бірнеше салық және (немесе) төлемақы бойынша беріледі, сондай-ақ салықтың және (немесе) төлемақының төлеуге жататын барлық сомасына не оның бір бөлігіне қатысты берілуі мүмкін.

4. Кейінге қалдыру (бөліп төлеу):

1) деңгейлес мониторингке қатысушыға – мүлік кепілінсіз және банк кепілдігінсіз;

2) өзге салық төлеушіге:

- мүлік кепілінсіз және банк кепілдігінсіз;
- салық төлеушінің және (немесе) үшінші тұлғаның мүлкін кепілге қою арқылы және (немесе) банк кепілдігімен беріледі.

Калдаш Алиасқар,
Әл-Фараби ауданы кірістер басқармасының бас маманы

МҰРАГЕРЛІК ІС АШЫЛДЫ

2026 жылдың 18 ақпанында қайтыс болған **Турматова Зайнаб Курбанбаевна** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

ОТКРЫЛОСЬ НАСЛЕДСТВО

Умер **Штумф Владимир Федорович**, дата смерти: 29 декабря 2025 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Әділет
zhangyru@mail.ru
Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

Меншік иесі:
"Tacc-Media" ЖШС
директоры
Б. Т. БОТАБЕКОВ

Редакция алқасының төрағасы:
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ
(Алматы)
Бас редактор:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН
(Астана)
Редактор:
Қуанышбек БОТАБЕК

Ақпараттық қамсыздандыру және қауіпсіздік бөлімінің меңгерушісі:
Аманқұл КҮМІСБЕКҰЛЫ
Редакция алқасы:
Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК *(Алматы)*
Қали Сәрсенбай *(Алматы)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы, Театр к-сі, 31-үй.
Байланыс үшін тел: 8 (7252) 56-11-70,
+7 776 795 04 76
E-mail: **zhangyru@mail.ru**
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.
* Мақала жазбагерінің пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).
Газет ЖК "Print Sap" баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.
Айына үш рет жарық көреді.
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы
Таралымы - 1800 дана.
Тапсырыс - 431

• СЫН ТҮЗЕЛМЕЙ МІН ТҮЗЕЛМЕЙДІ



ӘДЕБИ СЫННЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Жиын барысында «Жүрек сөзі» мен «Сөз патшасы» кітаптарының мазмұнына да кеңінен тоқталды. «Жүрек сөзі» жинағына соңғы жылдары баспасөз бетінде жарық көрген эсселер, әдеби зерттеулер мен күнделік формасында берілген мөлтек сырлар енгені айтылды. Автор күнделік сипатындағы жазбаларында рухани өміріміздегі өзгерістерді таразылап, ұлттық рух пен өркениет кеңістігіндегі орнымыз туралы толғанады. Ал «Сөз патшасы» кітабына республикалық мерзімді басылымдарда жарияланған әдеби-сын мақалалар, эсселер мен сұхбаттар топтастырылған. Ел тағдырына қатысты мақалалары шынайылығымен ерекшеленетіні атап өтілді. «Толстойдың өмірі» аудармасы жөнінде де ерекше атап өтілді. Бұл еңбек – француз жазушысы, Нобель сыйлығының лауреаты Ромен Ролланның Лев Толстой туралы шығармасының қазақ тіліндегі аудармасы. Шара барысында тәржіманың маңызы мен оның қазақ оқырманы үшін танымдық құндылығы кеңінен талқыланды. Басқосу аясында кітапхананың YouTube платформасында жүзеге асырылып келе жатқан «Ашық әдеби лекция» жобасы туралы да сөз қозғалды. Аталған жобаны Амангелді Кеңшілікұлы жүргізеді. Жоба 2022 жылдың қазан айынан бастап тұрақты түрде жарияланып келеді және бүгінге дейін 50-ден астам лекция көрерменге ұсынылғаны айтылды. Бұл дәрістер қазақ және әлем әдебиетін кең аудиторияға түсінікті әрі танымдық форматта насихаттауға бағытталғаны атап өтілді.

Бүгінгі әдеби сын мәселесі кеңінен талқыланғанда Асқар Алтай өз естелігімен бөлісті: «Жұлдыз журналында сын бөлімінде Амангелдімен таныстым. Алғашқы сыни рецензия жазуға тапсырма бердім, және өте ерекше өз сыни көзқарасымен рецензия дайындап әкелді. Сол кезде оның алғашқы рецензиясын Мұхтар Мағауин ерекше бағалады». Бұл оқиға жас сыншының кәсіби қалыптасу жолындағы маңызды белес екені анық, һәм алғашқы. Мұхтар Мағауиннен мұндай баға алу – әдебиеттегі шеберлік пен жауапкершіліктің белгісі.

Жиында қазіргі әдеби сынның жай-күйі туралы да ойлар айтылды. Жолтай Әлмашұлы: «Әдебиет қоғамның бір бөлігі. Қазір әдебиет оқылмай жатыр дейміз, не үшін оқылмайды? Себебі біз оны сынамасақ, не жарытып мақтамасақ қайдан оқылады. Сын дегеніміз – әдеби сыншы дегеніміз – оқырманның, тіпті әдебиетшінің, жазушының өзі байқамағанды байқау, және оны сезіну. Сыншыл болу үшін әдебиетке ғашық болып туу керек, ғашық болып өсу керек, және солай өлу керек. Ал Амангелді солардың бірегейі», – деп ауқымды ой тастады. Бұл пікір мені де ойландырды: әдебиетке деген сүйіспеншілік болмаса, сын да, талдау да формальды сипатта қалады. Сыншы әдебиеттің жанын сезінуі тиіс, оны түйсінуі керек сонда ғана оның сөзі салмақты, ойы кесек болады.

Бүгінгі әдеби ортада жаңа көзқарас қалыптасып келеді. Жас зерттеушілер әдебиетті тек оқып қана қоймай, оны талдауға, пікір айтуға ұмтылуда. Бұл – қуанышты үрдіс. Әдеби сын дамымай, әдебиет те алға жылжымайды. Кеңшілікұлының еңбектері осы бағытта маңызды қадам деп санаймын: ол классикалық мұраны бүгінгі оқырманға жақындатып, сынның ғылыми-танымдық деңгейін көтеруге талпынады.

Бұл кездесу – қазақ әдеби ойының бүгінгі бағытын талқылаған мазмұнды әдеби-танымдық алаң болды. Амангелді Кеңшілікұлы еңбектері әдеби сынға жаңа көзқарас ұсынып, көркем сөзді талдаудың маңызын айқындады. Әдебиет – қоғамның рухани айнасы болса, сын сол айнадағы бейнені тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мұндай жиындар әдеби ортаның дамуына серпін беріп, пікір алмасу мәдениетін қалыптастырады. Кездесу барысында көтерілген ойлар қазақ сөз өнерінің жаңа ізденістермен толығып, жас зерттеушілердің белсенді араласуымен жаңаша тыныс алатынын көрсетті. Қазақ әдебиетінің қалыптасқан дәстүрін жалғастыру – бүгінгі буынның маңызды міндеті екені тағы бір мәрте айқындалды.

Асыл МЫРЗАҒАЛИЕВ,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

ТҮРКСОЙ-ДАҒЫ РАМАЗАН КЕШІ

Анкарада Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымы – TÜRKSOY ұйымдастырған ауызашар бағдарламасында Түркі әлемінің өкілдері қасиетті Рамазан айының рақым мен береке атмосферасында бас қосты.



Бағдарламаға TÜRKSOY Бас хатшысы Сұлтан Раевтің төрағалығымен Түркия Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары А. Беррис Экинчи, Қазақстан Республикасының Анкарадағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Еркебұлан Сапиев, Түрікменстанның Анкарадағы Елшісі Мекан Ишангулиев, Өзбекстан Республикасының Анкарадағы Елшісі Илхом Хайдаров, Солтүстік Кипр Түрік Республикасының Елшісі Исмет Корукоглу және Анкарадағы түркі республикаларының дипломатиялық миссия өкілдері қатысты.

Сондай-ақ шараға МНР партиясы Төрағасының орынбасары, Самсун депутаты профессор, доктор Ілияс Топсакал, AK Parti партиясы Төрағасының орынбасары әрі Түркі мемлекеттерімен байланыстар жөніндегі төраға профессор, доктор Күршад Зорлу, Ататүрік Мәдениет, Тіл және Тарих Жоғары Кеңесінің төрағасы профессор, доктор Б.Е. Дерья Өрс, Анкара Әлеуметтік ғылымдар университетінің ректоры профессор, доктор Муса Казым Арыжан, Анкара Музыка және Бейнелеу өнері университетінің ректоры профессор, доктор Эрхан Өзден, Юнус Эмре институтының төрағасы профессор, доктор Абдуррахман Алий, Түркия Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Орталық Азия және Түркі мемлекеттері ұйымы жөніндегі бас директоры, Елші Тоған Орал, МНР Төрағасының бас кеңесшісі және Ахмед Жавад институтының төрағасы профессор, доктор Рухи Эрсой, Түрік тіл қоғамының төрағасы профессор, доктор Осман Мерт, ЮНЕСКО Түркия ұлттық комиссиясының төрағасы Өджал Огуз, ASBÜ Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы Билал Чакыджы және TRT Avaz үйлестіруші орынбасары Зафер Текин қатысты.

Бағдарлама Ахмет Хамди Аксеки мешітінің азаншысы әрі қайымы Гүркан Чигдемнің Құран Кәрім тилауатымен басталды. Оқылған аяттардан кейін ақшам азаны айтылып, оразалар ашылды. Рамазан айының рухына сай қарапайымдылық сақталған дастарханда Түркістанның берекесін білдіретін Түркістан палауы ұсынылды. 2026 жылғы Түркі әлемінің мәдени астанасы болып жарияланған Әндіжаннан арнайы әкелінген күрішten дайындалған палау бір қазанның маңына жиналудың және ортақ мәдениеттің символына айналды.

Қонақтарды қарсы алған TÜRKSOY Бас хатшысы Сұлтан Раев ұйым ғимараты тек жұмыс орны ғана емес, Түркі әлемінің Анкарадағы сөнбес ошағы екенін атап өтті. Ол өз сөзінде: «Біз үшін Рамазан – тек ораза айы ғана емес, ортақ жадымыз сақталатын тағылым мектебі. Бүгін осы қазанның басында әртүрлі елдерден келген әріптестеріміздің еңбегімен дайындалған бұл палау – Ферғананың берекесін, Түркістанның рухын және ғасырлар бойғы сапарымыздың естелігін жеткізеді. Өркениет оты оны тірі ұстағанда ғана жанады, ал бауырластық бір үзім нанды бөліскен сайын тереңдей түседі», – деді.

Бауырластық және ортақ құндылықтар. Түркі республикаларының Анкарадағы миссия басшылары атынан сөз сөйлеген Қазақстанның Елшісі Еркебұлан Сапиев TÜRKSOY-дың «ортақ үй» ретіндегі маңызын атап өтіп:

«Бүгін біз жай ғана ауызашарға емес, шынайы бауырластық атмосферасына куә болып отырмыз. Түркістан палауы – бәрімізге ортақ дәм. Осындай берекелі дастархан жайған ақсақалымыз Сұлтан Раевке алғысымды білдіремін», – деді.

Түркия Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары, Елші А. Беррис Экинчи өз сөзінде TÜRKSOY-дың мәдени бірлікті нығайтудағы ерекше рөлін атап өтті. Ол Анкараның 2026 жылғы Түркі әлемінің туризм астанасы болып белгіленгенін еске салып, түркі ынтымақтастығы архитектурасының күн сайын күшейіп келе жатқанын айтты.

Академиядан саясатқа дейін – Түркі әлемі көзқарасы. МНР Төрағасының орынбасары және Шыңғыс Айтматов институтының төрағасы профессор, доктор Ілияс Топсакал Түркі әлемінің ортақ әліпби жолындағы қадамдарына тоқталып: «1928 жылы Анадолы түріктері латын әліпбиіне өткенде, қырғыз бауырларымыз Манас дастанын дереу латын қарпіне аударған еді. Бұл – миссияның айқын көрінісі. Бүгін бізге сол мұраны иыққа алып, алға жылжыту міндеті жүктелген», – деді.

AK Parti Төрағасының орынбасары профессор, доктор Күршад Зорлу Түркі мемлекеттерімен байланыстар төрағалығының бір жылдығын атап өтіп, Түркі әлемі жөніндегі Көзқарас құжатының маңыздылығына тоқталды және алдағы Наурыз мерекесіне қатысты Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісіндегі бастамалар жайында сүйінші хабар жеткізді.

Қасиетті Рамазан айының рухани атмосферасында өткен бұл кездесу Анкарадағы Түркі әлемінің құтты шаңырағы – TÜRKSOY аясында бірлік, ынтымақ және бауырластық рухымен қорытындыланды. Бағдарлама қатысушылардың өзара ізгі тілектері мен Рамазан айына арналған ақжарма тілектерімен аяқталды.

Ержан УӘЙІС,
«Әділеттің» Түркиядағы арнаулы тілшісі

АЛМАТЫДА УАҚЫТ КАПСУЛАСЫ ҚОЙЫЛДЫ:

Қазақстан толық циклді кремний кластері жобасын іске қосты

Кеше Алматы қаласындағы «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағында (АЭА «ИТП») 2030 жылға дейінгі уақыт капсуласын салтанатты түрде қою рәсімі өтті. Бұл шара Қазақстанда кремний кластерін дамыту жобасының практикалық кезеңге өткенін білдіретін маңызды тарихи оқиға болды.



Жоба елімізде жоғары технологиялық өндірістің толық циклін қалыптастыруды көздейді. Өндірістік тізбек келесі бағыттарды қамтиды:

– желілік кварц өндіру;
– металлургиялық кремний өндіру;
– поликристалдық кремний өндіру;
– монокристалдық кремний өсіру;
– жартылай өткізгіш пластиналар (wafer) өндіру;
– фотоэлектрлік элементтер шығару;
– күн панельдерін өндіру.

2026 жылдың қазан айына дейін АЭА «ИТП» аумағында жылына 1 ГВт жартылай өткізгіш пластиналар өндіретін зауыт салу жоспарланып отыр. Кейін өндіріс қуатын 2 ГВт-қа дейін ұлғайту көзделген. Бұл бастама Қазақстанды Орталық Азиядағы жоғары технологиялық материалдар өндірісінің жетекші орталығына айналдыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясымен бірлесіп кремнийді 99,9999999999% (12N) деңгейіне дейін терең тазарту зертханасын құру жоспарланған. Мұндай жоғары тазалықтағы кремний әлемде сирек өндіріледі және стратегиялық маңызы бар салаларда қолданылады:

– микроэлектроника және интегралдық схемалар өндірісі;
– кванттық технологиялар;
– фотоника және оптоэлектроника;
– ғарыш және қорғаныс электроникасы.

Бұл жоба Қазақстан ғылымы мен өнеркәсібінің жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін көрсетеді.

Уақыт капсуласын қою рәсіміне ғылыми және өндірістік саланың өкілдері қатысты. Олардың қатарында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының президенті Ахылбек Қажыұлы Күрішбаев, академик, физика-математика ғылымдарының докторы Асқар Серкұлұлы Жұмаділдаев, АЭА «ИТП» бас директоры Алмас Үскенбайұлы Мадиев және жобаның бастамашысы, «DOC Co. LTD» ЖШС бас директоры Мұрат Құсманұлы Рахимжанов бар.

Кремний кластерін дамыту жобасы – Қазақстанның технологиялық тәуелсіздігін нығайтуға бағытталған ауқымды бастама. Жоба жүзеге асқан жағдайда, ел экономикасында жоғары қосылған құны бар өнім өндірісі артып, ғылыми-зерттеу әлеуеті мен өнеркәсіптік кооперация жаңа деңгейге көтеріледі.

2030 жылға дейінгі уақыт капсуласы – бүгін басталған индустриялық серпілістің символы. Ол болашақ ұрпаққа еліміздің ғылым мен технология саласындағы батыл қадамдарының айғағы болмақ.

ПОЛЬШАДАҒЫ ОҚУ НЕСІМЕН ЕРЕКШЕ?

Қазірде білім беру процесіндегі маңызды жобалардың бірі – академиялық ұтқырлық бағдарламасы. Жастарға шетелде уақытша білім алуға, тұлғалық және кәсіби дамуына септігін тигізер бағдарламаның берер мүмкіндігі де көп. Қоғамда "білім миграциясы" аталған мұндай құбылыс – бүгінгі қажеттілік. Осы мақсатта жақында Польша Республикасының Варшава университетінде оқып, Еуропалық білім беру жүйесімен танысу сәті түсті.



2026 жылғы QS World University Rankings қорытындысына сәйкес, Варшава университеті 271-орында. 1816 жылы ашылған оқу орны Польшадағы ең үздік әрі беделді университеті саналады. Мұнда 100-ден аса гуманитарлық, әлеуметтік және жаратылыстану бағыттары бойынша оқу бағдарламалары қолжетімді. Еуропада, осы университет қабырғасында өткізген 5 ай уақыт жаңа біліммен қатар, мәдени тәжірибе мен өмірлік дағдыларды меңгеруге ықпал етті.

UW-де оқудың ерекшелігі, тек теориялық біліммен шектелмей, тәжірибелік дағдыларға да басымдық танытады. Студенттердің жеке пікірлері мен зерттеулеріне үлкен мән беріледі. Оқыту процесінде ең маңыздысы – кері байланыс орнату. Курс материалдарын терең талқылау, топтық жұмыстар, зерттеулер мен жобалар арқылы өз пікіріңді қорғай білу дағдыларын меңгеру маңызды орын алады.

Халықаралық журналистика мамандығын таңдаған әрі қызығушылығымыз бір ортамен етене араласу да дүниетанымымды арттырмай қоймады. Академиялық орта сыни ойлауды, әр талқылау жаңа ой мен көзқарасты ұсынды. Семинарлар мен конференцияларға қатысып, өз саламдағы әріптестерім мен тәлімгерлерімнен ғана емес, өзге сала ғалымдары бөліскен идеялардың алуан түрлілігінен де көп дүниені сіңіріп қайттым. Корея, Испания, Италия, Германия секілді мемлекеттерден келген студенттермен тілдесу барысында халықаралық медианың ерекшеліктері мен Қазақстанмен айырмашылығы туралы салыстырмалы талдау өз мамандығыма қатысты түсінікті тереңдете түсті.

Студенттерді ғылымға ынталандыратын бір тетік ретінде байқағаным, мұнда кітапханалардың жұмысына айтарлықтай көңіл бөлінеді. Кітапхана тек кітап қоры, білім қойнауы ғана емес, интеллектуалды орта, ол 24 сағат, аптасына 7 күн жұмыс істейді. Қайнап жатқан тіршілік, әр бөлмесінде зерттеу методологиясы, сандық зерттеуде қолданылатын бағдарламалар, статистикалық талдау, өзге де бағытта шеберлік сағаттары өткізіледі. Бұл – отандық білім беру жүйесіне үлгі боларлық тәжірибелердің бірі.

Десе де, шетелдік университеттердің артықшылықтарымен бірге, кемшіліктері де бар. Бұларда студенттердің сырт киімін шешпеуі – қалыпты әдет. Қандай әдемі зал, жып-жылы аудитория болса да, көпшілік кейде сырт киімін шешпестен отыра салады. Ол аздай заттарын жан-жағына іліп қоя салады. Сосын профессордың дәрісі барысында еш ескертпестен тұрып, сыртқа шығып келу және қанша уақытқа кеткенін есепке алмау студенттер үшін үйреншікті саналады. Себебі университетте бейнебақылау камералары да аз. Осы тұрғыдан алғанда біздің елде қалыптасқан тәртіп жинақырақ әрі жарасымдырақ көрінді.

Өзім білім алып жатқан университетпен салыстырар болсақ, әу басында тапсырмалар аз беріліп, оқу процесі оңай болып көрінді. Алайда бұл тек уақытша оқуға келген студенттерге ғана қатысты екен. Негізінде Болон процесіне сай толықтай бакалавр не магистратураға оқуға түскендер үшін теориялық та, практикалық та тапсырмалар көптеп беріледі. Дегенмен бұл процесс білім беру жүйесінде алшақтық тудыратындай. Шетелдік әріптестерімнің тарапынан да осы сынды пікірлер естідім.

Озық тәжірибесімен бірге, олқылығы да қатар бар Еуропалық білім беруді мүмкіндік деп бағалау маңызды. Бұл – елдегі мамандардың әлемдік білім мен ғылым кеңістігіне интеграциялануы арқылы елді дамыту тетігі, сондай-ақ отандық университеттердің халықаралық талаптарға сай жетілуге бағыттайды әрі студенттердің академиялық белсенділігін арттырады.

Индира БЕРЖАНОВА,
ЕҰУ-нің Халықаралық журналистика тобының 2-курс магистранты